

**Ж.С. ТАЛАСПАЕВА**

**ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ  
ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ  
ТЛДК ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН  
КОНЦЕПТУАЛДЫҚ ӨРІСІ**



82.09  
T16  
B

22/VII 22 Coquimbo SA

**Ж.ТАЛАСПАЕВА**

**ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ  
ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ  
ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ  
МЕН КОНЦЕПТУАЛДЫҚ ӨРІСІ**

С Мерзанов анында 2017  
облыстық кітапхана да  
сөзбасшылық  
27 03. 2018.  
*Жаныбек*

**Петропавл  
2018**

**ӘОЖ 811.512.122(075.32)**

**КБЖ 81.2 Қаз-923**

**T16**

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің

Ғылыми кенесінің шешімі бойынша баспадан шығарылды.

(№ 5 хаттама 02.11.2017ж.)

**Пікірсарапшылар:**

Филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Есембеков

Филология ғылымдарының докторы, профессор Д.Әлкебаева

Филология ғылымдарының докторы, профессор Н.Жұсіпов

**Таласпаева Ж.С.**

**T16** Қожаберген жырау шығармаларының тілдік ерекшелігі мен  
концептуалдық өрісі: Монография. – Петропавл қаласы: М. Қозыбаев  
атындағы СҚМУ , 2018. – 160 б.

**ISBN 978-601-7241-20-9**

Еңбекте Солтүстік - Қазақстан өнірінің тумасы, казак халқының ХVII ғ.  
екінші жартысы мен ХVIII ғ. бірінші жартысында өмір сурген ақын-жырау,  
әнші, күйші, сазгер және халық батырларының бірі – Қожаберген жыраудың  
мұрасы концептуалдық тұрғыдан талданып, шығармаларының  
лингвостилистикалық сипаты айқындалады. Жыраудың шығармашылық  
болмысы мен таным деңгейін, суреткерлік шеберлігін танытатын көркемдік  
тәсілдер нысанға алынады. Монография филология мамандығының  
студенттері мен магистранттарына, оқытушыларға, жалпы көркем шығарма  
тілін зерттеуге қызығушылық танытатын ізденушілерге арналады.


*k - 53 692*

**ӘОЖ 811.512.122(075.32)**

**КБЖ 81.2 Қаз-923**

**ISBN 978-601-7241-20-9**

© Таласпаева Ж.С..2018



## KIPICPE

Қазақ хандығының құрылымп, енсели ел болып, төл ақебиетіміздің калыптасқан кезеңі – XY ғасырдан бастау алады. Осы кезеңде қазақ әдебиеті мен тарихы жыршы-жыраулармен тоғызып, өз шығармалары арқылы халқымыздың сол заманда басынан кешірген талай дүрбелен сәттерін көз алдымызға алып келеді. Жыраулар поэзиясының көшін бастаған атакты Асан Қайғы жырау десек, іле шала қазақ топырағында елін, жерін қызғыштай корыған Солтүстік өнірінін тұмасы, қазақ халқының XYII ғасырдың екінші жартысы мен XYIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген ақын-жырау, әнші, күйші, сазгер, баһадүр – Кожаберген Толыбайсыншыұлы мұрасы да уақыт пен заманға сай эр қырынан талданып, зерделенуде. Өнегесі мен тәрбиесі ұшан-теніз, орак ауыз, от тілді би, шешен, ел корғаны болған тұлғалар тарихын жас үрпакка дәріптеу аса қажет дүние. Атакты жырау, замана дұлдулі халқына киын-қыстау күн туғанда, жанын шүберекке түйіп, ел үшін жанын піда еткен, қазақка қырғидай тиген «Актабан шұбырынды – Алқакөл сұлама» апатын да бастан кешті. Жырау сол бір кездегі заман жағдайын, халқының басынан өткерген ауыр қайғыны, шермұнды өз шығармаларына арқау етіп, дастан етіп төгілті.

Бүтінде тарихымыз, салт-дәстүріміз зерделеніп, жинақталуда, кен мазмұнды кітаптар, әдеби зерттеулер жарық көре бастады. «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында белгілі ғальымдар мен қаламгерлердің атсалысуымен Кожаберген жыраудың өмірі мен шығармашылық жолына, қазақ тарихы мен әдебиетінде алатын орны туралы енбектер жазылды. Дегенмен, жырау поэзиясының стильдік ерекшелігі мен сөз салтау мәнерін үлкен зерттеу нысанына айналдырған, жүйелі турде қарастырылған зерттеулер әлі де көріне койған жок. Сол себепті, баһадүр жыраудың поэзиялық шығармаларында көркемдегіш-суреттегіш құралдардың қолданылуына, тілдік ерекшелігіне, концептлерді қолдану дәрежесіне, көркемдік шеберлігіне қажетті деңгейде барынша назар аудару, зерттеу казіргі таңда тіл тарихында өзекті мәселе болып табылады. Жырау танымындағы басты ұғымдарға түсініктеме беріп, шығармаларына лингвостилистикалық талдау жасау такырыптың өзектілігін танытуда және оны насиҳаттап, жариялауда үлкен итің.

# **1 ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ ШЫГАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ СИПАТЫ**

## **1.1 Қожаберген жырау дастандарының зерттелуі тарихы**

Қазак халқының әдебиет тарихында жыраулық дәстүрдің алатын орны ерекше. Ауыз әдебиеті мен жазба мәдениетіміздің арасын жалғайтын алтын көпір ретінде XY-XIX ғасырларда туып қалыптасқан жыраулар шығармашылығы казак халқының шешендік, сұрыпсалма қасиеттерін, әншілік өнерін, философиялық терен даналығын бойына сініріп, кейінгіге жеткізген тұтас бір дәуірдегі ұлттық рухани, мәдени болмысымызды танытатын ерекше феномен.

Қазак поэзиясының жана сатыға көтерілуі, акындық шеберліктің шындала түсіүі, зерделі ой мен сыншыл көзкарастың шарықтауы осы кезеңнің жемісі болды. Жыраулар тудырган поэтикалық тіл бір ғана тілдің, бір ғана мәдениеттің немесе бір дәуірдің, бір автордың тілдік күбылышы түрінде емес, тұтас адамзаттық мәдениет пен өркениеттің, философиялық ойлау үрдісінің құрылымы аясында каралып, жырауларды әрі мәдени, әрі тарихи-коғамдық, рухани-танымдық тұлға деп танытады. Жыраулар поэтикасы арқылы біз өткенге шолу жасап, өз тарихымызды, әдебиетімізді қайта жаңғыртқандай боламыз. Болашақ ұрпакқа елдік мәселелерді насиҳаттауға мүмкіндік аламыз. Жыраулар тудырган поэтикалық тіл бір ғана тілдің, бір ғана мәдениеттің немесе бір дәуірдің, бір автордың тілдік күбылышы түрінде емес, тұтас адамзаттық мәдениет пен өркениеттің, философиялық ойлау үрдісінің құрылымы аясында каралып, жырауларды әрі мәдени, әрі тарихи-коғамдық, рухани-танымдық тұлға деп танытады.

Жырау поэзиясының негізгі жанры – tolғau. Толғаулардың дені XY-XVII ғасыр және XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген жыраулардың мұраларына тән, ал толғаулардың басым

шоғырлік әлеуметтік сарында айтылады. Осы жерде қайшылыққа көзделсеміз. XY-XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүріп, тоңғау түріндегі шығармаларды өмірге әкелген жыраулардың мұраларын кай жанрға жатқызу керек? Академик К.Жұмалиев тоңғауды лирикалық шығармаларға жакын екенін айтЫП өтеді. Қынаптың тағы бір қасиеті, өмірдегі кез-келген болмашы шарседен үлкен ой туюінде болса керек. Ол болмашы нәрсені үарлығы көреді, бірақ анғармайды, тылсым құпиясын сезінбейді. Сөзгөн күнде де мән бермейді. Түймедейді түйедей қылудың екі жақты қасиеті бар. Оны жамандық жолға салсан, ел құйзелісіне, қайғысына әкеледі. Жақсылық бағытқа ұстансан, даналық биікке көтереді. Қазак даналары осы бағытты ұстанды. Нәтижесінде ел иілігіне айналуымен катар қазақ халқының мәнгі өлмейтін адаптеренттерінің катарынан орын алды [1, 68 б.].

Жырау сөзі де осыған жақын. Жыраудың өмірлік кредитінек жыр шығару емес. Ақыл айту, өсиет калдыру, халыкты бірлікке, ынтымакка шакыру, келешекті болжау. Демек, «жырау» сөзі «дана» сөзімен синонимдес. Данагөйдің мақсаты – тарихты терең бағамдап келісімді ойын айту, елге сара жол көрсету. Онда женіл сөз бен желең ой болмайды. Салмақты тұжырым, салихалы пайымдау – данагөйдің негізгі каруы. Сондыктан халық оны құрметтеген, өмірде пір тұткан.

«Жырау, демек, акын деу емес. Жыраудың акын атаулыдан, жыршыдан бөлек өз жанры бар. Жыраудың мақсаты, міндеті – не болса сол, көніл ашар, әлдене дерлік сөзді айту емес. Ол заман сынын, мезгіл, дәуір болжамын, тарихи оқиғаның мазмұнын, бағасын сөз қылады. Көбінесе, әрі жырау, әрі би болады». М.Әуезовтің осы пікірі жыраудың бүкіл табиғатын ашып түр емес пе? [2, 195 б.]. Демек, «жырау» атауы кез келгеннің еншісіне бұйырмадан дәреже.

Не нәрсенің табиғатын білмей, оны терең түсінбей, түбіріне терең бойламай мағынасын ашам деу бос әурешілік. Мұндай ойға жетелеген басты себеп жыраулық поэзияның сырын ұғудағы жіберіліп келген кемшіліктер. Әр замандағы

тарихи оқиғалардың өз ерекшелігі болатыны іспеттес, әдеби туындылардың да өз ерекшеліктері болатыны занды құбылыс. Әйтпегенде әдебиетіміз дамудан калып, жансыз, бір текстес, солғынқы күй кешкен болар еді. Жыраулар поэзиясы – сахара поэзиясы. Жыраулар поэзиясы сол сахараға тән еркін, ұшықыры жок, сан катпарлы поэзияның озық үлгісі. «ХV-ХVІІ ғасырлар поэзиясын оқығанымызды, бейне бір жарқ-жұрқ етіп алыстап кеткен наизағай оттарының жарқылы көз алдымызды келеді. Соншалықты тәуелсіз, тентек поэзия сіздің ойынызды еріксіз баурап алады. Бұнда провансальдық лирика жок, жандым-күйдім кездеспейді, алласпаннан да анағұрлым өткір сөздің жүзі жалт-жұлт етеді, танымасына, табынбасына коймайды. Кейде түр, мазмұн жағынан бірін-бірі қайталап кететіні бар, бірақ жалыктырмайды, тап жазып, бас та катырмайды. Сөздерінің орнықтылығы сондай ұстанын колымен калаған кірпішіндегі келісті киуласып көз жанарын қуантады», - дейтін Ө.Күмісбаевтың жырауларға байланысты айтқан пікірі жоғарғы пафоспен айтылса да шынайы танқалыстан туған ой екендігі анық [3, 155 б.].

ХV-ХVІІ ғасыр поэзиясы әдебиет шенберінен шығып, қоғамдық сипатка ие болды. Осы кезеңде ел бастаған хандардың төнірегінде журіп, тарихи оқиғаларды жырлаумен катар, ақыл-өсиет айтуши, ақыл-кенесші, қоғамдық құрылышқа баға беруші, ал қажет жағдайда ел басқарушының іс-әрекетіне сын айтуши бола білді. «Жыраулық өнер өзінің табиғи даму барысында ежелгі түркі әдебиетіне тән жалпылама өсиет, ғибрат айту шенберінен шығып, қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірді білдіретін, құллі қазақ елінің тынысын анғартатын қоғамдық күшке айналды», - деген Н.Келімбетовтың пікірі біздің жыраулар жайлы ойымызды кенейте түседі [4, 250 б.].

Жыраулар поэзиясының басым көпшілігі әлеуметтік мәселе төнірегінде өрбіп отырады. «Әлеумет» сезінің мағынасы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «ел, жұрт, қоғам, мемлекет», ал «әлеуметтік» сезі «қоғамдық» деген ұғымды

переді [5, 87 б.]. Сонымен, әлеуметтік мәселе дегенді қалай іүсініміз керек? Әдебиет, соның ішінде поэзия, қоғамда болып жаткан тарихи ақиқатты суреттеп, соның ащысы мен тұщысын, қоғамдық рөлін бейнелейтін құрал түрі. Қоғамда жалғандықка да орын беріліп отырады. Бірак уақыт өте келе бұл сиякты орекеттер халық қемегімен қоғамнан аластатылады. Демек, қоғам тек шындықты, турашылдықты, адалдықты қолдайды. Қоғам халықтан құралады. Халықсыз қоғам болуы мүмкін емес. Егер «әлеуметтік» сезін «халықтық» сезі деп алатын болсак, онда жырау шығармаларындағы басты такырып халық, оның болашағы, дамуы болады деген сөз. Жыраулар поэзиясындағы жыр-толғау жанрларына байланысты ғылыми зерттеулер де біршама жарық көрді. Қазактың белді ғалымдары А.Байтұрсынов, Е.Ысмайилов, К.Жұмалиев, Р.Бердібай, М.Жармұхамедов, Б.Абылқасымов т.б. толғау жанрына байланысты сүбелі ойларын ортаға салып, оның жанрлық, тарихи, тілдік сипатын ашып берді. Жыраулық дәстүрдің табиғи болмысы мен авторлары, әдеби сипаты жайлы аз айтылып келген жок. Оның казак поэзиясында алатын орны, дамуы мен оркендеуіне қосқан улес салмағы жайлы М.Әуезов, М.Мағауин т.б. жазушы, ғалымдардың құнды енбектері жарық көрді. Әйтсе де жыраулар поэзиясындағы таным, олардың шығармаларының тілі, көркемдік ерекшеліктері, қазіргі таңда зерттеу нысанына айналып келе жаткан концептілік сипаты жағынан, толғаулардың әлеуметтік-философиялық мәні әлі де арнайы карастырылып, ашылмаған тәрізді. Жырау мұралары тегіс жиналышп, толық нұскалары әлі де болса табылмағанымен, жалпы шыққан тегі, өскен ортасы, шығармаларының шығу тарихы жайлы азды-көпті енбектер жазылып, зерттеу нысанына айналып келе жатқаны сезсіз.

ХV-ХVІІІ ғасыр поэзиясы әдебиет шенберінен шығып, қоғамдық сипатка ие болғанын жоғарыда атап көрсеттік. Осы кезенде ел бастаған хандардың төнірегінде журіп, тарихи оқиғаларды жырлаумен катар, колбасшы, акыл-өсінет айтушы,

акыл-кенесші, тіпті қолдарына қаруладын алып «Абылайлап!» жауына аттанған жыраулардан кенде емеспіз. Сондай үлкен дарын иесі, жырау, күйші, сазгер, балуан, мерген, саятши, шебер, батыр Қызылжар өнірінің тумасы – Кожаберген жырау Толыбайсыншыұлы еді. Ол 1663 жылы казіргі Солтустік Қазакстан облысы Жамбыл ауданындағы Благовещенка селосы орналаскан жерде «Толыбай сыншы карагайы» деген орманның койнауында, батырлар мекенінде дүниеге келген. (Кейбір деректерде Богдановка селосы жаңындағы Гүлтөбе деген жер деп те көрсетеді). Жыраудың дүниеге келген туған жері жайында өзінің «Дала-бесік» атты кітабында коғам қайраткері, белгілі журналист Жарасбай Сүлейменов: «Әркайсыы бір бір елдің мандайына татырлық санлактарды құндактаған, алыштарға алтын бесік болған, акселеуі айшық ашқан, жусаны жұпар шашқан, көлдері төңкөрілген, қайын-терегімен көмкөрілген, перзенттеріне кенпейіл мінез, кесек тұлғасын дарыткан казыналы топыракқа халық «Гүлтөбе» деп ат койып, айдар тағыпты. Гүлтөбе – Толыбай сыншының, Кожаберген жыраудың, Сегіз серінің атамекені, туған жері, өскен елі. Ендеше, талантты табиғат тудыратының бұдан асыра айғақтау мүмкін бе өзі?! ... Кожабергеннің туған жерінде шок-шок бол калампыр иісті алқызыл гүлдер өскен, Толыбай сыншының гүлтөбесі содан шыккан», - деп жазған болатын. Кожабергеннің атақты болып, батыр, жырау атануына онын арғы ата тегі себеп болды. Орта жүздің Керей руынан тарайтын Толыбай сыншы да, XYI ғасырдың екінші жартысы мен XYII ғасырдың бірінші ширегінде өмір сүрген Дәулен де (Толыбайдың әкесі), арғы атасы Көшебе де батыр болған. Кожабергеннің:

Арғы атам ту ұстаған ер Көшебе,  
Қай батыр тен келіпті Көшебеге.

немесе:

Ол соғыс Есімханның тұсында өткен,  
Қалмакты Дәулен атам кырған шеттен [6, 406 б.], -  
шүі де содан.

Өзінің туған жері туралы:  
Баяндау шындық істі болар дұрыс,  
Қызылжар уәлаяты біздін ұлыс.  
Көргенім жас шағымнан қанды майдан,  
Өтті ғой басымыздан талай ұрыс, - деп толғайды.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіздігіміздің көк туы жолбірегелі халқымыздың мол ұлттық мұраларын зерттеп, қостүрі мен салтын, әдебиеті мен мәдениетін, тарихы мен сан алуан ескерткіштерін қайта орнына келтіріп, ұмытылған дуниені қайта жаңғырту иғі іске айнала бастағаны ҳақ.

«Біздін заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы», -деп А.Байтұрсынов айтқандай, біздін кешегі күніміз ерен ерлікке толы. Тәуелсіздік алған күнге дейін халқымыздың сан ғасырлық аумалы-төкпелі тағдыры, арманы мен ансары, арпалысқа толы күресі жатыр. Осының бәрі – төл тарихымыздың қастерлі парактары, касіретті тағдыры. Тәуелсіз мемлекетімізді тәрткүл дүние танып, тарихымызды түгенде жатқан кезеңде еліміздің бостандығы мен береке-бірлігін әлімсактан ойлаған баһадүр бабаларымыздың есімдері мен қадір-қасиетке толы өмір жолдарын бүгінгі жас буынның біліп осуі парыз. Бұл орайда, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың жасаған «Мәдени мұра» бағдарламасының тигізген септігі мол. Бұл жоба аясында талай бай мұраларымыз зерттелді, келер жас ұрпаққа мирас болып қалатын ұлы ата-бабаларымыздың енбектері қайта жаңғыртылды, қайта ата тарихымызды таразылайтын сәт туды. Үш жүздің басын косқан ер Абылайдың Қызылжар қаласындағы ордасы қалпына келтірілді. Айыртау ауданының Сырымбет корымындағы Ш.Уәлихановтың мемориалдық мұражайы мен Жамбыл ауданындағы Қожаберген жырау дүние салған жерге

кулыптас орнатылды. Бүгінде Кожабергентану біраз ілгері басып, калыптастып, тұлғаланып қалды десек артық айтқандық емес. Кожаберген ақынның әдебиетте алар орны жөнінде, оның өлеңдерінің тарихилығы мен шығу арналары туралы, әсіресе «Елім-ай» дастаны жайында филология ғылымдарының кандидаты М.Жармұхаммедовтің «Қазак әдебиеті» газетінде 1981 жылы 15 мамырда «Елім-ай» жыр-дастаны; «Мәдениет және тұрмыс» журналының 1981 жылдығы 6-санында Г.Тұрсынованың «Қаратаудын басынан көш келеді», белгілі драматург-жазушы Н.Әбуталиевтің «Жұлдыз» журналының 1984 жылғы 3-санында «Кожаберген жырау»; шежіреші, М.Болатовтың 1982 жылғы «Жезқазған туы» газетінің 22 кантардағы санында «Елім-ай» жыр-дастанының авторы Кожаберген жырау хакында», әдебиетші-ғалым Т.Сүлейменовтің «Еңбек таны» журналының 1989 жылғы 2-санында «Қазак есімі хакында» атты көлемді макалалары жарияланған [6, 11 б.]. Кейін арнайы 1983 жылы Алматыдағы ғылым баспасынан «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» деген жарық көрген еңбекте Кожаберген жайлы мәлімет жазылған. Осы кітапта Кожаберген жырауға орын беріліп, кейіннен Кожаберген Толыбайұлы туралы бірнеше кітап, жүзден астам зерттеу макалалар жарық көрген. Түрлі республикалық газет-журналдарда, облыстық, аудандық газет-журнал беттеріне талай туындылар жарық көріп жатты. Т.Сүлеевтің «Сегіз сері» дастаны дүниеге келді. Дегенмен, дәл бүгін Кожаберген бабамыздың есімі мен ерлігі тарих қатпарларынан толық аршылып алынды деуге әлі ерте.

Гүлтөбе-Маманай батырлар мен ақындардың кір жуып, кіндік кескен жері екені белгілі. Гүлтөбе-Маманай жерінے қылышынан қаны тамып тұрған кенестік кезенін құрсауына мойынсұнбай, Кожабергеннің өмір сүрген ортасы мен жүріп өткен жолдарын зерттеуге бел буған қазақ қаламгерлері Б.Майлин, И.Жансүгіров, Ф.Мұсірепов үшеуінін басқаруымен 1936 жылдың жаз айында барып қайткан. Олар Кожаберген

жырау мен оның үрпактары жайлыш мәлімет жинаған. Бірак осы көштер жинаған мәлімет-мұраның бәрі 1937 жылдың шілдесінде жоғалған [7,9 б.]. С.Сейфуллин, С.Көбебеев, Г.Омаровтардың да жырау жайындағы деректерге назар аударғандығы тарихтан белгілі. Жоғарыда көрсетілген енбегінде Ж.Сүлейменов жыраудың өмірі мен енбегі жайлыш казак халқының алғашкы ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің 1879 жыны Орынбор қаласында шықкан «Қазак хрестоматиясы» жинағында жазғандығы туралы сөз көзгайды.

Егеменді ел болғаннан кейін, 2000 жылдың 19-20 жетекшісінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ұйымдастыруымен Қызылжар қаласында өткен «Қожаберген Толыбайсыншыұлының ел тарихындағы орны мен ролі» деген такырыпта өткен ғылыми-теориялық конференцияда итілгі баяндама жасаған академик М.Қозыбаев та осы ойды көзгайды еді. Яғни, Манаш Кабашұлы ендігі жерде белгілі ғалымдардың Қожабергентану ісіне жетілуі керектігін, оның субекттеріне текстологиялық талдау жүргізу керектігін кадай міткін болатын. М.Қозыбаевтың өз сөзіне жүгінсек, «Қожаберген бабамыз көп батырлардың бірі ғана емес. Ол 1688-1710 жылдары 22-23 жыл бойында казак, ноғай, карақалпак халықтарының біріккен жасағына колбасшылық жасаған әрдабек, Орталық Азия деңгейіндегі әскери кайраткер! «Ақтабан шұбырындыдан» кейін Қожаберген ұлы жеңісті шыңдаған стратег», - деп жазады [8, 11 б.]. От ауызды, орак тілді ши-шешендер, баһадур батыр, қазак елінің айбыны болған, өнір атын әйгілі еткен асыл бабаларымыздың көшін бастап тұрған Қожаберген жырау шығармашылығын да, өмір сүрген ортасын да зерделеп, зерттеу еліміз тәуелсіздік алған сәттен бастап қана сапалы түрде жүзеге асырыла бастағанын жоғарыда айтып өттік. Гүлтөбеде көп жыл бойы қазак, ноғай, карақалпак, халықтарының біріккен әскерін басқарып ел тыныштығын корғаған, ордабасы бабамыз жайында сакталған деректер санаулы болғанымен, еліне жасаған ерлігі мен азаматттық түр-

тұлғасын танытатын талай енбектер жазылды. Өмірі туралы жыраудың өзі де «Елім-ай» дастанында айтып кеткен:

Жасымнан ғаскер ерттім, сардар болып,  
Сырт жаудан ел корғадым, жасап жорық.  
Салдық пен колбасылық аркасында,  
Қазактың жер жағдайын білдім толық.

Откерді киындықтан туған халқым,  
Сактады дінін, тілін, ата салтын.  
Корқамын қалмактың дәу мылтығынан,  
Үш жүздің бұза ма деп елдік қалпын.

Жақындап дүшпан қазақ даласына,  
Қайғы кеп үш жүзімнің данасына.  
Қалмақтан екі жақтап қатер төнді,  
Ноғай мен карақалпак баласына.

Дүшпанмен дайын бол деп шайқасуға,  
Насихат мұсылманға айтасың да.  
Сібірдің шығысынан ызғар келді,  
Татардың тоғыз бірдей тайпасына.

Жырау ұйып отырған елін жаудың күшті қаруы жайрата ма деген қаупін де жасырмайды.

Кожаберген жыраудың тарих бетінен орын алып, шығармаларының зерттелуіне Манаш Козыбаевтан бастап, Петропавл қаласындағы «Асыл мұра» орталығының қызметкерлері де жұмыла кірісіп, үлкен істер атқара білді. Қызылжар өнірінің тумасы, ұлттымыздың тарихын зерттеп жүрген тарих ғылымдарының докторы, генерал-лейтенант, Парламент депутаты Абай Тасболатовтың құрастыруымен, «Жеті жарғы» және Кожаберген жырау» қоғамдық корының төрағасы, белгілі Қызылжар өнірінің облыстық сотын баскарған,

төксап бидін зиратына кесене, Мағжанның әке-шешесінің  
шынына мрамор тастан белгі тас қоюға мұрындық болған  
мененіп Бекет Тұрғараевтың және белгілі өлкетанушы

С. Жұмабаев, Ж.Ахметовтердің даярлауымен «Дауылпаз  
бала-Кожаберген жырау» атты шығармалар жинағы мен  
шріғесулері жарық көрді. Одан басқа Н.Әбутәлиев «Сегіз сері»,  
«Ордабасы Қожаберген», М.Дастанова «Елім-ай» жинағы,  
С.Жұмабаев, Қ.Биғожин «Қожаберген жырау» атты еңбектер  
жарық көре бастады. «Қожаберген жырау – қайраткер,  
шығармашылығын зерттеу әлі де керек екендігін тілге тиек  
етеді. «Елім-ай» дастанының казак пен жонғар арасындағы  
шының тарихи түрғыда сипаттайтын туынды екеніне токталып,  
шығармада мәтінтану жағынан тарихи сараптама жасау кажет  
істепді айтты. «Ұлттың намыс корғаны» тақырыбында атакты  
жыныш, бүтінгі күні дүниеден озған Кәкімбек Салыков жырау  
шығармаларының үлгісін талдаған. Келешекте Қожабергентану  
шынының дамып жетіле түсіү үшін әлі де талай еңбектердің  
шүниеге келері анық. Профессор Б.Нәсеновтің айтуына  
карағанда, Қожаберген жырауды кеш білуіміз әлі де болса  
ицелогиямыздың өз дәрежесінде жүргізілмей келе жатқанын  
шығартады. Бүтіндері жұртшылыққа насиҳаттап жатқанымыз –  
Кызылжар өнірінің атпал азаматтарының, өлкетанушыларының  
арқасы. Сонымен, Қожабергентанудың бірте-бірте кенейіп келе  
жатқан арнасы осындаі сүбелі, мазмұнды еңбектерден бастау  
апады. Әрине, бұл еңбектерде Қожаберген поэзиясына апарар  
жолдың сокпактары жатыр.

«Өлгенді тірілту, өшкенді жанғырту» – бүтінгі ұрпактың  
шынында тұрған басты міндеттердің бірі. «Өлі разы болмай, тірі  
байымайды» деп тектен-текке айтпаған ата-бабаларымыз.  
Қожабергендей тарихи тұлғаға қандай құрмет көрсетсек те  
коптік етпейді. Бір топ зиялды азаматтардың атынан үкіметке  
Петропавл қаласындағы әскери институтқа данкты сардардың

атын беру жөнінде де ұсыныс жасалған [9, 9 б.]. Бүгінде халқымыздың ол үміті де акталып отыр. Сонымен катар, каламыздың қак ортасында орналасқан № 6 орта мектепке батыр бабамыздың аты беріліп, жас үрпактың санасында мәнгі жатталып қалды. Жыраудың туған жерінде Жамбыл ауданының орталығы Преснов елді мекенінде батырдың 350 жылдығына орай ескерткіш ашылды. Петропавл қаласының кіреберісіне ұлттымыздың айбыны ретінде жырау бабамызға арналып есерткіш орнату да ерекше символикалық нышан деп түсінеміз. Казіргі танда аталмыш ескерткіштің жобасына байқау жарияланып отыр.

«Қазак әдебиетінін кыскаша тарихы» деп аталатын еңбекте «Кожаберген жырау» атты тарау беріліп, «Елім-ай» әнінің авторы ретінде таныстырылды. Кожаберген жыраудың шежіреші болғандығы туралы және «Елім-ай» әнін, «Елім-ай» күйін, «Елім-ай» жырын шығарғандығы жайында белгілі философ-акын Мәшіүр Жұсіп Көпейұлы өзінің «Даналарға» деген өлеңінде былай деп жазған:

Қолбасы, ақын-жырау һәм елші-би,  
Шығарған «Елім-айдай» тамаша күй.  
«Елім-ай» әні менен жырын тағы,  
Шығарған Кожаберген бабаңды сүй.

Ел касіретін, ел тағдырын жырлаған «Елім-ай» дастаны – Кожабергеннің өзегін жарып шыккан төл шығармасы. Оны казак топырағында өткен ақын-жыраулар өлең-жырларында да ашық айтады[7, 9 б.]. Саратов облысының Басқұншақ қөлінің маңында туып-өсқен ақын Шыніяз Жұбатұлы (1816-1889ж.ж) «Макпал-Сегіз» дастанында «Елім-айды» Кожабергеннің шығарғанын жырға косады:

Қыздардың сүйген Сегіз күн мен айын,  
Гүл жайнар кобызбен күй тартқан сайын.

Қолында домбыра алып әнмен айтқан,  
Бабасы Қожаберген «Елім-айын».

Но, шынымен де «Елім-ай» дастаны – шынайы тарихтың  
шының сөйнешесін қаһармандық рухпен көрсете білген көлемді де,  
күнцы мұрасы. ХVIII ғасырдан бері Елұран ретінде жырланып  
жатқан – «Елім-ай» жыры о баста 3683 шумак, 14732 жол  
шомса, казіргі күні қолданыста жүрген дастан көлемі 2000 жол.  
1723 жылдың апартын, халықтың күйзелісін көзімен көрген,  
шының толғанысынан туған, бұл жыр өлең ауыздан-ауызға  
тарат, елге кеңінен мәлім болған. Академик М.Қозыбаев дастан  
шыныңда мынадай пікір білдірген: «Қожаберген жырау тек кана  
шып «Елім-айда» бір ғасырдың сырын, мұнын аشتы. «Елім-ай»  
шының мәнінде ұлттық сананың биік шыны, ұлттық сергелденге  
түшар болғандағы мұны, болашакка құлаш сілтеп, қайсар  
шымысшыл қазактың ұлт болмысын жанғыртуға үмтүлісісінин  
шыныңда айтқан қайнар жыры да сыры. «Елім-ай» –  
үтімымыздың Илиада мен Одиссеясындай өміршен трагедиясы»  
еткен болатын [6, 272 б.]. Расында, Қожаберген жыраудың  
«Елім-ай» эпопеялық жыры қазақ халқының сыртқы жауларға  
карсы бағытталған жарты ғасырлық әрі әділетті, әрі азаттық  
согысын суреттеуге арналған манзызы кесек тарихи шығармасы.  
Жыраудың «Елім-ай» әні де, «Елім-ай» күйі де 1723 жылғы  
қырғынды сол күйінде жеткізуге бағышталған енбегі. Дастан,  
шының, калмактардың казак халқына жасап жатқан шабуылды  
шындауынан бастайды, әрі ел корғаны болар батыр, сардарларға  
өз ұлтының камын жеууге дәріптейді.

Ассалау мағалейкүм, халқымызға,  
Кейістік көріп тұрған жалпынызға.  
Қатал жау тұс-тұсымнан шабуылдап,  
Келтірді үлкен нұксан салтыймызға

Ассалау мағалейкүм, сарбаздарым,  
Жұрт үшін ерлік еткен дегдарларым.

Кенесіп дүшпандардан ел корғандар

Кетпесін жау қолында мал-жандарын [10,13 б.],

- деген өлең жолдар казактың елдігін, егемендігін сақтап қалар ерлеріне зор жауапкершілік жүктейді. Дипломат, қоғам кайраткері, замана дүлдүлі, дауылпаз бабамыз 1683-1688 жылдары Тәуке ханның кармағында елші қызметін аткара жүріп, «Актабан шұбырынды» басынан кешкен жырау халықтың басына түскен ауыртпалықты қөре отырып, жырына арқау етті:

Атсыз қап жұрт жүрісі шабан болды,  
Халқыма аштық, соғыс жаман болды.  
Басталып ел сұлауы Алқакөлден,  
Актабан шұбырынды заман болды,

- деген өлең жолдарынан-ақ ақынды бұл тарихи оқиға бейжай қалдырмағанын көреміз. Керісінше, қаламына канат бітіріп, жанын қырнай түскен бұл оқиға – Қожаберген жырауды феноменге айналдырыды десек кателеспейміз. Толыбайсыншыұлы елшілікке дейін білім қуып, өнерге құштар болған ерекше дарын иесі. Атакты «Елім-ай» дастанында:

Өнерге жас шағымнан құштар болғам,  
Самарқанд, Бұхарадан білім алғам.  
Атанып үздік шәкірт катарында,  
Ең үлкен медресесін тамамдағам.

Ерлікпен мағұлұм болдық алыс-жатқа,  
Ән шырқап, қобыз тарттық көніл шатта.  
Бітіріп медресені шықканнан сон,  
Имам боп он жетімде міндім атқа.

Он сегізде әйгілі балуан болып,  
Он тоғызда іліндім батыр атқа.

Жиырмада имам болмай, ақын болып  
Симайтын іс жасадым шаригатка, - дейді.

Демек, жастайынан сауатын ашып, үздік шәкірт атанаып, онымен шектелмей имам болуга талпынып, жиырма жасында ақындық жолға түсіп өзін-өзі жан-жакты көрсете білген. Ол өзіне дейінгі казактың ақын-жырауларының өлеңдерін, шығыстың жеті жұлдызы Физули, Науай, Низами, Сағди, Жәми, Фирдоуси, Рудаки еңбектерін медереседе тәлім алғып жүргенде жаттап сусындаған. Рашид ад-Дин, Қадырғали Жалаири, Хайдар Дулатидын шежірелерін оқып білген. Ескі ескерткіштегі жазуларды да үлкен сауаттылықпен оқи алған. Және ол жазудың мәні мен мағынасына төрөн ой бөлген. Осы айтылғандарға «Ата тек», «Баба тіл» дастандары айғақ бола алады [6, 6 б.].

Кожаберген жыраудың шежіреші-жыраулық қасиетін классик ақын С.Торайғыров «Құбыма» атты өлеңінде:

Толыбай сыншы баласы Кожаберген,  
Тарихынан Оғыз түрік хабар берген.  
Үмбетей, Бұқар жырау, Тәтіқара,  
Үшеуі Қожа-екеннен үлгі көрген.

...Керейде Кожаберген, Сегіз өткен,

Уш жүздін шежіресін жыр қып шерткен [6, 7 б.],  
- дейді. (С.Торайғыров ақынның бұрын жарық көрмеген өлеңдері «Орталық Қазақстан» газеті, 7 тамыз, 1988 ж.)

Кожабергеннің өлең жырын сақтаушы – өзінің ұрпағы Шақшак батыр Көшекұлы. Шақшакұлы немересі Сегіз сері жазып алған. Сегіз серінің колжазбасын сақтаушы Тәштит Тәбейұлы Барлыбаев. Тәшиттен Сегіз серінің үлкен баласы Мұстафа батыр көшіріп алған. 1879 жылы Мұстафадан Дәрібай Майлыбайұлы жаттап үйренеді. Дәрібайдан баласы Қожахмет үйренген. Қожахмет 1891 жылы туған. Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы «Октябрьдің 60 жылдығы» совхозының Петровка селосында 1978 жылы 87 жасында қайтыс

болды. Кожахметтің баласы Махмет сол жердегі орта мектептің директоры болған екен,- деп жазады зерттеушілер [7, 9 б.].

«Елім-ай» жырын жұрт казір қызыға оқиды деп айта аламыз ба? Әрине, казак жұрты дастанның тарихи құндылығын түсінді, сондыктан да окуға ынтыға түсті. Себебі, бұл жырда патриоттық сезім басым. Жастарды ададыкка, Отанды сүюге, оны корғауға, қандай жағдай болмасын әділдетті болуға, шыншыл, көпшіл, ұйымшыл болуға тәрбиелейді. Осындай касиетке, рухани жаңы бай жастар – өз халқының нағыз жанашыры, колдаушысы бола білуғе талаптандырады. Жырау дастанның алғашкы бәлімінде шайқасқан жаулары мен ерліктерін ғана сез етіп қоймай, халқымыздың тұрмысы мен салт-дәстүрін, жер-су аттарының өртеде қалай аталғандығын, казактардың айналысқан, күн көріп отырған кәсібін баян етеді. Кожаберген жырау, тіпті, жақсы стратег болған жан. Түркі тектес елдерді, Сібір татарына жататын руларды, қалмақтың шықкан тегін, оның түркі халқына жатпайтындығын айтады және оларды шығу тегіне қарай беліп, айырып, айқындал береді. Осының бәрі келешек ұрпак үшін үлкен енбек, дәлелді түрде берілген, маңызы бар айғақ. Осы сәтте казак халқының атакты батыры, қаһарманы Б.Момышұлының мына пікірін айта кеткен жөн болар: «Керей Қожаберген жыраудай бұрын-сонды өмір сүрген казак акындарының бірде-біреуі қазак жұрты жерінің көлемін, шекарасын айқындал берген емес. Ол кісінің «Елім-ай» жыры – әскери дастан! Жас бала кезімде оны әншілердің аузынан талай рет естіп едім. Шіркін, сол әскери дастан кайда бар екен?» деген едім [6, 17 б.]. Сол кездерде біреулерге арман болған дастан, бүгінгі күнде колданыста жүріп, халық онымен сусындал, нәр алып жатқандығы көнілге куаныш ұяладады.

Қожаберген әuletінен шыққан ақын-жыраулардың енбектері неге осы уақытқа дейін жарық көрмеген деген сұраптың жауабын атакты тарихшы Манаш Козыбаев былай берген еді.

«Кожаберген жырау маңында ұзак жылдар бойы неге меніреу зона орнады, есімі неге аталмай келді... Себеп екеу:

Ірінші – Кожаберген баба орыс империясына ашық қарсы, оның «Елім-айы» - империяға қарсы туынды. Онда ол орыс империясы қалмактарға кару сатты, қолдады деп айыптайды. Ал, оның ізбасары мұрагері Сегіз сері – ұлт азаттық кояндысының көсемі, орыс отаршылдары баба Кожабергеннің конысына Преснов селосын орнатты, атамекенін қара шекиенділер жайлап, казактар Горькая линияны казак мемлекеттігінің тірегі болған өлкені баса қөктеп салды. Отаршылық, одан калды кешегі Кенес заманаусында Сәбит те, Габит те бұл тақырыпка белсеніп кірісе алмағаны осыдан болса керек. («Дауылпаз баба - Кожаберген». Тұлғалар тұғыры. - Ашматы, 2009. 123 бет). Ғалым: «Кожаберген – жырау батыр, қолбасшы, ел тағдырын ойлаған реформатор, стратег-мемлекет кайраткері, дипломат, замана саясаткері. «Елім-ай» қастанындағы саяси ахуалға берген бағасы XX ғ. аяғы XXI ғ. дасында тұрган біздерді де кайран калдырады», - деген болатын.

Кожабергеннің үлкен ірі туындыларының келесісі – «Баба ғіл» дастаны. 145 шумак, 580 жолдан тұрады. Қандай да тарихи оқиғаның, тарихи шығарманың болсын шықкан, болған үақытымен бағаланатынын ескеріп, дастаның қай жылы жазылғанын аныктайық. Дастанда мынадай шумактар бар:

Алпысқа таяп калсам да,  
Сол қалпында айбатым.  
Жас батырдан кем емес,  
Ұлғайсам да кайратым.

Жыраудың 1663жылы (коян жылы) туғаны анық, оның өзі:

Коян жылы дәл алпыс бір мүшелім ғой,  
Жасынан сардар болған мен едім ғой [10, 95 б.], - деп,  
«Елім-ай» дастанында жазып кеткен. Өзі айтқандай дастанды жазғандағы жасын алпысқа таяу алсақ, дастаның 1720 жылдары жазылғаны дау туғызбайды.

Жырды бізге қалай жетті дейтін болсак, дастан Сегіз Серінің немересі Мұсайының (1843-1920) баласы Нұрмұхаммед (1877-1961) және Кожабергеннің аталас үрпағы Қожахмет Дәрібаев сиякты шежіреші қарттарда жазбаша сакталып қалған. Жазушы Н. Әбутәлиев 1958 жылы осы Қожахмет шежірешіден жазып алған. Бұл да кесегі бөлек туынды. Қазақтың фольклор тарихында ерекше орын алатын бірегей еңбек.

«Баба тіл» дастанының мазмұны Әбілғазы Баһадүр ханың (1603-1663) «Түрік шежіресі» деген шежіресін сынаудан басталады.

Бұл енбекті кезінде «хандардың хронологиясының тізбесі ғана» - деп «Қазақ шежіресі» дейтін еңбегінде Ш. Уәлиханов та «Түрік, қырғыз, казақ һәм хандар шежіресі» деген еңбегінде Ш. Құдайбердіұлы да сынаған болатын.

Біле тұра ол сұлтан,  
Еске алмапты үш жүзді.  
Соның үшін жарандар,  
Айтпақ болым бұл сөзді.

Айналайын, үш жүзім,  
Әбілғазыға налыма!

Шежіресі бар елімнің,

Коймаспыз жатка жалына, - дейді де, казак шежіресін Түрік – Тұран – Оғыз – Алаш – Аннас – Қазақ деп таратады. Қазақтың атасы Түрік екенін айта келе, кейбір ру-тайпалардың кияттан шыққанын айтады. Монголдан тараған қазақтың қандай руы екенін атап айтпаса да монгол тарихшысы Санан-Сесеннің және кейбір түркі тарихын зерттеушілердің Керейлердің Монголдан шықкан деген пікірлерімен үндеседі, - деп түсіндіреді белгілі өлкетанушы Социал Жұмабаев.

Екі бөлімнен тұратын дастаның алғашкы бөлімі казак халқының шығу тарихы, тегі, құрамы, калыптасуы жайында сөз болады. Жырау «Қазақ» пен «Үш жүз» деген ұғымдар бір

Жүрттың екі атауы болып, бірдей шықкан сөздер деген пікір шартты:

Қазак деген атауға,  
Ілесken Үш жұз есімі.  
Бір жүрттың екі аты боп,  
Тағдыры ерте шешілді.

Шынғыс ханнан көп бұрын,  
Қазак пен Үш жұз бар атау.  
Сөзіме нана, жамағат,

Болмасын көніл еш жадау, - деген тармактардан «казак» пен «үш жұз» атауы Шынғыс ханға дейін пайда болғанын үзілді-кесілді айтады. Сонымен қатар, «Баба тіл» дастаны ауыздан-ауызға көше жүріп, оның сөздері өзгеріске үшірағанын байқаймыз. Мысалы, Керей, Жәнібек дегеннің орынағына Эз Жәнібек деген сөздің қолданылуын анғарамыз.

Шынғыс хан жорығының алдындаған халық болып қалыптаса бастаған қазакқа Хорезм мемлекетінің құрамында хандық құру мүмкіндігі туса да, Шынғыс ханның шабуылына таң болып халық болу дәрежесінен айырылып, хандық та бола алмай, токырау кезеңі басталыпты. Содан кейін екі жарым ғасыр өткен соң қайта қалыптасып, Керей, Жәнібек хандардың тұсында қайта хандық болып, қазакша жазба қайта қалыптасқан екен. Алайда Жейхұндария, Сейхұндария, Еділ, Жайық өзендерінің бойларын, Кердері, Атырау теніздері жағалауларын, Орал тауы мен оның батысын, шығысын, Батыс және Шығыс Сібір аймактарын, сондай-ак Алтай, Тянь-Шань тауларын мекендеғен түрік жүрттарында X-XI ғасырларды, яғни Хорезм тұсында ислам дінін толық орнығып, салтанат құрганын, араб әрпінің негізінде түрік ғарпі пайда болып қалыптасқанын баяндаған «Баба тіл» дастаны шумактарының түсіп қалғаны, яғни ұмыт болған кімді де болса, қынжылтары хак.

Көлемі 325 шумак «Баба тіл» дастанының бізге жартысынан көбі жетті. Екінші бөлімі – ана тілімізді қастерлеу,

дәріптеу және оның көне әрі бай тіл екендігіне көзімізді жеткізеді. «Баба тілді қастерлеу, Азамат ерге лайық» - деп, туған тілді қадірлеуге, құрметтеуге, жетік білуге шақырады.

Шынғыс ханнан көп бұрын,

Қазағым өзі ел болған.

Сақау емес жұртыйыз,

Сөйлейтүғын тіл болған [6, 18 б.], - дей келе Шынғыс ханға дейін қазактың өзінің қолтанбасы (жазуы) болған. Қазак жерін Шынғыс ханның жаулап алуынан бастап, татар жазуы үстем болды, өйткені татар тілі бүкіл Алтын Орда жұртына ортақ болған дейді.

Әз Жәнібектің тұсынан бастап қайтадан казак таңбасына көшіп, «Жеті жарғыны» казак тілінде, казак таңбасымен жазып едік, енді Әз Тәуке өткеннен кейін сұлтандар қайтадан татар жазбасына көшірді дейді. Сөйтіп қазактар осы уақытқа дейін үш жұз жыл қазакша, екі жұз жыл татарша жазды дейді.

Таза казак тілінде

«Жеті жарғы» жазылған,

...Өткенге дейін Әз Тәуке,

Колданды казак таңбасын.

Үш жұз жылдан аса уақыт,

Қазакша жазды ел жазуын.

Үш жұз жылдан аса уақыт,

Қазакша жазды ел жазуын.

Сөите тұра көрдің бе,

Бектердің бүгін азуын, - дейді де, «сұлтандарға ермендер, казакша жазуларынды тастамаңдар» [6, 19 б.], - дегенді айтады. Демек, казак тілінің сонау Тәуке ханның заманынан бері колданып келген көне тарихы бар, шежіре тілі екенін аңғардық.

Колдана бер, казакша,  
Қалыпка түскен ғарпінди.  
Шалыс баспай аякты,  
Ойлан, жұртым, артынды.

Былғарыға түсір әсемдеп,  
Қазақша колтанбанды.  
Кисыкка еріп көсем деп,  
Кепі айдама арбанды.

Колға түссе, халайық  
Пайдалан Бұхар қағазын.

Дастанның бұл жолдарынан жазуды сол тұста теріге жиғаның, қағазға да жаза бастағанын байқауға болады.

Кожаберген жыраудың казактың жазба тарихы туралы шайымдаулары да казак тілі ғылымымен үйлеспейді. Казак әнциклопедиясында былай жазылған: «Қазак халқының, өзге де конгтеген түркі халықтарының жазу мәдениетінің тарихы араб жазуы келуімен тығыз байланысты. Араб графикасының казак халқының коғамдық, рухани және мәдени өміріне кіруі XYIII ғасырдан ерте емес. Олай дейтініміз, одан арғы жерде казак шайін өзіне ғана меншікті, төл жазба ескерткіші қайсы – бұл да іерттеліп болмаған, әлі де анықталмаған мәселе» [11, 319 б.].

Сонымен араб графикасын пайдалану уақытын жырау XY ғасырдан бастаса, қазіргі ғалымдарымыз XYIII ғасырдан бастап жүр. Ислам дінінің казак еліне таралу уақытымен салыстырсақ, шындық жырау жағында. Жыраудын 1684 жылы жазылған «Жеті жарғының» казакша араб графикасымен жазылды дегені де дерекке алынбай отыр.

«Елім-ай» дастанынан және лирикалық өлеңдерінен Кожабергеннің кол бастаған батыр, сардар, сөз бастаған жырау екенін білсек, бұл дастаннан оны басқа қырынан танимыз.

Әрине, бұл насиҳат сөздерді өзінен артық сөзбен жеткізу киын, сол себепті үзіндіге үнілейік:

Баба тілді сакта деп,  
Айтып тұрмын жалпыға.  
Ақындардың жырларын,  
Салып көр деп талқыға.

Осы тілді жек көрген,  
Дүниеден қалар құр.  
Бағаласан шынымен,  
Баба тілін асыл-дұр.

Пайдалан қазақ сөзінді,  
Жазғанда өз қалпында.  
Тұған тілді құрметте,  
Кір жүктырмай салтына [6, 166 б.]

Бұдан әрі қазақ тілінің қалыптасу тарихына токталады. Қазіргі қазақ тілінің байлығы бір ғасырдың ғана жемісі емес, мын жылдан артық уақыттың жемісі дей келе, түркі тілдердің ішіндегі ең бай, дамыған тіл дейді. Жыраудың бұған дәлелі: тіліміздің оралымдылығы, бірнеше мағына беретін сөздердің көптігі және көптеген сөздердің бір мәнде келетіні, яғни синонимдік қатардың көптігі. Синонимдік қатардың көптігіне мысал келтіреді: жауынгер, сарбаз, ғаскер, жасак, кол; ордабасы, тархан, сардар; ұлыс, өлке, уәлаяят, аймақ, өнір, атырап (бәрі бір ел қонысының атауы); алдастан, қылыш, ақберен; аксауыт, кіреуке; күйінті, иинағаш; темір телпек, дұлыға; ұжым, ұйым, когам; шежіре, жылнама; әлеумет, халық, отан, жұрт, ел, ұлт – осы алты атаудың мәні бір дейді [6, 438 б.]

Жырау сөздік қордың баюын жактай отыра, кейбір сөздердің кейін пайда болғанына мысал келтіреді, сөздің шығу этимологиясын аныктайды. Мысалы, «Отан» деген сөздің «Уатан» сөзден шыкканын, «Отан» сөзінің тұракты орны

шолмай «елі тайпа», «аймак» деген сөздердің орнына кезек көндана беретінін және бұрын «Отан» сөзі жеке колданбай «Ұшы-отан» деген сөз тіркесі түрінде ғана колданылғанын айтады. Ал «Отан» деген сөз дәл қазіргі мағынасына кейін Кенес үкіметі кезінде ие болғанын айыру қыын емес [6, 438 б.].  
«Тарих» деген сөз туралы:

Арабтың сөзі – «Тарих»,  
Орнықкан казақ тілінде.  
Ондай сөзден безінбе,

Құштар болсан білімге [6, 195 б.], - деп сөздік кордың миңын жактаған, немесе:

Сексен жыл болды шамамен,  
«Күлдірмамай» енгелі.

Атауы болып мылтықтың,  
Колданылып келеді [6, 196 б.], - деп, кейбір жана сөздердің сөздік корға кірген уақытына дейін айтады.

Хан-сұлтандар казактың осы сиякты бай тілін менсінбей татаршаға ауысты, араб-парсы тілдерімен бектер қайтадан табысты деп, ренішін білдіріп:

Болат пен Жолбарыс,  
Әбілмамбет, Сәмеке.  
Татарша жазды пәрманды,  
Болып жүр жүртка келеке, - дейді.

Бұл уақыт жыраудың хан-сұлтандардың тілден басқа калмақтардан елді корғау ісін ұйымдастыра алмай жүргендеріне ренжіп жүрген уақыты болатын. 1718 жылы Тәуке өлгесін жоғарыда аталған хандар бір-бірімен қырқысып, билікке таласып, елдің қамын ойламады. Осыны көзімен көрген жырау халық атынан сейлеп:

Кожаберген айтты деп  
Хан-сұлтандар, шамданба!  
Сынады деп тіл үшін,  
Жазалауға камданба!

Қолданатын шарапанды.  
Төңкерермін басына,  
Соктықсан маған, сұлтандар,  
Мінбессің тұлпар астына.

Талай шонжар, сұлтанды,  
Мұрсындай кылышп үйреткем.  
Құл көгенге көгендер,  
Қабырғасын қүйреткем [6,198 б.], - дейді.

Бұл арада «қабырғасын қүйреткем» деп өзін айтып тұрған жоқ, халық атынан сөйлеп тұр. Өйткені халық арасында хан-сұлтандардан билер мен батырлардын беделі үстем болған. Хан-сұлтандарды билер сайлаған. Хандарды халыққа қызмет етушілер деп караган. «Төре» деген сөз «қызметші» деген сөзден шыккан дейді [6, 439 б.]. Бұл жөнінде жырау:

Кісі аты емес, төре де,  
«Қызметкер» деген сөз еді.  
Түріктің ескі сөзі деп,  
Оны айтқан көне сөз еді [6,182 б.], - дейді.

«Қазактар: кожа-сарт, сұлтандар біздің жалшымыз, күлшымыз деп астарлап айтады... Шынында солай, рутайпаларды би, батырлар басқарады, хандар халықтың айтқанынан шыға алмайды. Қажет деп санағанда, қара халық хан, сұлтандардын тас-талқанын шығарады... Абылайдың өлім жазасын қолданатында әкімшілікке колы жетті. Абылайға дейін өлім жазасын беруді тек халық кана шешкен», - деп жазған Ш.Уәлиханов [12, 119 б.]. Дастанның соңғы шумағында:

Халкымның тілі бай!  
Бұзылмаған қаймағы!  
Біз шығарған хиссалар  
Нағыз сонын айғағы!!! - дегендегі дастанның жазылу  
шартында өзі казак тілінің көне тіл, оралымды бай тіл екеніне дәлел  
тапта алады.

Үш ғасыр бүрын жазылған дастан қазіргі әдеби тіл  
шартасында жазылған.

Қазактың сөзі асыл ғой  
Ілтипатқа ілдірген,  
Кожа деген бір атау,

Төрт сөздің мәнін білдірген [6, 194 б.], - деген  
жолдардан-ак казак тілінің құнарлы да, көркем тіл екендігін,  
соңай XY ғасырда өмір сүрген атакты жырау, бабаларымыз  
Асапқайғы сөйлеп, Әз Жәнібек пен Койлыбай сыйласп өткен  
жакан тіл екенін анғартады. Ана тілді қадірлеуге, құрметтеуге,  
тапалығын сактау жайлы жастарға насиҳаттайды. Тіпті, жырау  
шүтінгі құнді болжаған көріпкелдей:

Айналайын боздактар,  
Аралас тілге үңілме.  
Баба тілін қадірле,  
Болашактан түнілме [13,179 б.], - дейді.

Онегі тілді біле тұра, үйрене тұра алдымен, өз туған тілінді  
қадірле, шұбарламай келешек ұрпакқа жеткізуіді аманат етеді.  
Келер ұрпакқа үн тастау ретінде:

Бағаласаң шынымен,

Баба тілін асыл дүр, - деп жоғары баға береді. Осы  
шумақ казіргі заманда ен жиі қолданылатын өситетке айналды  
іссек кателеспейміз. Сондықтан, түйгеніміз қазак тілінің тарихы  
тым теренде. Ол ғасырлар бойғы уақыттың жемісі.

Касиетті бабамыз қазакқа ғана корған боп, қалмакка қарсы  
шыккан көп батырдың бірі емес, әділ билігімен, хас

батырлығымен алты алаштың айбыны болған ірі тарихи тұлға. Дастанның мазмұнынан жыраудың көреген, жауының әрбір қадамын, китүркі әрекетін айнаңтай танитын зерделі және білікті саясаткер екендігі анғарылады. Сонау XVIII ғасырдың басындағы еліміздің тарихи, ішкі және сыртқы әлеуметтік-саяси жағдайынан мол мағұлмат береді.

Ол соғыс Есімханның тұсында өткен,  
Қалмақты Даулен атам қырган шеттен.  
Шығыска қайтар жолы кесілген сон,  
Жер таппай паналайтын есі кеткен.

Жолы киылышп, жеріне қайта алмаған,  
Қазакпен соғысдан қалжыраған.  
Қырылыш алпыс мың тұтін қақ жартысы,  
Қалғаны ес жия алмай абыраған.

Қарамай жан-жағына қашқан қалмак,  
Сал жасап Еділден әрең өтіп кеткен.  
Құл болыш қызметінді атқарам деп,  
Жеріне Ресейдің барышп жеткен.

Қалмақты Ресей патшасы қабыл алған,  
Мылтықпен жауыздарды жабдықтаған.  
Қалмақтың әр тайпасының тұқымы бар,  
Отыз мың үй есін тағы жиып алған.

Жерінен мұсылманды куу үшін,  
Ноғайға қалмактарды айдал салған.  
Орыстың кол астына енген дүшпан,  
Ноғайды жер-суынан қуып салған.

Содан соң Ноғай жерін мекендерген,  
Жан-жакқа мойнын созып өнмендерген.

Ресейдің көмегімен кәпір қалмак,  
Еділде Алшын жерін иемденген.

Кожабергеннің жырларынан оған қымбат нәрсе жұрт қимы, жұрт ісі екенін аңғару киын емес. «Ту ұстайтын болмасам, Ұрандал жауға тимеймін, Майданда жауды женбесем, Қызық тоорен сүрмесем», - деуінін өзі оның бірінші кезекте ел үшін жаңын пида ететін батырлық сипатын көрсетеді. Жұз жасаған әйбамыз өмір сүрген XVII ғасырдың басынан казак жеріне жан-жынынан көз алартып, қыспакка алған киын кезең басталды. Қожаберген тап осы кезеңді:

Торғауыт, жонғар, ойрат, бәрі қалмақ,  
Орыстар мен қытайлар койған жалдап, - деп «Елім-ші» жырына қосса, тағы бір жерінде:

Жолығып көп мылтықты дүлей күшке,  
Айналды жаксы тұрмыс көрген түске.  
Ресей, Қытай, Қалмақ ақылдасып,  
Алмақшы қазак жерін бөліп үшке, - дейді.

(О): «Шабуылы жау қалмактың күшті екен», «Кеппендер жаудан корқып тарап бәрін, - деп жұртты бірлікке шакырса, «Кеуденде шыбын жаңың болса егер, Жоғалтпа жер бетінен казак атын», - деп намысқа шакыра білген[14, 5 б.]. Жырау анғал әрі бірлігі аз халқының тағдыры үшін аландайды, жан-жақтан анталаған жаудың қолында кете ме деп қайғырады.

Көрші екі ел көмек бермей түпке жетті,  
Қалмаққа мылтық сатып, күшті ел етті.  
Жауыздар дәу мылтықтан доп атқанда,  
Халқымның бірлігі жок есі кетті.

Алданып сырт дүшпанға ұтылғанбыз,  
Кез болып ажданаға жұтылғанбыз.

Ұйтқысы еліміздің шайқалған сон,  
Торына ата жаудын тұтылғанбыз.

Ел едік егін салып бейбіт жатқан.  
Күтпеп ек жау болар деп пәле баккан.  
Қысқа кам жасауға да үлгермestен,  
Жолықтық атажауға дабыл какқан.

Казак халкының XVII-XVIII ғасырлардағы үш биінін бірі, көрнекті қоғам қайраткері Қаз дауысты Қазыбек бидің де 14 жасында Тәуке ханың белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне ілесіп қалмак контайшысы Цэван Рабданға барған кезінде казактың бейбіт халық екенін, оның мінез ерекшелігі мен максат-мұраттарын тайсалмай:

Біз казак деген мал баккан елміз,  
Ешкімге соктықпай жай жатқан елміз.  
Елімізден құт-береке қашпасын деп,  
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,

Найзасына жылқының қылын тақкан елміз,- деп төгілткен. Бидің шешендігі мен батырлығына риза болған қалмак контайшысы еріксіз сөзге токтаған екен. Жау колында жатқан ерлеріміз бен мал- мұлқін жинап алып елге абыраймен оралған Қазыбек бидің бұл ерлігі ел арасында аныз болып тараган.

Қожаберген жырау да камсыз жатқан казактың күтпеген жерден каруланған жаудың оғының астында қалып, асып-сасқан күйін суреттейді. Ел басына күн тұғанда қара басының қамын күйттеген кейбір төрелердің істерін әшкере етеді. Оған мына жолдар күэ:

Бұл соғы казағыма қатты батты,  
Қара жер боздактарды жалмап жатты.  
Қызы алысып, қызы берісіп, құда болып,  
Кей төре ойда жокта елді сатты.

Құдага казак, ногай жарамай ма,  
Қыздары төреге жар бола алмай ма?  
Жауынгер үш жүзімнің жігіттері,  
Тере, кожа қыздарын ала алмай ма?

Не сұмдық кәпірлермен құда болған,  
Тамағы жаудан жеген кәпір болған.  
Сасытып һәм құрттатып ет жейтуғын,  
Дүшпанға қалайынша құда болған?

Калмакпен құда болу жарамайды,  
Сондайдан елді әрекет аралайды.  
Діні, тілі, тегі жатка матап беру,  
Жүрегін бойжеткеннің жарапайды.

Қыздардың обалына қалмау керек,  
Карғысын бойжеткеннің алмау керек.  
Жауларға еріксізден қыз бергенше,  
Жүзінде бұл фәнидің болмау керек,

- деп сүйекке  
Либа түсіретін қылыққа барған, ұлтын сатқан арсыздардың ісіне  
жиркенішпен карайды. Эйел такырыбын көтерген жолдарда  
қыздарымыздың арын жерге таптатпау керектігін, әйтпесе жер  
бисып жүрудің өзі артық екендігін ұшқыр ойымен, әсерлі  
шіммен шебер жеткізеді. Сөйтіп ел басына күн туған аласапыран  
тұста отты жырларымен халыкты ауызбіршіліке, тұтастыққа  
шынырган. Дәуір шындығын көзben көргендей етіп көрсете  
шілген, ұлт кайраткері, ұлт батыры дәрежесіндегі дана  
жыраудың аты тарихта мәнгі қалары анық.

Ұлы баба еңбектерінің көркемдік айшықтары мен ажарлана  
түсір асыл қасиеттерін зерттеу нысанасы етіп алуымыздың мәні әр  
казак баласының ұлттық рухын шындал, ой-санасына сәуле  
түсіретін жырау еңбектерінің білімділік те, тағылымдылық та мәні  
герен екендігін келешек ұрпаққа жеткізу. Қожаберген жыраудың  
асыл мұраларының казак әдебиетінде алатын орны бөлек, манызы  
айрықша. Тек Қожабергенге тән өлең өрнегін дұрыс тану, оны  
талдау жалпы поэзиясына тілдік талдау жасау, жан-жакты

карастырып, енбектерінің тіл білімінде алар орнына көп көніл бөлу кажет. Егер шығармаларын, яғни поэзиясын зерттеуді көркем-әдеби шығарманың мазмұндық, құрылымдық, көркемдік сапаларын бір-бірімен тығыз байланыстыра сөз ету екендігін мойындасақ, бұл әрі әдеби, әрі тілдік түрғыдағы, солардың ортасынан шыккан әмбебап сипаттағы өзгеше талдау барысында кен ашылмақ. Шығарманың тілін жан-жакты қаастырмай, эрине, әдеби туындыны толық түсіну мүмкін емес. Себебі, егер әдебиетті зәулім сарайға тенесек, оның көз тартар күмбезді бейнесін құрайтын материал тіл екендігіне дау жок. Бірак көп жағдайда әдеби шығарма мазмұн, такырып, идея түрғысынан жиі талданып жатады да, оның көркемдік сапаларына елеулі түрде назар аударыла бермейді. Осыдан келіп ақынның я жыраудың не айтқаны баяндалады да, оның калай айтқаны ашылмай қала береді. Ал, шындығына келсек, әнерпаздардың шеберлік қырлары мен суреткерлік сырлары осы калай айтуына карай бағаланбак. Тарихи тамырларын сонау ежелгі дәуір әдебиетінен тартатын философиялық, дидактикалық сарындағы жыр үлгілерінін туған кезеңін, мотивін анықтауда, эрине, осы тіл жүйесінің атқарар қызметі ерекше.

## 1.2 Қожаберген жырау шығармаларындағы ұлттық таным ерекшеліктерін анықтаудағы концептілер

### 1.2.1 «Өмір-өлім» макроконцептісі

Қожаберген жырау шығармаларына концептуалдық түрғыдан талдау жасау, зерттеп-зerdeлеу жырау шығармаларының тілдік құрамы соншалықты бай, құнарлы екенін көрсетуге септігін тигізеді. Себебі, баба дәстүрін жан-жакты таныту, мұраларын бағамдау ісі кен етек жайғанымен, тілдік, стильдік, концептуалдық сипаты жағынан зерттеу де үлкен жауапкершілікті кажет етеді.

Жалпы, концепт деген не? Оның қазіргі казак лингвистикасында алар орны кандай? Оның Қожаберген жырау шығармаларында каншалықты колданылғаны, ерекше маңызды

шыннан айналып отыр. Концепт сөз мағынасынан емес, сөздің соңында берілген мағынасы мен адамның өзіндік (жеке) және миңдегі тәжірибелері негізінде калыптасқан мағыналардың тоғызынан туған мағыналар нәтижесі болып табылады. Сөз, мағына, концептінің өзара қатынастылығын қарастыра отырып, оған заманда ол катардан шығарып тастанай алмаймыз. Бұл жерде де басты нысан – адам, адамның тәжірибесі, танымы, тілдік яңометі. Демек, Кожаберген жыраудың тілдік кабілетін, біз сол акының не жазушының дүниетанымы арқылы дәлелдей алмаймыз. Элемдік және қазақ тіл білімінің казіргі таңдағы дамуы шығынның шығынның дүниетанымы арқылы дәлелдей алмаймыз. Элемнің тұтас бейнесін тілдік бірліктер арқылы танымдық қырынан айқындауда «концепт» термині маңызды рөл аткарады. «Концепт» терминінің теориялық пәнніздері орыс ғалымдары Д.С.Лихачев, Н.Д.Арутюнова, Е.С.Кубрякова, А.Н.Мороховский, Н.К.Рябцева, В.А.Маслова, А.Я.Гуревич, А.А.Залевская, А.Вежбицкая т.б. зерттеу спбектерінде қарастырылып, олардың «концепт» жайлы ой-түжірымдары концепті құрылымына енетін сөздердің мағыналық жактан өзара үйлесе келіп, негізгі өзек – тірек сөздің мағына на шоғырлануынан туындайтындығын дәлелдейді. Казак тіл білімінде «концепт» термині А.Қайдар, Р.Сыздық, Ж.Манкеева, Н.Уәлиев, Б.Қалиев, Қ.Жаманбаева, Г.Смағулова, Ә.Акбердиев, Г.Снасапова, М.Күштаева, С.Жапаков, Қ.Қайырбаева, А.Сыбанбаева, А.Ислам, Ш.Елемесова, Н.Аитова, А.Әмірбекова, Ж.Саткенова, Ж.Жампейісова, С.Жиренов, Б.Нұрдәүлетова, Г.Мұратова, Ж.Қошанова т.б. зерттеушілер енбектерінде әр қырынан зерттелді. Аталған ғалымдар енбектерінде концепт мәселесіне катысты зерттеулер акын-жыраулар, жазушылар шығармалары бойынша қарастырылып, ондағы «өмір», «өлін», «тәгдыш», «зашан», «құтты қоныс», «атамекен», «Атла», «ерлік, батырлық» сынды концептілердің когнитивтік құрылымдарының анықталуы, концептуалдық талдаулар жүргізілуі үлттық таным

ерекшеліктерін айқындауға қосылған үлес екендігін көрсетеді. Бүтін бір ұлттың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшелігін айқындауда зор маңызға ие концептілер туралы айтылған ғалымдар пікірлерін жинактай айтқанда, «концепт» ақиқат дүниені, ғаламның тілдік бейнесін түсінуге мүмкіндік беретін күрделі құбылыс деп танылады. Ол, яғни концепт – әлем бейнесін сипаттайтын тілдік құралдардың (лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б.) жиынтығы. Концепт – адамзат баласының өмір тәжірибесі арқылы жинақталған әлем бейнесінің мазмұндық білімінен тұрады [15, 61 б.].

Концептінің әлеуеті неғұрлым кен және бай болуы үшін адамның мәдени тәжірибесі де кен әрі бай болуы қажет. Д.С.Лихачев әрбір адамның өзіндік дара (жеке) мәдени тәжірибесі, дағдысы мен білім коры оның концепт байлығын немесе жұтандығын айқындастын болады деп көрсетеді [16, 3 б.]. Концепт, біріншіден, жалпы адамзаттың, осы тілде сөйлеуші жеке адамның мәдени тәжірибесіне, білім коры мен дағдысына байланысты; екіншіден, концепт көрінетін нақты контекске тәуелді. Концептінің кейбір мүмкіндіктерін, адресат арқылы кабылдануын контекст белгілі бір жағдайда шектеуі де мүмкін. Сонда концепт арқылы берілетін менталды таным кейде тілдің шенберінен де шығып кетеді. Бұл жерде контекстің тасасындағы «тілден тыс мағына» іске қосылады. Концепт аясын жасауда жазушылар (акындар), фольклор жеткізушилер, жеке кәсіп иелері мен діни сословие өкілдері бағыт рәл атқарады деген пікірлер де бар. Тілдің байлығы «сөздік кордың» көлемімен ғана емес, концептуалдық әлемнің, концептуалдық аянын байлығымен де өлшенеді.

Тіл білімінде XX ғасырдың аяғында тілді зерттеу адамның танымдық қызметі тұрғысынан қарала бастады. 1960 жылы американдық профессорлар Дж. Миллер мен Дж. Бруннер Гарвард университетінде когнитивті зерттеудің алғашкы орталығын құрды.

Когниция - когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымы. Ол

Оннан мен ойлаудың тіл арқылы танылуын қарастырады. Соныңтан да когнитивизм тіл білімімен тығыз байланысты. Тіл мәсениет пен қоғамнан да жоғары дәрежеде адам танымы мен миесіз-құлқына жол ашады. Когнитивті лингвистика сиякты психолингвистика, этнолингвистика, соцлингвистика шынымдарының пайда болуы тіл білімінде үлкен өзгеріс ғүйрарды. Лингвистика тілдің жалпы құрылымын зерттейтін шынымнан адам ойлауы мен танымына байланысты қарастыратын гуманизацияланған ғылымға айналды.

Когнитивті лингвистиканың негізгі құралдары: есте сактау шарліктері – фреймдер, концептілер, гештальт және т.б. Когнитивтік лингвистика дүние бейнесін модельдеуге (үриаттауға), тілдік сананы модельдеуге бағытталады [15, 61 б]. В.А. Маслова когнитивті лингвистика мен дәстүрлі құрылымдық-семантикалық лингвистика бір-бірімен алтернативті ойлаудың ағымы емес, олар лингвистикалық аныккеттік танудың әртүрлі қырлары деп көрсетеді [17, 15 б].

Концепт – индивидтің, тілдік ұжымның дүние, жаратылышы, оның түрліше заттары мен құбылыстары туралы өмір ізжірибесі, білімдік аясы (көзқарасы, танымы) негізінде, өзі өмір сүретін әлеуметтік ортаның мәдениетінен қабылдан, қызыптастырыған танымдық, білімдік жүйесі.

Мәселен, Кожаберген жырау шығармаларында көрінетін соғ мағыналары, оның сөздік коры, сөздік құрамы яғни концептуалдық әлемін танытатын концептілер жетерлік. Жалпы, жыраулар дүниетанымындағы мұнай концептісін айқындауда, мұнай, қайғы, уайыл, шер тәрізді синонимдес сөздердің семантикалық өрісінен өзге мұнай логикалық, психологиялық, философиялық түсіндірмесі, казак халкы үшін мұнайның имоциональдық, бағалауыштық, этникалық, тарихи түрғыда қабылдануын танытатын мәтіндер (фразеологизмдер, алфоризмдер, миф т.б.) коса ұсынылады. Ал жыраулар тіліндегі ғүйсенің жаратылу концептісі жеке сөздердің семантикасына ікеlei байланысты емес, дүниенің жаратылуы жөніндегі діни-

философиялық, діни-міфтік танымнан тарайтын когнитивтік күрылымдар арқылы түсіндіріледі. Мәселен, дүниенің жаратылуы турали түсінік мен, мен және өзге, мен және қоғам, мен және ғалам ара катынасынан өрбиді.

Енді кезекте, Кожаберген жырау шығармаларында кеңінен колданылған концептілерге токталатын болсақ, олар: «Өмір мен өлім», «атамекен» және «ерлік, батырлық», «Алла» концептілері.

Тіл білімі саласында жалпы концептуалдық танымға байланысты талдау жұмыстары жаңадан колға алынып келе жатканы белгілі. Әсіресе, ақын-жыраулар поэзиясын когнитив тұрғысынан зерттеу жоктын касы десек те болады. Тілдегі *өмір мен өлім* ұғымына катысты лингвомәдени-танымдық бірліктер этнос танымы мен тіл сабактастығы тұрғысынан толыққанды зерттеу нысанына айналды деу киын. Осыған орай *өмір мен өлім* ұғымдарының концептілік аясын ғылыми тұрғыдан жүйелей отырып, олардың лингвомәден, когнитивтік-концептуалдық аспектілерін тіл зандылыктары ретінде саралау казіргі өзекті мәселелер катарына жата келіп, ұлтты терен танып білуге септігін тигізеді. Сондыктан, «Өмір мен өлім» макроконцептің таныту жалпы адам атаулыға ортак болғанымен, адамзат баласы оларды өздерінің таным-түйсігімен, қабілет-қарымына карай түрліше түсінеді. «Этностиң таным дүниесінде «өмір мен өлім» – бір-біріне қарама-қайшы, кей жағдайда бірінің орнын бірі толтырып отыратын, егіз ұғым, бинарлық жұп болып табылатын күрделі философиялық категориялар», -дейді [18, 15 б.]. XV-XIX ғ.ғ. ақын-жыраулар поэзиясында орын алған бұл ұғым, казіргі танда зерттеу көзі болып отыр.

«Өмір-өлім» макроконцептің мазмұнын ұлттық-мәдени-танымдық тұрғыда ашып көрсетуде концептілік талдауға арқа сүйеген жөн.

*Концептілік талдау* – концепт деп танылған сөзге лингвологикалық, философиялық және танымдық тұрғыдан талдау жасау, оның мазмұны мен мәнін түрлі когнитивтік әдіс-

Бағыттар арқылы ашып көрсету. Осы мақсатта, Қожаберген жырау поэзиясындағы «Өмір мен өлім» макроконцептісін мынадай басты логикалық модельдерге бөліп карастыруды жөн көрдік. Біріншіден, *өмір* – *мәңгілік емес, алдашы уақытыша, шалған*. Осы ретте, жырау поэзиясында «дүние» концептісі әр түшін лингвофилософиялық мазмұнға ие. «Дүние» концептісінің мазмұнын ашу барысында, дүниенің «опасыз», «өмірдегі қалыши», «қысқа», «шолақ өмір», «өмірдегі өкініш», «керуен», «мал-мұлік», «дүниенің тартағы немесе кеңдігі», т.б. логикалық модельдері жырау поэзиясында әртүрлі образдық сипат алып, түрлі тілдік модельдерді құрайтындығын атап өтеуге болады. Концептілер жеке сөздердің (кілт сөздер) семантикалық аясында жинақталған философиялық, діни, мифтік білімдер арқылы талданды. Ал «өлім», «қайғы, мұң» концептілері жалпы адамзаттық «аялық білім», тілдік аядағы танымдық құрылымдар – фреймдер арқылы талданып, көрсетіледі. «Өмір мен өлім», «заман», «дәурен», «катамекен», «ерлік, батырлық», «Алла ұғымдарының концептілік аясын ғылыми тұрғыдан жүйелей отырып, этимологиялық аспектілерін тіл зандаулықтары негізінде сарапау қазіргі өзекті мәселе қатарына жетіп, ұлтты ғерен танып білуге көмектеседі. Ғаламдағы бір-бірімен байланысып жаткан құбылыстарды тілдік казына – сөз байлығы бейнелейді. Сондықтан лингвомәдени-таниямдық бірліктердің киеки дүниенің тілдік және концептуалдық фрагменттері ретінде карастырудың манызы зор.

Жыраулар поэзиясында «өлім» концептісін құрайтын белгілі бір когнитивтік тілдік жүйе қалыптаскан. «Өлім» атты концептілік өрісте танылатын «аялық білім» жалпы логикалық – танымдық тәжірибеден жинақталған акпараттар жүйесі арқылы қалыптаскан. Яғни өлім туралы барлық адам баласына ортақ стереотиптік таниямдағы өлімнің сипаты бар. Оның түпказық

сөздері – өлім, ажат, жсан, қараңғы көр, қара жер, рух, тән, дүние, көшу, кету, өту т.б [15, 71 б].

Стереотиптік ситуациялар негіз болған концептілік құрылымдағы өлім: жсан кеткен соң кеуденен, қараңғы көрге кірерсің, жсан тәсілім болар шақта, дүние салды.

«Өмір мен өлім» жалпы адам атаулыға ортақ болғанымен, адамзат баласы оларды өздерінің таным-түйсігімен кабілет-кармынына карай түрліше түсінеді. «Өмір-өлім» концептісінің осындай ерекшелігіне байланысты аталмыш концептілерді жалпыхалықтық және этностық ерекшелікке карай бөлуге болады.

Жалпы өлім туралы калыптасқан адами ұғым бойынша адамның тәнінен жанның ұшып шығуы өлім деп есептеледі. Жанға ұшып шығу әрекеті тән, яғни ол (жан) ұшатын кабілеті бар, өте жеңіл, көзге көрінбейтін нәрсе ретінде сипатталып, көбелек, шыбын тәрізді жәндіктерге баламаланып беріледі: шыбын жсан, бір шыбындаі жсан, көбелек жсан, шыбын шыраңнан т.б.

Сол себепті «Өмір» концептісі «дүние» тіркесімен жиі беріліп отырады. Кожаберген жырларында «Дүние – аз күндік» [6, 249 б.], - дей келе:

Дүние деген сағым, бұлт,  
Перзентсіз жанда қуат жок.  
Бәрінен киын сол екен,

Артында қалған шырак жок [6, 250 б.], - деп, өмірдін мәні – атынды өшірмейтін «шырак», «із» қалдыру деп түйіндейді. Дүниенің аздығы – адамзат баласына берілген бір уакыт мөлшері секілді, сағымдай жалт етіп жок болардай, алдамшы дегенді айтады. Бұл өмірде «дүние» ешкімге жолдас бола алмайды, жиналған мал-мұлік – қолдың кірі, тез жуылып, шайылып кетеді.

Дүние кейде онда, кейде солда,  
Баста бак, дәулет ылғи түрмас колда [6, 79 б.].

«Өмір – уақыт» деген логикалық типтік модель жүйесімен сипаттайды.

Дүние бір сокпақ жол бұрандаған.

Бақ тайса ерге дәүлет құралмаған [6, 217 б.], - деген жоғардан «өмір» концептісіне «дүние» лексемасы тірек болып тұр. Өмір жолы – иреленген, бұраланы көп сокпақ жолға ғанаledі. Тіпті:

Дүние – жеткізбес жол бұрандаған,

Бақ тайса, мал менен бас құралмаған, - дейді. Шынымен-ак, қызығы мен шыжығы қатар жүретін «өмір» бақ иені так секілді тұрақсыз, мәнгілік емес деген философиялық үйіндеулермен өрнектелген.

Дүниеден казан жетіп етіп кетсен,

Иесіз кала берер тұлпар атын.

Тірлікпен әлі-ак бір күн қоштасарсын,

Ұрпакқа үлгі етіп кет ата салтын [13, 42 б.].

Не болмаса:

Тіршілік бес күн жалған өтер бастан,

Шығады өнер, ақыл қайран жастан, -

иені жырлайды.

Өлмей пенде калмаған айтсам ашық,

Ажалдан құтылмаған ешкім қашып.

Адамның өлшеулі өмірі таусылады,

Жүргенмен сүм жалғанда ман-ман өспесінде калмаған айтсам ашық, Ажалдан құтылмаған ешкім қашып. Адамның өлшеулі өмірі таусылады, жоғардан «опасыз дүниенін» тұрақсыздығына қатысты логикалық модельдердің ортақтығын таным сабактастырымен ойланыстыруға болады. Ажалдан ешкім қашып құтылмаған. Ажалдан адамның өмірі токтайды. Ол адам басына оқыстан, көпстен келетін дүние. «Ажал-айтып келмейді» деген қазакта соғыз бар.

Мұратқа пенде жетпес ізденгенмен,

Максұты орындалмас көздегенмен.

Дүниеден сап-сабымен өтті ерлер,

Найзасын онды-солды кезенгенмен.

Мың рет орансан да беренменен,  
Кірерсін жер қойнына дененменен [6, 26 б.], - деп ажалың келсе ешбір әрекет жасай алмайсын, дәм-тұзың таусылған күні о дүниелік боласың деген ойды білдіреді. Өмірде өлімнің бар екенін біле тұrsa да, актық деміннің қашан таусыларын ешкім де білмейді. Ол көзге көрінбейді. Және адам санасында әртүрлі кейіпте де елестеп жатады. Ауру, бір әзірейіл, жау ретінде көрініс табуы мүмкін. Бұның бәрі адам бойына коркыныш пен үрей ұялатады. Адам есейген сайын ажалмен бетпе-бет келіп, арпалысқа түскендей болады. Одан ешкім қашып құтылмайды. «Ажал ажарына да, базарына да қарамайды» деген де бар емес пе? Жасы жетіп, қартайып, тәні мен жаны тозып отырған адам өледі деп отырғанда, бар мүшесі сап-сау адамға ажал жетіп, бақылық болып жатады. Бұл да ажалдың тосыннан келетіндігін көрсетеді. Кейде жырау:

Θтеміз бе деп шынымен,  
Қызығын көрмей жалғанның, - дейді.

Өмір - бұл дүниеде баршаға қымбат әлем. Өмірдің бар болмысы, ондағы жақсылы-жаманды құбылыстары - «қызық». Адам алдында қашама киындық тұrsa да, алдыңғы күнге деген үмітін өшірмек емес. Сондыктan «Өмір – қызық, қылбат». Кожаберген жырау мәтінінде «өмірден кетуді азаптан құтылу», өлімді «бакыт», «тыныштық пен алансыздық сыйлайтын құбылыс» ретінде жағымды коннотацияда сипаттайды.

Айрылып он екі ұл мен жалғыз қыздан,  
Жатырмын ажал жетпей шараасыздан.  
Тенелген өлі аруакпен жағдайым бар,  
Журміз ғой жер бетінде амалсыздан [6, 222 б.].

### 1.2.2 «Дәурен» концептісі

«Өмірдің» құрамдас компоненттерінің бірі – «дәурен» микроконцептісі. «Дәурен» адам баласының өмірдегі тіршілік

әрекеттің жақсылы мен жаманды, шарыктау мен құлдырау, ыншатка кенелген не қүйзелген, т.б. әрекеттерінң бірі ретінде анык жағында үнемі жанғырып отыратын өмір кезеңі. «Дәурен» соң қазак тілінің түсіндірме сөздігінде: 1. Өмір, заман. 2. Еңшекті, бакытты шак. Дәурен кешті; Өмір сүрді, тіршілік етті; (шоғын) дәурен өтті. Дүниенің кызығы кетті. Дәурен сүрді. Еңшекті көрді; Жас (жастық) дәурен. Жас кез, кызықты шак - деген мағыналар тізбегінен тұрады.

«Дәурен» – уақытша нәрге. «Дәурен» концептісі адам омирінің бір бөлшегі ретінде танылып, «Өмір» микроконцептісіне соны бір мағыналық ренк үстейді. Дәурен өнірмен тікелей байланысты. Бұлардың байланысы тілдегі «өнірінде дәуірлеу», «дәуірінде дәурендету», «дәуірлеген өнім» деген сөз тіркестерінен айқын анғарылады. Сонымен күншір «дәурен» концептісі адам өмірімен, оның жасымен тікелей қаншылықты. Мәселен: *баталық дәурен, жастық дәурен, жігіттік дәурен, бозбаталық дәурен*, т.б. «Дәурен» концептісінің күрделілігі әкинші рет қайталбайтындығымен, қайталанған жағдайда да сол өнімшіктиң болмайтындығымен ерекшеленеді. «Дәурен» шоғында әр түрлі аспектіде көрініс тапқан:

Жас жетіп ак ордада мен жатырмын,

Өмірдің өтіп кызық тамашасы

Шынында өткен дәурен түс секілді,

Жастық шак бір жарамды іс секілді [13, 148 б.], - деген күншір жолдарымен Қожаберген жырау «дәурен – өткінші» өнірдегі түс секілді ғайып болып жок болатынын, уақытша және ағамшы болатынын айтады. Сонымен катар, осы сәтте «жастық шак та» – адамның жасымен, өмір сүру калпымен байланысты болғандықтан, «жастық» концептісі деп, бөлек алып қарастыруға болады.

«Кайран, жастық» өлеңінде жырау өзінің жастық өміріне, жастық шағындағы іс-әрекеттеріне қайран қалады. Сардарлық та, баһадүрлік те, батырлық та бастан тайған кез жетіп,

қайратының жоғалғанына, жастығының сағымдай бұлдыр  
кағып, кете барғанына тандай кағады:

...Қалдын ба, қайран жастық, жүрмей еріп,  
Бір кезде ілестірген жолдас көріп  
Кеттің бе расында, жастық, шіркін,  
Оралып келмейтін бол дүркін-дүркін...

Жастық шақ – оралмас өткенге тенеледі. Шал ақын жырлағандай: «Құрбылар, тіршілікте ойна да күл». Бұл дәурен екі айналып келмегі жок дегендей, жастық дәурен екі айналып келмейді. Тірі күнінде, аяқ-колын сау тұрғанда, бұл жалған тірліктің жастығына да, шаттығына да илана білуіміз қажет. Өмір – адамға бір ғана рет беріледі, демек жастық шақ та бір-ақ рет пенде басынан өтеді.

Сардарлық уақыттың өтіп кетіп,  
Токтадым осы кезде кәрілік жетіп.  
Кешегі жалындаған жастық шакты  
Отырмын көз алдымға елестетіп...[6, 227 б.].

«Жастық шақ – арманға, елеске айналатын дүние». Себебі, жасын жетіп, орта жастан асқан сон, жастықтың қадірін біле де, түсіне де бастайсын. «Шіркін, менің жастық шағым-ай, дариға-ай өтті-ау сол күндер» деп, белгілі бір киял канатына жетелейтін кездер де болады.

Өттің бе, есіл жастық көрген түстей,  
Тойыппыз қызығына жемей, ішпей...  
Пенденің жастық шағы базар екен,  
Еті тығыз, беті қызыл ажар екен....

«Жастық шақ – базар». Адамның ойын-тойға желігіп, сауық-сайран құрып, думанды тоймен, еш алансыз өтетін күндері базар емей немене? Қожаберген бабамыз да өз басынан тамаша жастық шактың ұшқының ұшырған жан. Ғұмырында жас та болса, бас бола білді, кобыз бер қос ішекті домбыраға үн

косын, әсем әннің майын да тамызған. Құйын желдей өте шығар  
бул жастыққа не шара? Адамның төрт шағы болады дейді.  
Іришінің – балалық, екіншінің – бозбалалық, үшіншінің – жастық,  
төртіншінің – кәрілік. Осылардың ішінде ең дәмдісі, тұшымдысы  
жастық шағы екен адамның. Бұл кезде дүниенін қызығына  
тоимай, асыр салып, бәйгеге қосқан тұлпардай оза шабар,  
жүнкіген жүйрік жылқыдай жылдам болады екен.

Жастықта жігіт кісі озады екен,  
Ду десе, делебесі қозады екен.  
Жас жетіп, уақыты өткен сайын,  
Матадай өні онған тозады екен,- деп жырлайды.

«Дәурен – адамның өмір сүру кезеңі». Кәрілікке дейінгі  
шамаша бір жалған тірліктің ең ұмытылmas, ғажайып, естен  
кетпес, кейін қызыға да, қызғана да еске алатын өмірлік кезеңі  
іссек кателеспейміз. Себебі, бұған мына төмендегі өлен  
шумактары дәлел:

Кәрілік жаныма менің әбден батты,  
Әуелден сөздерім бал, тілім тәтті.  
Кешегі жастық дәурен қайта оралмай,  
Киналтты ой түсіріп біздей картты

шемесе,

Бір кезде бозбала едім бұлғактаған,  
Үкілеп бәйге ат мініп ырғактаған.  
Жылқының суға айдаған тозаңындаі,  
Ол дәурен табылмай түр біздін маннан, - дейді.

«Дәурен – қайталанбас шак». Ол адам өміріндегі өз  
шығытымен болатын сәт. Өмір, жастық шак, дәурен сүрген сәтте  
шімнің де бір келерін адамзат ұмытпағаны рас.

Казак халкының XYII ғасырдың екінші жартысы мен  
VIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген жырау  
шоғыясындағы «өмір мен өлім» макроконцептісінің құрамдас

компоненттеріне «дүние» концептісінен басқа «заман» лингвокогнитивтік моделі де кеңінен колданыс тапқан.

### 1.2.3 «Заман» концептісі

«Заман» адам санасында өзінің ықпалына көндіруші қоғамдық құбылыс болып бейнеленеді. Тілдегі «елу жылда ел жана, жуз жылда казан» деген ой өмірдегі қоғамдық формацияға мен заман келбетінің өзгергенін бір ауыз сөзben түйіндең жеткізіп отыр.

Неше мын жыл нұрынан бәрін жаратып,

Келтірдің өзін заман ақырына [19, 99 б.], - дей келе Шал ақын заман өзгереді және оны өзгертетін адам екенін айтады. Яғни, әрбір адам өз өмірін өзі жасайды дегенге келеді. Және де бұл Кожаберген бабамыздың ойымен үндес:

Барымен базарлаған тауып ап жүр,

Заманнан үміт күткен тамағы іслей [6, 67 б.].

«Заман» адам санасында өзінің ықпалына көндіруші қоғамдық құбылыс болып бейнеленеді. Жырау поэзиясындағы «заман» концептісіне талдау жасау арқылы этнос болмысына қатысты көптеген танымдық акпараттарды тануға болады. Демек, ақын өмір сүрген сұрапыл заманың бет-бейнесін көз алдымызыға елестетері сөзсіз.

Бұл заман, кай-кай заман, қайғы заман,

Бос кеткен ер енбегі зайды заман.

Айрылып бала-шаға, мал-мұлқінен,

Жүртіма апат келді өте жаман, - дей келе «кайғы заман», «зайды заман» тіркестерін колдана отырып, сол кездегі үлken заманауи құбылысты білдіреді. Қоғамдық-саяси, әлеуметтік жағдайды көрсетеді. Халықтың бар қымбатынан айырылып, өмірдің сондай апatty күйге ұшырап, заманың кайғыға айналғанын баяндайды.

Бұл заман, қай-кай заман, орлы заман,  
Орнаған Үш жүз үшін торлы заман.  
Атадан ұл, анадан қызы адасып,

Жұртымды тентіреткен сорлы заман [20, 112 б.], -  
істен жыр жолдары арқылы «орлы», «торлы», «сорлы» сөздерін  
шаман концептісімен тіркестіре отырып, қайғы орнаған заманда  
шамның бауыр еті балаларынан адасып, казағымның үш жүзін  
тентіреткен сор мандай сорлы заманның кейіпін көрсетеді.  
Ішірінан айрылып бара жаткан казак жұрты үшін осыдан асқан  
күшдай азап бар дейсіз? Шынымен де, жырау баба айтқандай:

Болды ғой заман ақыр япырым-ау,  
Жарап еді казак қалса апаттан сау.  
Үлгертпей елден сарбаз жиуға да,  
Соқтыкты қапияда мейірімсіз жау [20, 125 б.].

Кожаберген жырау ғұмыр кешкен «заман» – сол ғасырда  
өмір сүрген адам тағдыры мен дүниетанымына ерекше әсер  
еткен коғамдық құбылыс екені анық көрінеді. Қай ақын, қай  
жырау, қай сөз зергері болмасын өзі өмір сүрген заманының  
жашашыры, камкоршысы. Олай дейтін себебіміз, халыктың  
шікені мен бүгінін, келешегін паш ететін осы бір рухани  
құндылықтар емес пе? Олай болса, Кожаберген бабамыз өзі өмір  
сүрген заманды сипаттау арқылы, қазак халқының өмірін,  
тұрмысын біздің көз алдымызға әкеледі. Қалмак пен қазак  
арасындағы соғыстың салдарынан елдің берекесі қашып, әке-  
шеше, ұл мен қыздан айрылып, қазактар қоныстарынан  
күштіндай қашып, өз жерлеріне өздері иелік ете алмай, тыныш  
жаткан жыланның құйрығын басқандай болды. Жырау үш жүзін  
шамаған катал жауына налып:

Замана күннен-күнге қағынып тұр,  
Талайтын жолбарыстай шабынып тұр [6, 55 б.].

«Заман» тіркесінің астары үлкен заманауи күбылысты білдіреді. Жырау поэзиясындағы «заман» ұғымы көғамдық формацияның өзгеруін, көғам өзгерген сон, ондағы әртүрлі күбылыстардың өзгеретіндігін этнос танымына жакын бейнелер арқылы суреттеген.

Бұл заман, кай-кай заман, құйын заман,  
Шіріткен тамам жұрттың миын жаман.  
Басталды Алакөлден жұрт сұлауы,  
Мәнгіртті есті алып коныс ауған [6, 60 б.].

Заманның катты сокқан құйын желдей құтырып, ешкімге дес бермей, дүйім жұртты шаршатып, шалдықтырған бейнесін көреміз. Алакөлден басталған бұл апат, казак халқына үлкен кайғы-касірет болып орнады. Әбден, қалжыраған, ұрыс шебіне шыға алмаған сәттерде, Еділ мен Жайықтың бойымен келе жаткан көштің ат пен арбадан бос келгенін көргендे:

Бұл заман, кай-кай заман, азған заман,  
Ел-жұрттың апат келіп, тозған заман.

...Уш жүзден сасық қалмак озған заман [6, 72 б.], - деп кайғырады.

Бұл заман, кай-кай заман, мыстан заман,  
Қазакты әлсіреткен дүшпан заман.  
Шұбырығанда ізіннен қар борайды,  
Қар жауған кантардағы қыстан жаман.

Шынымен, бұл заман қазағыма мыстандай тиіп, қалжыратты, замана дүшпанға айналды, халқымызды жан-жағынан теке-тіреске алды, кайда барса «Қоркыттың көрі» дегенмен тен болды,- деген ойды білдіреді. Еліміз шырайы мен шұрайы жарасқан мол ата коныстан айрылған кезен еді.

Атсыз қап жұрт жүрісі шабан болды,  
Халқыма аштық, соғыс жаман болды.

Басталып ел сұлауы Алакөлден,  
Ақтабан шұбырынды заман болды.

Каратаудың басынан келген көштін қаңырап бос келген,  
Карындастан, аға-бауырдан айырылып, көзге мөлтілдеп жас  
мен заман болды бұл деп күніренеді.

Бұл заман, кай-кай заман, шұбар заман,

Қазакка жаулар торын құrap заман... [6, 144 б.], -  
тәнді бір сөзінде. Расында, шұбар жыландай жасырынып келген  
шұя зұлмат, еліме құрылған тормен тен болды.

«Өмір» концептісі мен «өлім» концептісі акын танымында  
«Омірдің өлимелі – өлім» когнитивтік моделі арқылы авторлық  
шынындағы бейнесін береді. Өмірді өлімге баар жол ретінде бағалау,  
шынындағы адамға өмір өлмек үшін беріледі деп тану концептуалдық  
шынындағы құрайды. «Өлім» концептісінің ішкі құрылымында «о  
тынше-өлім» архетипі, «мәңгілік сапар» мифологемасы  
шынындағы құрайды. Ол теологиялық түсініктегі «ахиреттік сапар» дегенді  
шынындағы құрайды. Концептілік мәнге ие доминант көбіне-көп ажал мен  
шынындағы құрайды. Концептілік мәнге ие доминант көбіне-көп ажал мен  
шынындағы құрайды.

Өмір мен өлім құбылышын адам болмысының бір-бірінен  
жырамас екі шегі ретінде таниды.

Дүние опасы жок жалған екен,  
Бізден басқа да ерлерден қалған екен.

Өліп кетсем соғыста шейіт болып,

Үйде өлмей, түзде өлген арман екен, [13, 23 б.] -  
теген өлең шумағынан жыраудың ұлт дүниетанымында  
когнитивтік модель қалыптастыратын, халқымыздың өзгелерден  
ерекше ер жүректігін, батырлығы мен батылдығын,  
шынышылдығын танытатын ерекше касиеттерге ие екенін  
корсетеді.

Қалған соң көніл суып,  
Талайлар алды бетін жаспен жуып.

«Берілмей қаң майданда өлейік!» - деп,  
Соғыстық денемізді намыс буып [6, 211 б.].

«Өлім» макроконцептің ақын тілінде көбіне-көп адам баласының саналы түрде баратын әрекеттерінің бірі іспеттес жырланады. Оған себеп жыраулар заманының ішкі-сырткы факторлары. Ол кезеңдердің адамдары үшін осынау, опасыз жалғанда, елі үшін еміренген, казак халкының басына киын сәт тұғанда жанын шүберекке түйіп, жауына катал, досына адал бола білген жандар қан майданда соғысып өлгенні өкініш емес, куаныш, үлкен ерлік, ұлты үшін құресте мерте болу арман болған.

Құлазып сала берді шіркін, көніл,  
Дедім мен неге қыска мынау өмір...

немесе,

Жылқыда ұстаптайды сұр ат маған,  
Сөзімді кей надандар ұнатпаған.  
Жүзіне бұл фәнидің көз тастасам,  
Пенде жок мәнгі калып тұрактаған [6, 243 б.], - дейді.

Демек, өлмейтін адам, зат, құбылыс жок. Жаратылыс заңдылығы – туу, өлу. Дүниеде кез келген жаңа тозады, тозған жоғалады: деген казак ұлтының ойтанымынан көрініс беріп тұрғаны хак. Өмір де, өлім де ақиқат шындық екенін казак өзінің паремиологиялық дүние суретінде: өлімсіз өмір жок, өткелсіз өзен жок; өмірдің түбі – өлу, шырактың түбі – сөну; сынбайтын темір жок мәнгілік өмір жок; өзекті жанға – бір өлім деп бейнелеп, оған философиялық мән дарыткан. «Өлім» концептісінің өзегі ақын шығармаларында бірнеше мазмұнды өлшемдерден тұрады. Ешбір пенде кашан, қалай және қай жерде өткенін де, қалай қайтып өмір сүретінің де алдын-ала білмейді, яғни бұл екеуі де адам үшін алдын ала болжауга болмайтын, беймәлім, ғайыптан болатын құбылыс деген сөз. Солай бола тұра, өлім – өмірдің сонында болатын бұлжымайтын заңдылық. Мұндай жағдайда, «Өлім-болмай қоймайтын, табиғи құбылыс»

жүйе түрінде логикалық модельге ие. Ол үйде жүрсөн де түзде болсан  
шының олатын дүние.

Жас жетіп, тән куарып, хал азайды,

Әлсізбін тірі жанға саналмаймын,

Әйтеуір тірі аруак бол караңдаймын, - деген  
жеке тардан-ақ жасы жетіп, картайғаннан соң да өлімнің бір  
көшері анық екені сезіледі.

«Өлім – қорқыныши» моделі. Өлім үрей туғызатын  
малкулдық, кемпір кейпінде сипатталады, өлім ұғымының көтерлі,  
корқынышты құбылыс ретінде көрініс табуына әсер етіп,  
мұнынасын көңейтіп, күйіну, жабырқау, торығу сиякты эмоция  
реактері объективтендіреді. Жалпы әлем поэзиясында ажалды  
орын үстаған кемпір немесе канка кейпінде көрнекі образ ретінде  
шашу қалыптасқан. Жырау өміріне «өлім» - жан алғыш әзірейіл  
шашу көрінеді.

Көзіме бұлдырайды ой менен қыр,

Менен не өнер дейсін айтқан мен жыр.

Уақытын біте тұғын жап-жакын деп,

Жан алар ғазірейіл маңымда жүр.

«Өлім – есеп беру» моделі. Ақиқат танымда «өзекті жанға  
бір өлім» түсінігі кез келген адамды толғандыратын мәселе.  
Олім сағаты соккан кездे адам өз өміріндегі бар жиған-тергенін  
тастап кетеді. Мәтінде ақын өткен өмірін саралай отырып, есеп  
береді. Ақыннан кейін, әрине, жыр, сөз қалады. Мағжан: «Өлер  
өмір – сөз қалар», Абай: «Өлді деуге сия ма, ойландаршы,  
олмейтуғын артына сөз калдырыған» деген секілді жыр жолдарын  
жазса, Кожаберген бабамыз, төмендегідей өлең шумағын  
жазады:

Үрпакқа өзім өлсем сөзім қалсын,

Жырыма барша жұртым құлак салсын.

«Бабамның Кожаберген дастаны» деп,

Ұмытпай кейінгі жас есіне алсын!

Ақын тілімен айтсак: Өлімді сипаттайтын тезаурус: *Өлім, ажат, көр, қара жер, жан тәсілім, дүниеден өтті, бақи. Алланың ақ бұйрығы, жанын қармау, о дүние, иман, кебін, сегіз ұжымақ, жеті тамұқ, сират көтірі, жан, рух, ақырем, күна, аманат т.б.*

Өлім көптеген философиялық енбектерде «тағдыр, жазмыш» ұғымдарымен катар карастырылады.

Батыстық философиялық таным бойынша *тағдыр* - Ұлы Игіліктер кеңістігінде (пространства Высшего Блага) Құдайлық Даналықпен құрылған өзіндік формасы, себептері мен тәртіптері бар ерекше құрылым. Ежелгі грек философи Бозийдін трактаттарында *тағдыр* бір осытен айналып тұрған шығышықтар ретінде суреттеледі. Шығышықтар неғұрлым осыке жақын болған сайын тағдырдың бұраланы да азая береді, керісінше осытен алыстаған сайын тағдырдың бұрылыш-бұраланы көбейе түседі. Діни сипаттағы философиялық пайымдауларда (көне дәуір философтарына тән) *тағдыр* – құдайдың жазуы, одан қашып құтылуға болмайды (яғни адамның тағдыр алдындағы дәрменсіздігі) деген философиялық кағида басым айтылса, кейінгі философиялық енбектерде *тағдыр* ұғымы *кездейсоқтық* ұғымымен катар алынып талданады. *Тағдыр* мен *кездейсоқтық* бірін-бірі жокқа шығаратын кереғар құбылыстар ретінде де, бір-бірімен катар жүретін ұксас құбылыстар ретінде де тануға болады. Мәселен, *тағдыр* (жазмыш) болмай қоймайтын, міндettі құбылыс болса, *кездейсоқтықтың* болу-болмауы екіталай, оның өзі де белгілі дәрежеде жазмышпен байланысты. *Тағдырды* болжауға болады, ал *кездейсоқтықта* не күтіп тұрғанын ажалды пендеге ешқашан білу, болжау мүмкін емес. Сондай-ак *тағдыр* біреу, ал *кездейсоқтық* көп, *кездейсоқтық* адам өмірінде белсенді әрекет етеді, *тағдыр* адамның күнделікті тұрмысында, күйбен тірлігінде байқалмайды, оның ғұмырында жалғыз рет өзінің үкімін орындаиды. [21,38 б.]. Психолог ғалымдардың көрсетуінше адамның психо-менталды құрылымы екіжакты

«сущность», «бинарность»): ол өткеннін естеліктері арқыла және келешекке деген үмітімен өмір сүреді: «Человек всегда находится между памятью и надеждой, опытом и воспоминанием независимо от того, сознает он эту промежуточность (сущность) своего положения или не сознает» [11, 13 б.]. Практикалық философияның (ұлттық әдеб-ғұрып, фольклор, дін, әлеуметтік идеология, тәрбие, өмірлік тәжірибе, әлеуметтік орта, өмір салты, өнердегі дәстүр, белгілі бір ұлттық мәдениеттік тарихи мұнайсарлардың өмірі тәрізді факторлардың жүйелі жиынтығы) қалыптасқан танымдық үрдісі бойынша өлім концептісі *тәгдыш* және *ақиқат* (шындық) концептілері аясында да талданады. *Тәгдыш* болмай қоймайтын, адамды өзіне мойынұсындыратын, әлемнің өмірін бағыттап отыратын құбылыс болса, *ақиқат* әлемнің өмірдегі аткарған істері мен жасаған қадамдары. Ағынғысы бағындыруыш болса, кейінгісі адамға құш беруші, өмірге жетелеуши құш болып табылады [22, 302 б.].

Кандай *тәгдыштың* да соны өлімге тірелетіні белгілі. Осы түркінде өлім мен *тәгдыш* өзара байланысты категориялар XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында өмір сурген орыс ғашылдары өлімді екі түрлі бағытта қарастырады. «Философия общего дела» аталатын трактаттың авторы Н.Ф. Феодоров пишілгенде: «Адамзат баласының жаксылыққа баар жолындағы көдергі, болмай қоймайтын жауыздық» деп сипаттама береді. «Нет смерти вечной, а устранение смерти временной – наше дело и наша задача, задача разума теоретического и практического как единого, нераздельного», - дейді. Екінші бағыттың өкілі С.Н.Булгаков пен Л.П.Карсавин өлімді адамдың мәнді қалыптастыратын жаксылық құші ретінде сипаттайтыды: «Смерть должна быть понята не отрицательно, как некий минус мироздания, но положительно, как вытекающая из самого его основания» [23, 34 б.].

Өлім мен *тәгдыш* (мұсылмандарша - *жазмыши*: «Жазмыштан озмыш жок») өзара байланысты категорияларды білдіреді. Жырауларда «тағдыш» сезінің орнына *жазмыши*,

*Алланың жазуы, Алланың бұйрығы, Алланың қалауы ұғымдары колданылады. Өлім – ол Алланың ақ бұйрығы.*

Алладан бұйрыкты ажал келіп жеткен,  
Жазмыштың өлшеулі күні дәмі біткен...

Немесе,

Асылдар бұл сөзімді мұқият тында,  
Тәнірім жан жаратты неше жұмлә [16, 136 б.].

Адам топырактан жаратылды, бірак топырактан жаратылған оның кірпіш тәні ғана. Кірпіш тәнге үрлеп енгізілген жан мен рух ол адам жаратылмастан бұрын бар Мұхаммед пайғамбардың нұрынан алынды. Сол нұрдан он сегіз мың ғалам жасалды деп көрсетіледі. Сондай-ак, тән (материя) уақытша. Жыраулық танымда жанның бірден-бір мекені – кеуде (кейде тән деп айтылады) екенін танимыз. Бірак тән (кеуде) жанға мәнгілік мекен бола алмайды. Себебі тән – уақытша өзгермелі болмыс. Оның тіршілігі жанмен бірге болғанда ғана. Жаннан айрылған күні тән өледі, шіриді. Бірак жоғалмайды, өзге формага өтеді. Баба өз өлеңінде тәнге байланысты:

Жасымда жігіт болдым ойнакшыған,  
Ботадай от басатын ойнақшыған,  
Бұл кезде жасым жетіп, тәнім тозды,  
Дәл менде не бар дейсін ой бықсыған.

Демек, тән – алдымен тозады, кейін өз жұмысын тоқтатады. Уақытша өзгермелі болмыс. Оның тіршілігі жанмен бірге болғанда ғана. Жаннан айрылған күні тән шіриді. Бірак жоғалмайды, өзге формага өтеді.

Алла тағала адамды жаратқанда оның «кірпіш тәніне» жанды аманат ретінде үрлеп енгізген еді. Аманатка – қиянат журмейді. Өлу – Алланың аманат жанын тапсыру (тіліміздегі «аманат жаным сау болса», «жан тапсыру» тіркестерін еске алайық). Сондай-ак адамды жаратарда Жебірейіл періште

Жерден топыракты да аманаттап алған еді. Олай болса тәннің жер койнына беріліп, топыраққа айналуы жердің аманатының орындалғаны болмак [15, 65 б.].

Жалпы өлім концептісінде *топырақ* және *қара жер* фреймдері ерекше рөл атқарады. Табиғат деген - адамның қажеті үшін жаратылған қоршаған ортағана емес, ол мистикалық субстанция. Табиғат – ана. Адамзат өзінің пайда болуын жер мен күннің ара қатынасынан туындауы осының імділі.

Жыр мәтінінде дүниенің көркемдік-идеалық концепциясы үшиненің төрттік негізінің бірі – *жер* ұлттық таным деңгейінде өткінеленген,

*Қара жер* – адамның Аллаға аманатын қабылдап алушы қасиетті мекен:

Екі ұлым, екі атқосшым окқа ұшты,  
Төрт боздак кара жерді барып құшты  
... Жыл салып арасына әркайсынын,  
Кара жер құшагына алып кетті [6, 242 б.].

Енді бірде, *қара жер* – киындықтың, Алланың әмірімен қаска салған ауыртпашилық, бір салқындықтың нышаны ретінде бейнеленеді:

Көрсеттің көпке қысым қатты, Құдай,  
Қара жер қабыргама батты, Құдай.  
Келтірдің жұрттыма індет қатты, Құдай,  
Қара жер ел табанына батты, Құдай.

*Қара жер* – адамның мәнгілік мекені, жататын жайы:

Мын рет орнансаң да беренменен,  
Кірерсің жер койнына дененменен.  
Әлі де жарты ғасыр соғысар ел,  
Жалмамақ көп жандарды сүм кара жер [6, 91 б.].

Көп сарбазды жалмады,  
Бауыры сүйк қара жер  
Қара жер боздактарды жалмап жатты [6, 67 б.].

*Топырақ* – өлімге мойынұсындырушы белгі. Топырақ – адамның шықкан және кайта баратын тегі, құрамы.

Казак ұлттың өзіне тән этностық табиғатымен ерекшеленеді. Әр ұлттың, этностың таным үрдісі мен рухани құндылықтарды қабылдау, зерделеу, тұжырымдау өрісі жыраулар поэзиясында көрініс табатыны белгілі. Мұндай таным процесі халық ақындарының ойлау, пайымдау, өмірді қабылдау қасиетімен бірге тілдік ерекшелігінен де ангарылады. Осы орайда ұлттық таным-түсініктерді анықтау, Кожаберген жырау поэзиясы арқылы ғаламның тілдік бейнесіне жол сілтейтін концептінің табиғатын ашу этнос санасындағы ментальдық даралыкты тілдік деректер негізінде танып түсінуге ықпал етеді. Кожаберген жырау поэзиясында танымдық тұрғыдан зерделенетін тілдік-философиялық тұжырымдар мол. Солардың арасында Кожаберген жыраудың тұлғалық ерекшелігін, ақынның тілдік ерекшелігін, стилін танытатын «өмір мен өлім» концептісі. Ақын поэзиясында «өмір–уақыт», «өмір өлимелі – өлім», «өмір – болмай қоймайтын құбылыс, табиги құбылыс», «өмір–қызық, қыыбат», «өлім – қорқыныш», «өлім – есеп беру», «заман» – қайғы, сорлы, орлы» секілді типтік моделдері арқылы көрініс табады. Тілдік контекстегі ғалам бейнесі, соның ең маңызды көрінісі «өмір мен өлім» концептісі – бүкіл адамзатқа тән ақиқат бола келіп, шығарма тілі арқылы зерделеу – бүгінгі ұрпак үшін мұра болып табылатын тілді және ұлтты терең білуге игі ықпал ететін қажет мәселе.

#### 1.2.4 «Атамекен» концептісі

Казактар үшін кеңістік ұғымы әрі горизонтальды (он, сол, шығыс, батыс, дүниенің төрт бұрышы), әрі вертикалды (жоғары, төмен, аспан, жер, асты) формада қабылданатыны оның

түрлі мифтерде, ауыз әдебиеті ұлгілерінде сакталған тілдік шишилерінен көрінеді. Кеңістік дегеніміз қазақтар үшін шексіз космос. Осы космоста олардың «өз микрокосмосы» бар, ол – «атамекен» деп аталатын олардың бүкіл болмысын өзге «ықпал түні, үйлесімділігін бұзушы» күштерден сактайтын, ата мұнынан мұраға қалып келе жатқан өздері үшін ерекше «жұмак, жайлы жер». Атамекен ұғымы осы тіркестің құрамындағы «ата» және «мекен» сөздерінің ассоциативті мильтыналары арқылы да объективтенеді. Ата – «ата-баба» мильтынасында әрі «ежелгі» мағынасында алынады, мекен – «тұрақ, өмір сүретін, өсіп-өнетін территория» деп түсінеміз. Соңда атамекен «ата- бабаларынан бері мекен етіп, өркен жайып келе жатқан жер» деген ұғымды береді. Атамекен атауы кейде «ата жұрт, ата қоныс сөздерімен де ауыстырылып көлданылады. Жалпы ұлттық стереотиптік ұғымда атамекен сиропалық ғалымдарының түсінгеніндей, «көшпелілердің коніл-конып жүретін территориясы, малға жайлы жайылымдық жерлер» емес, атамекен біріншіден, ата бабасының (өзінің ғана смес) кіндік қаны тамған жер, екіншіден, ата бабасының бейіті (моласы) жатқан жер, үшіншіден, атамекен болатын жердің гаидалуы қасиетті әулиелердің, пайғамбарлардың батасымен, Атланың қалауымен жүзеге асырылады, төртіншіден, атамекен ата бабаның қаны төгіліп, жаудан қорғап алып қалған жер, бесіншіден, атамекен «ағайын-тума ортасы» [15, 104 б.].

«Атамекен» концептісі кандай ұлттың да менталды түнніетанымында негізгі рөл атқаратыны белгілі. Себебі адам моласы үшін тұрактап, өсіп-өнген, ұрпак жайған, мекен етіп, қауыр басқан жерінен артық жер болмайды. Соның ішінде қазақ халқы үшін «тұған жер» қанша кадірлі, ыстық болса да, «атамекен» ұғымы одан әлдекайда қасиетті, жоғары екенін ғайқаймыз.

Кожаберген жырау поэтикасында «атамекен» ұғымын спілдіттаяуға қатысатын басты географиялық атаулар

төмендегідей: жер атаулары – *Сарыарқа, Айтай, Сібір, Тарбагатай, Сыр елі, Парсы елі, Шымкент-Созақ, Үзкент, Сайрам, Маңғыстау, Ташикент, Теміртау, Самарқанд, Бұхара, Шымкент, Созақ, Түркістан*; өзен-көл атаулары: *Есіл, Еділ, Ертіс, Тобыл, Үшбұлақ, Том, Омбы, Аягөз, Алқакөл, Талас, Жайық, Әмудария, Шу, Аңықөл, Телікөл, Жем, т.б.* Тәбе, тау атаулары: *Орал, Шыңғыстау, Айатай, Қаратай, Ереймен, Баянтау т.б.*

Жер атаулары «Елім-ай» жырында сонау Ақ Орданың күрылуынан бастау алып, Жәнібек пен Керейдің өз алдына ел болам деп, хандық еткен заманын, Қазак дейтін үш жүзге Жонғар халқының шабуыл жасап, елді аныратып, жерін шауып, казағымыздың күтын қашырган «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталаپ кеткен сүм соғыска кү ететін тарихи жерсу, тау аттары ретінде суреттеледі. Елім-ай – халықтың сонау 1721 жылғы тарихын көз алдымызға елестетін туынды болғандықтан, жырда көбінесе географиялық атаулар сол оқиға болып еткен жерге байланысты, бірде жауын жайлата женип, бірде біреудің қолында кетіп бара жаткан ата конысымыздың сол кездегі халін көрсетеді.

*Шыңғыс пен Аягөзді қалмақ алып,  
Бөгендей қолбасшыны қалжыратты*

немесе,

*Ұзамай Іле бойын жонғар алды,  
...Аймағын Жетісудын түгел жаулап,  
Дүшпандар зар жылатты қанлыларды [6, 54 б.]*

Калмактардың казактың жерін басып алу максатында ұрыс өткізген жер атаулары көрсетіледі:

*...Ертіске Омбы өзені құяр жерді,  
Айнала тоғаймен қалмак алған.  
Шегіндік мылтық бізде аз болған соң,  
Сибан көл, Тарышы көлі жауда қалды.*

Токтаттық *Есілкөлде* қалың жауды,  
Ор казып, Есіл көлде жолын бәгеп,  
Соғысып қолма-қолды қалмакты ұттық.

Бес руы Керейдін,  
Соғыста құрып жоналды.  
*Есіл, Тобыл, Көкшеде,*  
Мал мен мұлкі тоналды [6, 1536.].

Дегенмен, екі ел арасындағы ұрыстың соны қазақтардың  
жынысымен аяқталғанын білеміз. «Женіс толғауында»  
қынтақтар болса, Қытай мен Парсы елінен асып, саудаға  
жеткізген, не ішер киімге, не ішер тамаққа жарымай керуен  
жыныс кеткендігін айтады.

Жырау өзінің билік еткен, аталары туған, өмірінің небір  
жыныстары сәттерін өткізген орта ретінде:

*Есілдің* ну тоғайын мекен еткен,  
Жер жыртып, алабына егін еккен.  
Толыбай сыншыұлы деп ел атаған,  
Карабас сол араны мекен еткен.

Алтай тау Оғыз атам туған жері,  
Соғысып қытайларды күған жері.  
Алатау, Алтай мен сыр мекен болып,  
Оғыздың кобыз тарткан көсемдер.

Кешегі сауық етіп жүрген жерлер -  
Серілікпен жаста шарладым,  
*Қазан мен Кемер* арасын,  
Ордабасы боп жүріп,  
Көп ел мен жерді таныдым  
...*Теріскей Сарыарқаны* қыстайтұғын,  
Егіз ел Керей-Уақ көсемі едім, - деп Есіл өзені мен өр

Сарыарқаның бойын сипаттайты [6, 28 б.].

Көбінесе, көл, өзен, сай атаулары тұлғаның (жыраудың) «сезіміне қанат бітірген табиғат сұлулығы, көркем үйлесім табады».

*Eсiл, Ертiс, Тобылдың тоғайларын,*  
Ежелден елі-жұртым қыстап келген.  
Ан аулап, кансонарда бүркіт салып,  
Жыл сайын кәсіп қылған нелер мерген.

Тоғайын *Оибы өзені* жұртым қыстап,  
Баптаған алғыр тазы, қыран ұстап.  
Ертеден Керей коныс еткен *Сiбiр*,  
Корғаған жаудан ерлер кару ұстап.

*Түркiстан, Сайрам, Тараз, Ташкент* манын,  
Мекендер орта жүздін халкы қалын.

...Әсірген қой мен түйе, жылқы малын [6, 140 б.].  
Атамекен концепті осы ұғымды танытудағы ядролық концепті болса, оны толыктырып, мазмұнын байытатын «толыктыруыш» концептілер де бар. Олар: құтты қоныс, құтсыз қоныс концептісі [15, 148 б.].

«Құтты қоныс» концептісі. Қоныс ұғымының казактар үшін каншалыкты қасиетті ұғым екендігі «қоныс жайлы болсын», «қоныс құтты болсын» тәрізді тілек түріндегі тіркестердің, «қоныс аудару», «қонысынан айрылу» сиякты колданыстардың мифтік астарынан ангаруға болады. Жана қоныска көшіп келгенде, алдымен, ол жерді отпен аластыды. Сол арқылы қонысты осы уақытка дейін (жана иелері келгенше) иеленіп қалған тылсым күш иелерінен (жын, шайтан, пері, яғни өзге космос өкілдері) тазартады. Қоныстың өзі қоныс және атақоныс деп жіктеледі. Қоныстан көшу, жұрт ауыстыру (жайлаудан күзеу, қыстауларға көшу, малға жайлы жайылымдық жер іздеуге байланысты) көшпелі елдін тұрмыс-

іршілігіне байланысты кездесе беруі мүмкін, ал атаконысты тастап көшу, жер аудару – тек амалсыз, еріксіз жағдайда ғана болатын, кейінгі өкініш, қайғы-касіретке, мұн мен сағынышқа соң болатын жағдай. Төмендегі өлең жолдардан Қожабергеннің «Елім-ай» дастанында қөрініс тапкан атаконыңқа тапшылысты фреймдер арқылы қөрінеді.

Кайран Керей елім-ай,  
Кек шалғын Сібір жерім-ай.  
Кір жуып, кіндік кескен жер,

Кетем бе, сені көре алмай,- дегенде туған жерін, Керей елін, ата-бабаларымыз мекен еткен қонысын көре алмай арманда кетем бе деп өкінеді жырау. Атамекенін тастап көшу – Қожаберген жырында:

Бұл қырғын жаппай барша қазакқа ауды,

Наймандар тастап көшті Алтай тауды, - деген жолдардан казак халкының басына түскен ауыр жағдайды кореміз. Яғни, ата қоныстан көшу мынадай жағдайда болуы мүмкін: өзіңнен күші басым жау келіп, амалсыздан көш ауыстыру: Құты қонып, берекесі жарасқан казактың әр шанырағы себепсіз шайқалмаған. Алтайын тастап, басқа жакқа көш аударуы сүм соғыстың салдарынан екені анық дүние. Тағы бір мысал:

Амалсыз тастап Сыр бойын,  
Орал тауға бармак боп.  
Шоғырланды төбеге,  
Көшпек болған жиын-топ.

Кетерінде киналды ел,  
Коныстарын кия алмай.  
Бәрі де жүрттың жылады,  
Көз жастарын тыя алмай, - дейді [6, 139 б.].

Немесе коныс құтсыз болғанда. Қоныстың құтсыз болуы мал бакқан көшпелілер психологиясында *жұт, соғыс ұғымымен* байланыстырылады. Жау төніп, жер-суынан айырылған казақ бейнесі:

Бұхарға барған ерлер қайта оралды,  
Қырғызып куан шөлде біраз малды.  
Індептен жиі ауырып құнан, тайлақ,  
Байырлап ол жакта жұрт тұра алмады [6, 162 б.].

Ташкентке жетіп жаулар лаң салады,  
Бәрін де жолдағы елдің қырып салды.  
Тігілген ак ордалар қайран коныс,  
Қанырап тіршіліксіз бос қалады, - деп суреттейді.

«Жұт жеті ағайынды» деп есептеген казақ малдың, адамның арасында жүқпалы індептін көбеюін. жерге шөп шықпай, мал мен адамдардың аштықтан қырылуын кей кездері қоныстың құтсыздығы деген түсінікпен жұрт ауыстырған. Яғни ата қоныстан кету – жаманшылық, жаман ырым болып саналады. Сол сүм соғыстың салдарынан:

Алтайда салып ойранды,  
Ойраттар шапты Найманды.  
Дәү мылтықтан шар түсіп,  
Бақыты елдің тайған-ды, - дейді.

Шынымен де, казағыма қырғидай тиген бұл апат басынан бағын тайдырып, берекесіздік орнатты. Шабуылдан аштық пен жұтқа іліккен қазактар от пен судың ортасында қалғандай болды. Күннің сүйк ызғары мен ауыр күндерінен, жан алар әзірейілдей болып келген жұттан халқымыз ен байлығынан айырылып, коныс тепкен шұрайлы жерлерін тастап, зарланған жетім, бала-шағадан айырылған байғұс аналар көбейді. Жырау:

Сұм соғыс, аштық пен жұт нені қойсын,  
Айырылды ел ен байлық пен жиған малдан.

Тамекен – әркімнің құтты орны, киелі мекені.

Ежелден «Сұлу тәбе» Алшын жері,  
Көп еді Сыр бойында Алшын елі.  
Еділ мен Сыр арасын мекен етіп,  
Әуелден көшіп-қонып жүруші еді [6, 69 б.].

Казакка әу бастан корған болған, керегінде пана болған  
Қаратау, Еділ-Жайық, Сыр бойы қашан да касиетті.

Қаратау, Сыр, Сарыарқа, Еділ-Жайық,  
Тұракты Қазак жұрты қонысы деп.  
Санандар тұп қазыққа соны лайық,  
Әуелден мал кіндігі өрісі деп [6, 79 б.].

Жағасы жанға жайлыш, жайлауы малға жайлыш, өрісі кен ұлы  
казак даласы қашан да, неге де болса құтты болмак. Ежелден  
коныс етіп, егін салып, жылқы, қой, түйе, қара малдарына коныс  
болған Түркістан, Сайрам, Тараз, Ташкент мандары да Орта жұз  
халқы үшін аса қадірлі. Ташкент пен Түмен шаһарлары да қыс  
қыстап, жаз жайылымға еркін болған.

В.А.Маслова: «Круг дома у кочевых Народов, например, у казахов, это – степь, по которой это племя проходит за одну кочевку», - деп жазады [17, 82 б.]. Шынымен, казак жырауларында «үй концептісі» жоқ, оның орнына *атамекен*, *ата қоныс*, құтты қоныс концептілері қолданылады, кейінгі калалы заманның ақындарындаған «от басы, туган ошақ» ұғымдары пайда бола бастағанын байқаймыз. Тіпті біз зерттеген жыраулар тілінде үй сөзі де сирек айтылады, ол да кейінгі жыраулар қолданысына тән:

Бір үйге келіп қондым кешке таман,  
Сарғайып су таба алмай болғам жаман.

Әйелі: «Бұл үйдөн кет далаға», -деп,  
Қалдырыды көнілімді болып надан.

«Үй» – шанырак, үлкен біреудің ордасы, құт-береке дамыған оты өшшеген ошағы болып саналады. Қазак қашанда кең пейілді, дастарханы жаюлы, дархан халық есебіндес суреттеледі емес пе? Бұл жерде әйел адамның ер адамды үйінен кет әрілеп, айғай салуы жат дүние болып есептеледі.

Құтты коныстың сипаты: «*сылдырап* сұы *сылаң* қаққан», «*көкорай*, *кек құракты* *көлдері*», «*аң аұлан*, *саят құрган* *белестері*», «*баянды*, *құтты қоныс мекен*», «*төрт тұлғік маға жайлышы*», «*жаз болса, бие менен інген байлан*», «*кек шалғын*», «*мағ көбейіп, бас өсіп*», «*бетегелі бел*», «*үйрек ұшып, қаз қонған, айдын шалқар көл*», «*жагасында туғиे қаптаған, сұы тұзды* *көлдер*», «*қасиетті кең дала*» бейнелі схемалары арқылы беріледі. Дастандарында: Қекпар тартып, сайысқан, Жасыл алқап дөнім-ай, Ит жүгіртіп күс алған, Бетелгелі белім-ай, Қалын жылкы жайылған, Жап-жасыл жазық жерім-ай. Сұы тұшы, шебі шүйгін малға жайлышы, Құйқалы ғажап жерлер Аркадағы. Сарыарқа – жердің кіндігі, Қекорай, кек құракты көлдері, Көп өсіп Арғын-Қыпшақ өнген еді, Рахатын молшылықтың көрген еді, Арасын Ташкент, Торғай мекен етіп, Ежелден қыстап, жайлап жүрген еді,- деген жолдармен көрініс табады.

### 1.2.5 «Ерлік, батырлық» концептісі

Қазак халкының пешенесіне сайын далада өмір сұруді жазыпты. Сол ғажайып шексіз далада пейілі де даркан болды, оның жүзі жаркын, әнінің әуені асқақ, сөз мақамы ектемді, кимылы, қарекеті батыл, шапшан келді. Сайын далада өзі ерікті, киімі көрікті, ән айтып, күс салып, мал бағып, емін-еркін көшіп-қону оның ғасырлар бойы қанына сінді. Қазак шын мәнінде дала перзенті еді. Бірак казактың ата қонысы –

Синин дала Еуразияны косып жаткан геостратегиялық манызы бар ет. Койны толы казына жер ежелден парсы, монғол, қытай, орас сиякты көрші елдерді ғасырлар бойы мазасыздандырыды. Оға азтай-ак, жау жағадан алғанда, Бұкар, Хиуа хандықтары, кеменгі калмактар мен башқұрттар, кейде қырғыз қонырларымыз етектен тартты. Қалай болғанда да, даланы ғасырлар бойы сыртқы жаулардан қорғау дала перзенттерін қауігершілік өмірге үйретті. Қазақ сахараасын «Азияның кілті меші күлпү» санаған Рессей империясы XYI ғасыр аяғында Симбіздің шетінен бір-ак шыкты. XYII-XVIII ғасырларда қоңгарлар казақ елін тоздырыды, үстемдігін оздырыды. 1623 жылы ғарассін көтерген Жонғар хандығы 1643 жылы Ұлы жүздің шыныс аймағының біраз жеріне ие болды. XYIII ғасыр басында омар Кобда, Тарбағатай, Алтай, Алатау өнірін басып алды. «Еділ, Жайық, Арқаға казак руын, Шу, Талас, Сыр, Қаратай мауда калды», - деп Кожаберген жыраудың егілуі осыдан.

XYIII ғасыр басындағы 40 жыл ішінде халыктың үштен скідейі қырылды. Халық жойылып кетуге дейін құлдырады. Үбейбіт халық егілді, жазықсыз жандардың каны төгілді, халыктың қабырғасы сөгілді. Басқаша айтқанда, халық шандарыска ұшырады, оның басына күн туды. «Актабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманасты тарихқа осылай енді. Елі үшін, жері үшін талай ерлер, батырлар қан төкті. Дала шапкыншылық, дабылды шабуыл жылдарында өмір сурді. Алмағайып замана перзенттері еді олар. «Елім-ай» элегиясы сол өмір кезді жадына салады. Сондыктан, дала кеменгерлері – тар жол, тайғак кешу заманасының ұлы ойшыл перзенттері. Сонымен катар, олардың әркайсысы әрі би, әрі дипломат, әрі батыр. Алысса білегі бар, арбасса жүрегі бар, акыл мен жігері бар, сай-сүйегінді сыркыратар сөзі бар, болашакты болжар көзі бар шалкар елдің киелі иелері еді олар. Ерлердің бүтін (түтел) болуы ел іргесінің амандығын, төрт құбыланың түгелдігін білдіреді. Елдің ұстанымы: елдің рухани колдаушысы – *әүлие*,

*шайхы, пірлер, олардың насиҳаттаушысы сопытар, ел, жердің корғаны – батыр, елдің ерлері, елге дем беруші – жырышы жыраулар, елдің бірлігін, тірлігін ұйыстыруышы билер мен бектер* [15, 92 б.]. Осылар аман болса, ел де аман, жер де тыныш деп есептеледі. Қазактар хан болып билік құрганнан бері өз елінің билеушісі, хандарына кәміл сенген. Оны қасында жүрген жыршы-жыраулары, уәзірлері мактап, мадактап отырған. Кожаберген жырау да өз халқының дара перзенттерін жырларына арқау етіп, казак халқының басына түскен небір киын сәттерде билік басынан табылған әділетті де әмірі зор хан билеушіліремізді көз алдымызға экеледі. Бейбіт заман орнатуға асықкан, елдің бірлігі мен тірлігіне біте қайнасқан ер-азаматтар тарихынан сыр шертеді. Қын-қыстау сәтте жол бастаған қазактың алғашқы хандарының бірі – Хакназар жайында:

Хакназардың тұсында,  
Қазактың халі жақсарған.  
Тұтас күйде Үш жүзді  
Көп жыл бойы басқарған.

Шынымен де, кең байтақ казак елінің әр түкпірінде коныстанған халықты біріктіріп, бас құрау онай шаруа емес. Тіпті ата аруағын шақырып, ұран салып, жер-суын корғау максатында талай көzsіз ерліктерге барған хандарымыз да жоқ емес. Солардың бірі - Өз Тәукемен замандас, аты шыққан, бірі сұltан, бірі ер, кос Тәуке тіршілігінде калмақтан халқын корғап, елінің тұтастығын сактауға атсалысқан. М.Әузов айтқандай, «тыныштық заманда киуы қашып, арасы ашылған қарындасты табыстырып, қысылшан заманда сасқан елге жол табатын, бет нұскайтын, кеменгер, көреген болған» [3, 29 б.]. Билер де казак жерінің тыныштығы үшін күресті.

Жырау шығармаларында Үш жүзге аты мәлім Қанжығалы Бөгенбай есімі де ерекше жырланады. Себебі:

Батырлардың ағасы –  
Қырыкта жас шамасы,  
Корған болар халқыма –  
Бөгөнбайдай панаыс, - деген жолдардан ел басына  
жүргіштік түскен сәтте орда басқарып, қол бастаған ол да бір  
мұнның сүйген күліна айналған азамат. Енді бір сезінде:

Табағын жаудың өзіне қайта тартар,  
Бөгөнбай, Ер Сары, Аскап, Жабай, Көшек, - деп бетке  
шар ел корғандарының есімдерін тізіп те көрсетеді.  
Ішімдік мұндың «*сындырмайтын жандар – батырлар*» дегенді  
аңтады. Жауын женіп, казактың байрағын тұғырына  
қолыратын да – осылардай атпал азаматтар екендігін айтады.

Есентемір, Кердері,  
Жұртын бұлар бастап ап...

Немесе,  
Жағалбайлы Төс батыр,  
Өз халқына ес батыр - деген шумактардан  
шарратынымыз, 26 жасында жас та болса, бас бола білген  
Кердері, Төс сиякты батыр азаматтардың барына куә боламыз.  
Іарихымызға теренірек көз жүгіртеміз.

Көшебенің тұнғышы –  
Жауынгер бабам ер болған,  
Мұсылманға бел болған, - дейді.

Ер Фархадтан тараған Танаш биден жаралған Көшебе де,  
акылына күші сай, орта жүз елінің ішінде, ашамайлы керей  
елінде көсем болған адам. Әкесі Танаш сардар, ел камқоры  
болып, сол кездегі хандардың қасынан орын алған атакты  
білдердің бірі болған.

Балға, Балта, Едіге –  
Керейден шыққан асылдар,- деп суреттейді.

Елдін шырқын бұзған масылдар, бұлар барда маңайдан да жүрмеген. Өзбек, Жәнібек, Бердібек, Бұлантемір секілді хандар әр жылда ғаскер басқарып, жауларына карсы шыққан әрі хан, әрі колбасшы батырлар. Демек, Хакназар, Тәуке, Бөгенбай, Балта, Едіге, Танаш есімдері – елімізде бірлік пен тыныштық орнату максатында, әрі көzsіз ерлік пен батырлықтың иесі ретінде танылды. Ел тыныштығы үшін құрескен, нағыз ердін бейнесін танытты.

Жырау танымында ерліктің, батырлықтың белгісі – «*майданда шейіт болған, үйде туыт, түзде өтген*», «*босқа өтуге болмас деп, қатған жанды Атлага гана тапсырып, жаугерішілікпен күн кешкен азамат*». «*Абылайтан, Ошыбайтан*» ұран салған азамат.

Не болса да көрем, - деп

Соғысып жаумен өлем, - деп деген жолдар батырлар ұранына айналды. «Майданда мерт болу» - ерліктің, батырлықтың нышаны болды.

«Берілмей кан майданда өлейік!» - деп,

Соғыстық денемізді намыс буып, - деген ұран тек Кожаберген батырдың ғана жан айқайынан шыққан тілек емес, ол жалпы сол заманда өмір сүрген, нағыз отансүйгіш азаматтардың арман-тілегі болатын.

«Өліспей жер мен суды бермейміз», - деп

Жүрді ерлер тәуекелге белді буып.

Талай рет окқа ұшып, бетін қанды жаспен жуып жатса да, ел басына түскен ауыр салмақты аса бір жігермен, төзіммен көтере білді. Жырау шығармаларында «ерлік, батырлық» концептісі – байракты ту, мір мен садақ, аксауыт пен кіреуке секілді құралдар мен жүректі жігіт, көкте намыс туын желбіреткен Бөгенбайдай, Тәуке, Әбілқайырдай қолбасшы, Акпанбет, Дәулен, Дәстендей батырлардың іс-әрекеттері

арқылы көрініс тапты. Елін қасқая қарсы шығып корғаған жау мүрек батырлар алғы шепке шықты. «Дауға барсан бірін бар, жауга барсан бәрін бар» дегендей халыктың да қаһарлы қүші, іншемді үні есепке алынды. Жырау елін қорғар ерлерге зор сенім артты:

Батырлар мен көсемдер,  
Ғаскерін бастап ұрыска.  
Майданда жауды еңсерер,  
Ерік беріп қылышка [20, 142 б.].

Кын-қыстау заманда еліне ақылшы, камқор, батыр жан өз үшіншарын да жауынгер етіп тәрбиеледі. Перзенттерімен коса, шілдері де әскер басқарды. Мысалы:

Бір інім Дәстем салдай колды бастап,  
Майданға Арқадағы араласпак.  
Інімді Аскап дейтін шора сайлап,  
Мен болдым Сыр бойына сапар қылмак.

Ту ұстап, тұлпар мініп, сауыт киген,  
Төрт ұлым: Науан, Әсет, Айбек, Ермек.

Жыраулығымен коса, батырлығымен, колбасшылығымен козге түсken, нағыз актабандының күэгері болған ғабаларымыздың бірі – жауынгер Кожаберген жыраудың өзі болатын. Ол өзгенін ерлігін, батылдығы мен батырлығын ғана жырлап коймай, елінің басына кын-қыстау күн туғанда көппен бірге болып, ордабасы, колбасы қызметтерін аткарып, «карт жауынгер де» атанды. Жырау өзі жайлы:

Он жеті жасынан жорыққа шығып,  
Он сегізде әйгілі палуан болып.  
Он тоғызда іліндік батыр атқа,  
Жиырмада иман болмай ақын болып.  
Симайтын іс жасадым шарифатқа.

Демек, Қожаберген жырау жасынан өн бойына өнер жиған, ел ішінде имам ғана емес, ел корғар батыр болып, казағына қызмет етуді міндеп тұтты. «Елім-ай» жырындағы өлең жолдары да мұны дәлелдей түседі:

Жасымнан ғаскер ерттім, сардар болып,  
Сырт жаудан ел корғадым, жасап жорық...  
Қалмактың камалдарын бұзған талай,  
Әз тәуке тұсындағы колбасы едім.

Кейінгі ақындарға нұсқа айткан,  
Казактың аға жырау жорғасы едім.  
Тағы бір жыр жолдарында:  
Жүйрікпен желдей жүйіткіп ескен едім,

Сынакқа камал бұзып түскен едім.  
Сауыт киіп, ту ұстап, тұлпар мініп,  
Жорыққа сан аттандым, сескенбедім.  
Көрген сон сұмдық істі шыдай алмай,

Ұрандал "Ошыбайлап!" салдым айғай.  
Шаныштым онды-солды көк наизамен,

Жығылды талай жendet салып ойбай, - деп колына көк наизасын алып, қеудесіне ак сауытын киіп, жауынан кек алу үшін қан майданға аттанған. Жыраудың арғы атасы – Дәулен баһадүр ХVІ ғасырдың екінші жартысы мен ХVІІ ғасырдың бірінші ширегінде өмір сүрген, ордабасы тархан деген әскери атак алған кісі. Жыраудың әкесі Толыбай сыншы Арқадағы Керей руының басшысы, атакты әскербасы болған. Демек, Қожабергеннің арғы аталарынан бастап, өз әкесіне дейін батыр, жауынгер адамдар болғандығын анғарамыз.

Сонымен қатар, бабамыз тек батыр емес:  
Ел корғап кол бастауда көшелі едім,

Қазактың катардағы шешені едім.  
Теріскей Сарыарканы қыстайтуғын,  
Егіз ел Керей-Уақ көсемі едім, - деген жолдардан от  
чыңды шешен, ел басқарған көсем де болғанын білеміз. Бір  
шоғын айтқанда, сегіз қырлы, бір сырлы, біртуар казактың  
шының жанашыры, дауылпаз бабасы болған жан.

Жырау бір ғасырга жуық өмірінің жартысына жуығын  
жорықта өткізген, жасынан ту ұстап, сонына талай  
шілдәрларды ертіп, талай жаудын бетін қайтарды.

### 1.2.6 «Алла» концептісі

*Алла – бір, Алла – хақ* – Алланың бір және бар екенін  
мойындау. Барлық материяны, атомдарды, молекулаларды,  
плементтерді, органикалық денелерді, өлімді, өмірді, барлық  
окиғаларды, әрбір реакцияны, әртүрлі құштерді, энергия  
түрлерін, әрекет козғалыстарды, зандарды, рухтарды,  
шерштеперлерді, жансыз-жанды барлық нәрсені жоктан бар еткен  
текте Алла. Әлемде болған барлық болмысты бір мезетте жоктан  
бар еткені сиякты, әрқашан бір-бірінен де бар етуде. Қиямет  
шакыты келгенде барлық нәрсені бірден жок етеді. Бұкіл  
шарлықтың жаратушысы, иесі, кожасы Алла деп білу керек.  
Шарлық артықшылық сипат соған тән. Онда ешқандай кемшілік  
кормейсін. Ол қалаған нәрсесін жасайды, - деген ойды  
шығартады.

Кожаберген туындыларында Алла есімі «Бір Алла»,  
«Жаббар ием», «Хақ», «Тәнірім», «Жаратқан құдай», «Жаратқан  
илем» түрінде колданылып отырады. Және осы атауларың діни  
тұниетанымдағы Алла бейнесінен алатын орнын көрсетеді.  
Жыраулардың менталды таным дүниесінде Алла туралы діни-  
философиялық білім басты орын алады. Когнитивтік кеңістікте  
Алланың ирреалды бейнесінің бірнеше когнитивтік құрылымда  
көрінетінің байқаймыз.

Алла бұкіл болмысты жаратушы. Бұрын ешнэрсе болған

емес. Алла ғана болатыні. Ол әркашан болған. Бұрын жок болса. Оны жаратқан күштің болуы керек еді ғой. Өйткені, жок нәрсесін жарататын күш болмаса, ол нәрсе жок болып қалар еді. Бұл күштің иесі – Алла. Егер де осы күштің иесі кейіннен бар болған дейтін болсақ, оны да бар еткен күш болуы керек. Осылай, шексізге дейін жалғасуы мүмкін. Ал, бұл – бастапқы бар етушінің болмауы деген сөз. Ол жок болса, онда ешнәрсе де болмауы тиіс. Материя мен рухтар бар болғандықтан олардың бір жаратушысының да болуы керек. Және бола да береді. Алла – жалғыз жаратушы. Одан басқаға қандай мақсатпен болса да жаратушы деу – күпірлік болып саналады [26, 10 б.]. «Алла барлық жаратылыс иесі, сондықтан қандай іс те Алланың есімімен басталу керек» деген ұғым жыраулардың шығармаларының, арнау, толғауларының Алла атымен басталуынан көрінеді. Ақынның ең бір көркем туындыларының бірі – «Баба тіл» дастаны «Жаратқан ием» деп басталады. Жаратқаннан қазағыма пана боп, әр тілеген тілегіміздің кабыл болуын сұрайды.

Жаратқам ием, пана боп,  
Тілекті әркез бере көр! - дейді.

Қазак елі әркашан ат үстінде жүрген халық. Жерінін, жүртүшінің камы үшін ердін күні түзде өткені анық. Жаугершілік заманда «Аруактап, Абылайлап» байракты қолдан бермеуге жанталасқан азаматтар «Алла» деп жолға аттанған.

Алла деп жолға түсті таң атканда,  
Ұйыктамай елегізіп ел жатқанда.  
Алла, аруак қолдап әрдайым,  
Қайт болмаған талабым [6, 190 б.].

Құдайдың барына сенген. Құдіреті күшті бір Алла қашан да желеп, жебеп жүреді деп сенген.

Алладан енді тілегім,  
Сактап бізді саламат,  
Еліме аман жеткенше,  
Денеме салма жаракат [6, 135 б.].

Інші кейде Алла аты «Ақ» деп те берілген тұстары бар.

Есіркеп мұндаі ауыр кезендерде,  
Біздерге пана болсын Актын өзі.  
Актан пәрмен жолданса,  
Қызыр бабан колдаса [6, 30 б.].

Алланың әрбір атауында Алланың бір-бір сипаты берілген (жаппана діни аялық білімде Алланың тоғыз есімі бар болып келеді).

Хақ – Алланың ақиқаттығын сипаттайтын. Хақ – «шын, ақиқат, рас». «Осы дүние мен ақыреттегі барлық нәрсені денесіз, үлкіншіз және тенденсіз түрде, жоктан бар еткен Хақ тағала» деп сену керек. Оның әрбір ісінде даналық пен жақсылық, ізгілік шеші мейірім жатыр.

Алла – ақиқат, ол шынайы.  
Тәнірім Арқаны елге мензегендей,  
Халыққа Хақ жәрдемін жібергендей [6, 148 б.].

Ішкі, Жаббар бәрінен ұлы, жоғары деген ойды айтады.

Сыйынып аруақ пен Жаббар хакқа,  
Мінгестік Айша екеуміз ак боз атка [6, 135 б.].

Жаббар хак киындықта бізді колдап,  
Ерлерге әулиелер болғай корған.  
Кешіргей қатам болса, жаббар құдай,  
Жарлығын бір құдайдын тәрп етпесен.  
Дозакқа кез болмайсын, күймес тәнін [6, 201 б.].

«Алла – дара, жалғыз». Осы дүние мен ақыреттегі барлық нәрсені денесіз, уақытсыз және тендессіз түрде, жоктан бар еткен тек қана Алла деп түсінеді.

Я Алла, я Аруақ пана болғай  
Мұсылманның бәрі де  
Бір Алланың құлы ғой.

Сопылық дүниетаным бойынша барлық адамзатта бір ғана мақсат болуға тиісті, ол – Алланың дидарын көрү. Алланың дидары – Алланың нұры, Алланың жүзі, Алланың жамалы ұғым-тіркестерімен де берілп отырады. Алла кейде Бір және Бар түрінде сипатталады.

Алланың жамалы (нұры). Халқымыз бата-тілектерде «Алладан рахмат, пайғамбардан шапағат тілеп жатады». Алла адамдардың бұл дүниеде тыныштық пен еркіндікте өмір сүруін, ақыретте шексіз бакытка кенелуін калайды. Қазағымның «Алланың нұры жаусын» дегенінің өзі – алғыстың ен касиеттісі.

Кім біледі қазактың да айы туар,  
Алланың рахматы мен нұры жауса [6, 101 б.]

«Алланың кендігі, кешірімділігі, мейірімділігі»  
Білерсіз обалын да, сауабын да.  
Жел есер жазғы күннің шуағында.  
Берген соң Алла дәulet неге аясын,  
Шакырған бата алмакқа дүйім көпті.

Әмір – Алланың 18 мың ғаламға әмірін жүргізуі (Жұмла жан не бол десе, сол болады).

Әмірі кадыр Алла сондай күшті,  
Сыйынды ол Құдайға, аруаққа да.

Құдайынан кейін қазак қашан да ата-баба аруағына сиынған. Зират басына барып құран бағыштап, сиынып, тілек тілеу де қазактың діни салтына жататын дәстүр. Алласы мен

Аруағын аузынан тастамайтын қазак жұрты сол аруактың көндап, қиналғанда көмек көрсетіп, жанына сая болар, тірек, төмөу беретініне сенген, иланған. Әсірссе, аргы атасы батыр тоңса, үлкен бір аруакты жан болса сол адамнан көмек сұрап жаңбарынған. Бірінші сенер серігі – Алла болса, екіншісі – аруак тоңған. Оған төмендегі Кожаберген жырау шумактары дәлел тоңа алады.

Бейітке дұға оқып, шықтық тұнеп,  
Аруакка көп сиынып, тілек тілеп [6, 122 б.]

Аргы атам - Ордабасы Дәүлен батыр,  
Аруағын жебеу болмай қайда жатыр? [20, 125 б.]

Енді бірде, жыр шумактарынан «құл» сөзін кездестіреміз. «Алланың құлты», «Адам – алланың добы», «Мұхаммед ұмбетіміз де құдайға құл» деген тіркестерді ангарамыз. Яғни, құл – «Алланың құлты, пенде, мұсылманды» деген мағыналарда алынып тұр. Құл болғасын ғұмырсыз. Құлдарына жақсы нәрсені, наидалы нәрсені біреуге, біреуге сауап жазып, біреуді азаптауға, Ол мәжбур емес. Адам бұл дүниеге Алланың бүйрығымен шыр етіп дүниеге келсе, солай інгәлап тағдырдың, бір құдайдың комегімен бұл дүниеден озады [26, 25 б.]. Алла қалай берсе, солай алады да. Адамзат – құдайдың құлты, адам басы-алла добы скені рас. Қалай, кай жаққа жіберсе де өзі біледі. Допша теуіп, әрі бері тартқылап, өмірдің қайғы мен куанышына, ыстығы мен суығына бірдей төздіреді. Адам баласы маңдайына не жазылса соны көреді де. Біреуді жаман, біреуді жақсы қылып жаратып, құдайым пешенесіне сол жаман мен жақсысысына қарай арекеттер жасатады [26, 201 б.]. Жырау:

*Құдайға құл, ұммәттіз Мұхаммедке,  
Осы бір шағын хиссам жетсін шетке .  
Мұхаммед ұммәтіміз - құдайға құл,  
Сіздерге бабан айттар өсietет бұл.*

«Адам басы – алланың добы», - деген,  
Тәнірден тілек тілеп, шукірлік қыл, - дейді.

Үммет дегеніміз – бір пайғамбарды мойындап, соған сенген адамды айтады.

Жанды жартаушы да – Алла, жанды тәннен ұшырып алыш кететін де – Алла. Барлық жаратылысқа барлық нығметтерді, жақсылықтарды беретін тек кана Аллаңу тағала. Барлық нәрсені бар еткен де Сол. Жекелеген жақсы қасиеттер адамдарға Алланың ракымдылығымен беріледі. Тіршілік ету, сөйлеу, білу, есіту, көру, қозғалу сипаттары Алла тарапынан беріледі. Сансыз нығметтерді берген де Сол. Ол имансыздарға нығмет беруді шектемейді, жазалануы тиістілерді жазалауда асықпайды. Нығметін доска да, дүшпанға да бірдей шашады.

Бәрі де жақсылардың салауатты ,  
Жаратқан Құдай артық асыл затты.  
Асылдар бұл сөзімді мұқият тында,  
Тәнірім жан жаратты неше жұмлә.

немесе,

Жарлығы бір Алланың ораза-намаз,  
Айтканың пайғамбардың екі қылма.

Демек, Алла, пайғамбарларға сенген. Ол пайғамбарларды адамдарға тұра жол көрсету үшін жіберген. Адамның бес парызының бірі – намаз оку болса, сол шарт пайғамбардан келіп жетті. Адал жолға түсіру үшін, біліп те, білмей де істеген күнәларын құдай алдында кешірсін деп, о дүниеге ак, адал ниетпен кірсін деген ниетпен жасалынды.

Енді бірде:

Алладан пайғамбарға келген аят,  
Аят хакы колдай көр бір нашаят.  
Пайғамбар хадисінің бәрі де рас,

Кейінгі ұммәтіне қалған мирас.

Көрерсің кияметте ғазим сауап, - дейді [6, 201 б.].

Пайғамбардың әр хадисінің мән-мағынасы Алладан тоған. Пайғамбарлықтың не екенін түсінбейтін кейбір шілдесдер Құран Кәрімді түсінеміз деп ойлайды. Мұхаммед шілдесінде Құран Кәрімді сахабаларға оқып, хадистер арқылы түсіндірген. Құран Кәрім мен хадистерден қате мағына шыгарғандар өзгертушілер, ал өз тұжырымдарын аят немесе шілдес деп есептегендер дінсіз болып есептеледі. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің сөздері «хадис шәриф» деп аталады, мағынасы Алла тарарапынан келген сөздер. Онда жұмак, тоғақ, періште, сопылық ілім, тұрмыстық қарым-катынас, жалпы имір жайлы айтылған. Мәліметтер беріп отырған [26, 25 б.]. Сондыктан пайғамбар хадистерінің де алар орны бөлек. Дегенменен, ақын тілінде:

Көнілін Алла мен дінге болса таза,  
Тартқызысан жау қалмакқа катан жаза.  
Ұжмактың төрінен орын аларсындар,  
Кешіреп намазын каза болса, - дейді.

Жаумен жағаласа жүріп, ат үстінен түспеген әр молда, кожа, ишандар намазын каза кылмауға барынша тырыскан. Құдайын ауыздарынан тастамаған бар қазакқа ислам діні қашан да кадірлі, қасиетті. Тұрмыстың ауырлығына қарамастан ораза үткіп, бес уақыт намазын өлтірмеуге жандарын салған. Тіпті, намазды уақытша токтатуға болатындығы жайлы шаригатта да корсетілген. Кешірім жасау – Алланың ісі болып саналған. Әрбір құлын сүйген Алла, сол құлынын түрлі іс-әрекетін де кешіре болған. Құдайдың алдында таза болу, яғни жаны мен арының ғазалығы – аса кымбат. «Жаны таза, мінсіз болу» – сопылықтың болмысы екені анық. Сопылық ілімнің шарттары бойынша адами болмысты қалыптастыратын екі жол бар. Біріншісі: адамның сыртқы болмысына (тәніне) койылатын талаптар.

Оның талап ететін жәнә тыйым салатын жақтары бар: талаң етілетін жағы – Аллаға мінажат ету, қайыр-садака беру, кажылықка бару т.б; тыйым салатын жағы – ұрлық жасау, кісі өлтіру, екіжүзділік, арак, көкнар пайдалану, өсек айту т.б. болыш табылады. Және ішкі болмыстың тазалығы: «Аллаға тағат қылу», ораза, намаз арқылы бекітіледі. Жоғарыда атап өткен ораза ұстаяу, намазға жығылу – ішкі болмыстар [26,58 б.]. Жырау:

Аузына харам салмаған,

«Киянатқа» еш бармаған, - деген жолдар кездеседі өз суреттеуінде.

«Аузына харам салмау» – жырау поэтикасында «шынайы адамдықтың» белгісін танытады. Ол дегеніміз – «біреудін ала жібін аттамау», «өсек айтпау», «біреуді балағаттамау», «сабырлы, ұстамды болу», «шариғат жолын өтеу», «діндар болу» т.б. фреймдер арқылы көрініс табады. Діндар болу демекші, Кожаберген мына бір өлең жолында «такуа» сезін тілге тиек етеді. Такуалы адам – өтірік, қалжың айтпайтын жан.

Бадғаттан ғайбат сифэт тілін тыйған.

Етпеген такуа адам қалжын-әзіл...

Көптеген сөздіктерде «такуа» – діншіл, діндар деген мағынаға ие болып жатады. Ол – діндарлық қана емес, сауаттылық пен білімділік деңгейіне де өлшем болатын атау екенін де естен шығармағанымыз жөн [26, 35 б.].

Тіл білімінің когнитивтік саласы ақиқат дүниенің санадағы таңбасын зерттеуді қолға алғаннан бастап-ак, казак тіл білімінде де көркем мәтін тіліне ұлттық таным өрістері мен дүниенің тілдік бейнесі тұрғысынан концептуалдық талдаулар жасала бастады. Казак тіл білімінде лингвистикалық поэтиканың жеке сала түрінде даму, қалыптасу тарихы маңызды. Когнитивтік лингвистика казіргі уақытта жаңа дамып, пайда болып келе

жаткан ғылым саласы екені анық. Сондыктан, сонау XY ғасырда пайда болған жыраулар көшін бастаушылардың бірі әрі бірегейі болып саналған – Кожаберген жырау шығармаларында көздесетін түрлі когнивтік фреймдерді талдап, саралау аса кажет дүние. Жырау тіліне тірек болған діни-философиялық «өлім мен омір» макроконцептісі және оның құрамында көрініс табатын «заман», «дәурен», «жастық шақ» сияқты микроконцептілер, рухани-ұлттық – «атамекен», «ерлік, батырлық», «Алла» концептілерінің орыны бөлек. Жыраулар танымындағы дүниенің концептуалдық-тілдік бейнесі жалпы тіл біліміндегі *тіл – ойлау, тіл – адап* аракатынасына қатысты ғылыми пайымдаулар мен содан шығатын тұжырымдарға талдау жасау арқылы, тілді зерттеудің антропоцентристік парадигмасы аясында карастырылды. Жыраулар – өзге тіл колданушы субъектіге ұксамайтын ерекше тілдік феномен. Жырау – әрі автор, әрі тыңдаушы, әрі белгілі бір мәдениет түрін жасаушы, әрі оны сактап кейінгі ұрпакқа жеткізу什і, ен бастысы тіл мен мәдениет, тіл мен таным, тіл мен адамдық фактор қарым-катынасын бір өзінде жинақтаған лингво-психологиялық, лингво-философиялық болмыс иесі. Кожаберген жырау шығармаларының концептуалдық сипатын анықтай отыра, көз жеткізген тілдік тұлға туралы өз пайымдауымыз бар. Яғни, тілдік тұлға - «автор бейнесі», авторлық тұлға» емес. Тұлғаға тән – ол даралық. «Өзгелермен» салыстыруға келмейтін, өзіндік ерекшелігі бар, бітімі мен болмысы қалыптасқан тұлға. Екіншіден, табиғаттың бір бөлшегі – адамның бойына тән, жалпы адам тағдырына тән құндылылықтарды танып, сезіне білуі керек. Ушіншіден, сол таныған құндылықтары мәдениеттің бір бөлігі ретінде көрініс табуы керек. Ол музыка ма, сурет пе, әлде сөз өнері бола ма, белгісіз. Осы сэтте Кожаберген жырау тұлғасы сөз өнері арқылы талданып, зерттелді. Басты максат та осы болған еді. Яғни, тілдің ерекше қабаты болып саналатын

тілдік колданыстарды тәнымдық-поэтикалық мұддеде айқындай білу кабілеті басты меже болған.

## 2 ЖЫРАУ ШЫГАРМАЛАРЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

### 2.1 Кожаберген жырау шығармаларының лексика-семантикалық жүйесі

#### 2.1.1 Жырау тіліндегі ономастикалық атаулар

Поэзия – касиетті ұғым. Өлең өнері – адам әлемін, онын мақсат-мұрраттарын, өмір-уақыт шындықтарын тап басып көрсетеді. Өлең сөздің баска өнер түрлерімен ортақ белгісі – адам жанын тебірентуі десек, сол тебіреністі туғызатын нәрсе – сөз сұлулығы, сөз киесі. Бұл жайында Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөзден құрастырып пікірлі әнгіме шығару үшін жұмсалатын зат – сөздер. Топырактан иленіп кірпіш жасалған сиякты, дыбыстан құралып сөз жасалады. Кірпіштен калап түрлі үй жасау сиякты, сөздер бірігіп, түрлі әнгімелер айтылады. Үйдің түрлі болып шығуы балшыктан, кірпіштен, әсіресе қалауынан болатыны сиякты, әнгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің тізілуінен. Балшық жаман болса, кірпіш жақсы болмайды, кірпіш жақсы болмаса, үй жақсы болып шықпайды» [ 27, 349 б.].

А.Байтұрсынұлының айткысы келгені, акынның өзара карым-катаинасынан туындал жаткан өнердің өзіндік ерекшелігі. Сөз өнерінде, ондай бірлік ой мен тілдің ажырамас тұтастығынан танылады.

Кез келген өнер туындысының өміршендеңгінің өзегін екі арна бірлігі құрайды: бірі – туындыгердің акыл-ой даралығы туғызған ешкімге ұксамайтын бөлек бітімі; екіншісі сол туындыға көшкен өнерпаздың ыстық ықыласты сезімі мен жүрек жылуы. Бұл сезім мен ой тіл арқылы сыртқа шығады.

· үріне, карапайым, карабайыр, жай айтыла салған сөз емес, үшкис пен ырғакқа құрылған, құлактың құрышын қандыра шынырлаткан әуезді, әуенді, сазды дыбыстармен көмкерілген, осы сыртқы үндестік бірінен-бірі туындал жататын мазмұндық шикі үйлесіммен жарасым тауып, табиғи ажарын үстей түскен жерде нағыз хас өнердің көркем нәтижесі өмірге келеді. Әдетте, сөз құдіреті деген ұғымның өзі акынның сикырлы әлемінсіз, шапқар шабытынсыз болмайтыны белгілі. Ендеше осы ғажап құбылыс – таза өнер туындысының кепілі [ 28, 84 б.].

Әдебиеттану ғылымында стиль мәселесіне ерекше мән берілетіні рас. Стиль-форма мен мазмұн көркемдігінің жалпы сипаты. Осы стильден келіп жеке суреткердің өзіндік ерекшелігі пайда болады. Әрі «бір ғана шығарманың бойына тән ерекше стильдік сипат сол суреткердің басқа шығармаларының стильдік сипаттарымен астаса, жарыса қысып оның тұтас творчествосына тән стильдік ерекшелігін жасауды мүмкін [1, 79 б]. Сонымен бірге, суреткердің өзіндік ерекшелігі оқшау, дара калыптасатын құбылыс емес. Яғни, жеке стильдін жасалуы негізінде, өткен, бұрыннан бар, әлі күнге дейін колданылып келген стильді жаратудан аулак бола алмайсыз, себебі олар бірлесіп, өзара ұксас көркемдік мәселені шешуге қатысады.

Стиль принциптеріне карайтын болсак, мынадай корытынды шығаруға болады: 1) әдеби стильдің бағыт-бағдарын калыптастырудың әрбір суреткердің оған карым-катаинасы, косатын үлесі; 2) суреткердің өзіндік даралығы, стильдік ерекшелігі. Бұл жағдаят әдебиет әлемінде жүрген каламгерлердің бір-біріне ықпалын тигізетінін ұмытпауымыз керек. Алайда, мұндай үндестік калам иелерінің жекелік стилін жокка шығармайды, қайта оған нәр беріп, каламын қырлай түседі.

Кожаберген жыраудың стилін өзі жасап отырған қоғамнан, ортасынан жеке-дара бөле алмаймыз. Жыраудың өмірге идеялық-эстетикалық көзкарасы, дастандарының мән-мазмұны, шығарма тілі арқылы көрінетін көркемдеу құралдары – осының

бәрі суреткерге тән амал-тәсілдер болса, ақын оларды өз бойына үйрене, іздене жүріп жинаады. Қоғамның қекейкесті мәселелерін козғап, соған көзкарасын, идеясын білдіруінде өз дәуіріндегі өнердің даму өресіне сай жалпыға ортақ қалыптасқан амал-тәсілдерге сүйенді.

Каламгер шығармашылығы тек ерекшеліктен тұрмайды, белгілі бір суреткер «өзіне дейінгі және өз кезіндегі бар ортақ сипаттарды қабылдайтыны, әрі өзіндік бейнелеу мәнері т.б. болатыны коса ескерілуі керек. Демек, ұқсau мен дербестіктің бір-біріне ықпал етуінен, бірлігінен барып, ақын стилі қалыптасады» [27, 158 6]. Яғни, бір суреткердің даралығы ортақ, үндес сарын-тәсілдерден туындаиды.

Кожаберген жырау өз шығармаларында халықтық мұраны, дәстүрлі мәдениет, ұлттық тіл мүмкіндіктерін кең түрде колданған. Өлең сөздін өрнектері өмір шындықтарын, әсіресе тарихи сипатта қалам тербеген жырау үшін сол замандағы азы да болса шындықты, киын да болса уақытты көрсетуге кеңінен зор мүмкіндік болды. Кожаберген жырау «Актабан шұбырынды» болып көптін көнілінде қалған тарихи жағдайды «Елім-ай» дастанына арқау етіп, ұлттымыздың ұлы мұраттар жолындағы күрестін, өмірлік мақсатын айқындалп берді. Қасиетті ана тіліміздің де бүгіні мен ертеңіне аландаған жырау «Баба тіл» атты дастанын жазып, сонымен катар жастарға ұлғі-өсінет ретінде «Жас жігіттерге», «Жас келіндерге», «Жеті жарғы» «Жас шанырак иелеріне», «Не жетім?», «Жастық», «Білерсін», «Асылдар», «Наурыз батасы», «Қайран, жастық», «Едіге биге айтканы», «Кәрілік», «Қызылжар», «Ақсауыт», «Ата тек» сиякты өлең-толғаулары мен насиҳат өлеңдерін арнады.

Кожаберген өлеңдерінің ерекшелігі реалистік сипатының айқындылығымен, шығармаларының тарихилығымен, адамгершілік ақындық мұддесінің биіктігімен байланысты танылады. Сондыктан Кожаберген жырау шығармаларының лексикальш құрылымы ұлттық рухты шындаудың құралы ретінде колданыска түседі.

Кожаберген жырау шығармаларына лексикалық тұрғыдан ішінде жасаған кезде, *антропонимдік атаулар* ерекше дәрежеге ше. Себебі, «Елім-ай», «Баба тіл» дастандары мен «Асылдар», «Танаш би», «Едіге биге айтканы», «Үш би», «Әулие Койлыбай» атты өлеңдерінде кездесетін кісі есімдерінің жиілігі соңшалық Кожаберген жырау шығармаларының лексикасын тоныктыруға септігін тигізеді. Осы орайда, профессор М. Томанов: «Ономастика жағына токталу тілдің құрылымдық тарихын зерттеп білудегі ең манызды бір бөлігі» екенін де атап айткан. Жыраудың «Асылдар», «Танаш би», «Едіге биге айтканы» секілді арнау өлеңдері жеке - дара атауға ие болса да, мон-мағынасы, айтар ойы жағынан жекелік, даралыктан гөрі қоғам, елде болып жаткан жағдай, дүниенің сансызың бұрандаған жолдарын, адамдардың игі қасиеттері мен ізгілікті әрекеттерін саралайды. «Асылдар» атты өлеңінде:

Балға, Балта, Едіге,  
Керейден шыккан асылдар.  
Маңайында жүрмеген,  
Елді бұзған масылдар.  
Өзбек, Жәнібек, Бердібек,  
Бұлантемір хандардың.  
Фаскерін бастап әр жылда,

Зәресін алған жаулардың [6, 240 6], - деген өлең жолдарынан Балға, Балта, Едіге батырлардың Өзбек, Жәнібек хандар ел билеген уақытта халқына корған болған азаматтар скендігіне көз жеткіземіз. Яғни, жырау шығармаларында кездесетін әрбір есімнің тарихтан алатын өзіндік орыны, белгілі дәрежесі бар деп айтсак кателеспейміз. «Танаш би» өлеңінде де Танаштың Токты, Өзбек хандарының әскерін бастап сардар лауазымында, кейін Алтын орда хандығының «әділқазы би» атанип, казақ тарихына «Танаш би» есімімен танылады [ 6, 405 б.]. «Үш Тәуке» өлеңінде:

Әр жылда әркайсынын демі бітіп,  
Алладан ажал келіп жетті.  
Хан Тәуке, батыр Тәуке, сұлтан Тәуке,  
Дейтүғын үш асылзат дүниеден өтті [6 , 262 б.].

Осы сэтте, тарихқа бір көз жүгіртер болсақ, Үш жүздің соңғы ханы Әз Тәуkenін (1645-1718) есімі оның «Жеті жарғы» атты шығарған заңдары арқылы көпке мәлім. Отыз сегіз жыл бойы хан болып, елдін бірлігін сактаған, беделді хандардың бірі болған [ 6, 411 б]. Батыр Тәуке, сұлтан Тәуке есімдері өте сирек колданылады. Батыр Тәуке жайында жазушы И.Мақатов «Тәуке» атты әнгімесінде өр мінезді, кайтпас қайсар, батыл жаш болғандығын айтады. Жырау атын атап, түсін түстемесе де Үш Тәуkenін бір заманда өмір сүріп, жыл сала бірінен соң бірінші кайтыс болғанын жазады. Кең тынысты эпикалық шығарма ретінде әйгілі Илиада мен Одиссея жырларына теңелген «Елім-ай» дастаны мен қазак шежіресі жайында, казак халқының калыптасуы туралы және казак тілінің тарихы хакында мол мағлұмат беретін «Баба тіл» дастандарында кездесетін антропонимдердің ерекшелігі, ең алдымен олардың көнелің і жағынан көзге түседі. Мәселен, талдау нысанына айналыш отырған дастандардағы есімдердің біразы (*Абылай, Наурызбай, Баға, Тоқты, Бердібек, Сүйіндік* т.б) дәстүр жалғасы ретінде бүтінгі танда колданылуы мүмкін, дегенмен тілдік табиғаты жөнінен өте көне болып келеді. Ал *Едіге, Шоқ, Естек, Қайсан, Сундет, Мамай, Толыбай, Танаши, Барақ* есімдері бүгіндегі колданылмайды, не болмаса сирек колданылады. Дастан антропонимдерінің екінші ерекшелігі – кейіпкер есімдерінің алдынан да, артынан да анықтауыштың колданылуы. Олар казак тарихына қатысты туындыларда колданылатын ел басқарған билеуші, хан, би атауларының құрамында айтылады.

«Елім-ай» мен «Баба тілі» дастандарында колданылған антропонимдердің тақырыптық жағынан топтастыратын болсақ:

1) Ел билеуші хандардың есімдері: *Абылай*, *Әбілхайыр*, *Анкес*, *Қасы*, *Жәнібек*, *Керей*, *Өзбек*, *Жәнібек*, *Хақназар*, *Шыңғыс*, *Барак*, *Мұрындық*, *Шығай*, *Тәуекел*, *Есім*, *Алаша хан*, *Чопказы*, т.б.

2) Батырлардың есімдері: *Қабанбай*, *Қанжығаты*, *Лиңгабай*, *Қаракерей* *Қабанбай*, *Шапырашты* *Наурызбай*, *Лиңген*, *Науан*, *Жолбарыс*, *Есем*, *Ер Сары*, *Асқап* (*Кожаберген шыраудың інісі*), *Ер Жабай*, *Көшек*, *Балта Керей* *Тұрсынбай*, *Ер Кокше*, *Ер Есім* т.б.

3) Билер есімі: *Төле би*, *Қазыбек би*, *Әйтеке би*, *Мамай*, *Лиңген*, *Малайсары* т.б.

Жалпы казак тіл біліміндегі антропонимия саласымен анықталысып жүрген ономаст ғалымдар Т. Жанұзаков, Ә. Глебубердиев, К. Есебаева т.б. Т.Жанұзаков пен К.Есебаеваның біріге отырып жарыққа шығарған «Қазак есімдері» атты казак тіліндегі аныктама сөздігі, Ә. Глебубердиевтің «Қазак ономастикасының лингвокогнитивтік есімдері», «Қазак ономастикасының лингвоконцептологиялық есімдері» атты енбектері құнды зерттеулер екені сөзсіз. Ономаст-ғалым Т.Жанұзаковтың зерттеуіне сүйенсек, казак антропонимдерінің даму тарихын төрт дәуірге бөліп көрастырады: бірінші дәуір – көне түркі заманы, яғни Y-YIII ғасырлардағы; екінші дәуір орта ғасырға тән; үшінші дәуір жаңа иманда (XVII-XIX ғғ.) және төртінші Октябрь революциясынан кейінгі уақытта пайда болған антропонимдерді қамтиды [29, 23]. Ғалымның зерделеуі бойынша Кожаберген жырау стандартарында кездесетін антропонимдерді, негізінен екінші дәуірге жатқызуға болады. Оған казак хандығының Ак орда түрінде билік еткен хандардың, азаттық үшін күрескен шайырлардың есімдері куә. Мысалы:

Ақ Орданың хандары,  
Үәйіс пен Ер Барак.  
Қалмаққа соккы беріпті...

Өке мен ағасының жолын күлп,  
Хан болып Ер Мұрындық туын тіккен...  
Жәнібектің ұлдары: Қасым, Жәдік,  
Нығайтып казағымды мыкты ел еткен.

*Ер Қасым дүниеден өткеннен сон,*  
*Мамаш хан боп, ел ісі кері кеткен.*  
Онан сон *Таңир, Бұйдаш* билік құрып,  
Үш жүзді басқара алмай көп жүдеткен.

Олардан кейін *Хақназар* хан тағына отырған,  
Хақназардың тұсында қазактың халі жаксарған.  
Қатысты Кіші жүзден *Тайлак мерген*,  
Сұлатты көздегенін атқан жерден...

*Жагалбайлы Төс батыр,*  
Өз халқына ес батыр...  
Ер шықкан Кіші Арғыннан жас Бөгөнбай,  
Көнілі қалмақ десе тас *Бөгөнбай* [ 6,134 б].

«Баба тіл» дастанында кездесетін антропонимдердің көбі казак шежіресіне, оның құрамына қатысты антропонимдерді колдануымен ерекшеленеді. Қазактың шығу тегі туралы былай дейді:

Аннас тархан бабамыз,  
Ер алаштын бұтағы,  
Біздің казак баламыз –  
Сол Аннастың ұрпағы.

Казак шежіресін *Тұрік-Тұран-Оғыз-Алаш-Аннас-Казак* деп таратады.

Кейбір қожа әuletі,  
Әбубәкір Сыздық шарияларды.  
Бабамыз деп айтады...  
Ханафия мен Хұсайыннан,

Өздеріне дейін таратса.  
Нанар едік оларға,  
Шежіре айтып ұксатса [6 ,181 6].

Жырау Әбубәкір Сыздық, Ханафия, Ҳұсайын есімдерін шөжіреге катасты етіп көрсетеді. Бұл атаулардың өзіндік шығу арасы мен тарихи сипаттамалары да жок емес. Әбубәкір Сыздық есімінің өзі араб тілінен аударғанда «Әбу» – әке, «бәкір» – газа, пәк мағынасын береді. Пайғамбарымыздан кейінгі ұлық халифа, мұсылман қауымына басшылық еткен әділетті халифа, исламның алғашкы кезеңіндегі дін кайраткерлерінің бірі болған. Ханафия, Ҳұсайын – пайғамбардың арғы атасы болып саналады [30, 6 б].

*Болат пenen Жолбарыс,  
Әбілмағамбет, Сәмеке.*

Татарша жазып пәрменді,

Болып жүр жүртқа келеке, - дейді. XVII ғасырда ғылік басында отырған Орта жүз хандары – Сәмеке, Ұбілмәмбет, Ұлы жүз ханы – Жолбарыс қазактың бай тілін менсінбей татаршаға ауысты, араб, парсы тілдерімен бектер кайта табысты деп налиды.

Әз Жәнібек ханның кезінен,  
Қазақша таңба іске асқан.  
Таза қазақ тілінде,  
«Жеті жарғы» жазылған.  
Откенге дейін Әз Тәуке,  
Қолданды ел казак таңбасын, - дейді.

Әз Тәуке, Әз Жәнібек есімдері тікелей қазақ тарихымен, казак тілімен байланыста, бірлікте қарастырылып отыр.

Жырау сол кездің өзінде көненің көзі, көпті көрген кариялардан ақыл сұрамай Бөгенбай мен Жәнібектің

Әке мен ағасының жолын куып,  
Хан болып Ер Мұрындық туын тіккен...  
Жәнібектің ұлдары: Қасым, Жәдік,  
Нығайтып қазағымды мықты ел еткен.

*Ер Қасым* дүниеден өткеннен сон,  
*Мамаш хан* боп, ел ісі кері кеткен.  
Онан сон *Тайир*, *Бұйдаш* билік құрып,  
Үш жүзді басқара алмай көп жудеткен.

Олардан кейін *Хақназар* хан тағына отырған,  
Хакназардың тұсында қазактың халі жақсарған.  
Қатысты Кіші жүзден *Тайлак мерген*,  
Сұлатты көздеңенін атқан жерден...

Жағалбайлы *Төс батыр*,  
Өз халқына ес батыр...  
Ер шыққан Кіші Арғыннан жас Бөгөнбай,  
Көнілі қалмақ десе тас *Бөгөнбай* [ 6,134 б].

«Баба тіл» дастанында кездесетін антропонимдердің көбі казак шежіресіне, оның құрамына қатысты антропонимдерді колдануымен ерекшеленеді. Қазақтың шығу тегі туралы былай дейді:

Аннас тархан бабамыз,  
Ер алаштын бұтағы,  
Біздің қазак баламыз –  
Сол Аннастың үрпағы.

Казак шежіресін Түрік-Тұран-Оғыз-Алаш-Аннас-Қазак деп таратады.

Кейбір қожа әuletі,  
Әбубәкір Сыздық шарияларды.  
Бабамыз деп айтады...  
Ханафия мен Хұсайыннан,

Өздеріне дейін таратса.  
Нанар едік оларға,  
Шежіре айтып ұксатса [6 ,181 б].

Жырау Әбубәкір Сыздық, Ханафия, Ҳұсайын есімдерін шеңжереге катасты етіп көрсетеді. Бұл атаулардың өзіндік шығу ариасы мен тарихи сипаттамалары да жоқ емес. Әбубәкір Сыздық есімінің өзі араб тілінен аударғанда «Әбу» – әке, «бәкір» – газа, пәк магынасын береді. Пайғамбарымыздан кейінгі ұлық халифа, мұсылман қауымына басшылық еткен әділетті халифа, исламның алғашкы кезеңіндегі дін кайраткерлерінің бірі болған. Ханафия, Ҳұсайын – пайғамбардың арғы атасы болып саналады [30, 6 б].

*Болат пenen Жолбарыс,  
Әбілмағамбет, Сәмеке.*

Татарша жазып пәрменді,

Болып жүр жүртқа келеке, - дейді. XYII ғасырда ғылілік басында отырған Орта жүз хандары – Сәмеке, Қобілмәмбет, Ұлы жүз ханы – Жолбарыс қазактың бай тілін менсінбей татаршаға ауысты, араб, парсы тілдерімен бектер кайта табысты деп налиды.

Әз Жәнібек ханның кезінен,  
Қазақша таңба іске асқан.  
Таза казак тілінде,  
«Жеті жарғы» жазылған.  
Өткенге дейін Әз Тәуке,  
Қолданды ел казак таңбасын, - дейді.

Әз Тәуке, Әз Жәнібек есімдері тікелей қазақ тарихымен, казак тілімен байланыста, бірлікте қарастырылып отыр.

Жырау сол кездің өзінде көненің көзі, көпті көрген кариялардан ақыл сұрамай Бөгенбай мен Жәнібектің

балдыздары Әбілхайырды хан койғандарына налиды. Тәжірибесі жок жас төренің қол басқаруына көнілі толмаған жырау Алшынның да бұган іштей карсылығын анғартады.

Бөгенбай, Жәнібектей жезделері,  
Сайлатты Кіші жөзге ғаскербасы.  
Әйтпесе Әбілхайыр дейтін төре,  
Көрмеген бұрын болып қолға басшы.

Алшынның жасағына бас болды деп,  
Емес бұл жас төрені қүндегенім.  
Мұндайда қол басқару оңай емес,  
Үйренсін сардарлардан білмегенін.

Көпке ұнамсыз болған сон,  
Айтпасқа тағы болмайды.  
Әбілхайыр сұлтанға,  
Алшынның көнілі толмайды, - деп жырлай келе,  
  
Жәнібек пен Бөгенбай,  
Шәкіртім еді бір кезде.  
Тым ретсіз іс етті,  
Ақыл салмай біздерге, - деп кейиді.

Жырау ел бірлігін алдыңғы орынға қояды, казактың басына түскен нәубет те мұсылмандардың арасындағы ауызбіршіліктің жоктығынанан деп түйіндейді.

Бірігіп бұрынғыша қоғамдасып,  
Сұлтандар жұрсе ерлермен ақылдасып.  
Жонғар да баса-көктеп келмес еді,  
Мұсылман бірлік құрса жакындастып,- деп казак, өзбек, ногай, башқұрт, карақалпак деген ұлттар бірін-бірі колдамады, көмек қолын созбады деген ойды жырларының өн бойында жиі айтады. Оларға деген өкпе-ренішін де жасырмайды:

Өкпе айттық, киын қунде мұсылманға,  
Ішінде мұсылманның туысканға.  
Ноғайдан басқалары болыскан жок,  
Қалмакпен үш жүз жылдай соғысканда.

Әлі де жарты ғасыр соғысар ел,  
Жалмамақ көп жандарды сүм кара жер.  
Калмакпен екі жактап соғысканда,  
Тәнірім, басқызбағай аякты кери.

Қарақалпак бауырды көрмейміз жек,  
Қашқаның және олардың тұттаймызыз кек.  
«Тұқымы аз ғана елдін құриды»,- деп,  
Соғыстан тайған болар бастаушы бек.

Оларды мәнгі-баки корғағанбыз,  
Туыс деп әрқашан да колдағанбыз.  
Бөлініп киын қезде кеткеннен сон,  
Өлеңмен өкпе-назды жолдағанбыз.

Жырау агайын-туыс мұсылманның көмекке келмей қашқаның  
актап алғысы да келеді, алайда оны өзін тек жұбату ғана  
екендігін түсінеді. Казактың басына түскен киыншылықты,

Кирады ак орданың сүйектері,  
Кілемнің ыдырады жиектері.  
Соғыс, аштық, сүйкка ұрынған сон,  
Карттардың селкілдеді иектері.

Бешпенттің қырқылды ғой етектері,  
Жаураған бала-шаға дедектеді.  
Сүйкта қатын-калаш, кемпір мен шал,  
Үйсіз кап айдалада дірдектеді, - деп жүрегі қан  
жылай суретейді.

Қазактың ауыр жағдайын,  
Түрікпен бегі күткен күн.  
Қалмақша шауып олар да,  
Маңғытты жұндай түткен күн.

Түрікпеннің шонжары  
Кердері елін шапқан күн.  
Қазақ пенен ноғайды

Жыларатып олжа тапқан күн,- деп, осынау азап шеккен  
халкымыз құшағын ашып, кезінде көмек қолын созған  
түрікпендер де өз пайдасын ойлад, қалмақша шауып алыш, олжа  
тапқысы келгендіктерін ашық айтады.

Парсыдан көмек сұрауга  
Қазактың қолы жетпеген.  
Туыстық сөзі Үш жүздің  
Өзбектерге еш өтпеген.

Хиуа, Бұхар, Қокан да  
Қазактарға қатайды.  
Бізден барған елшіге  
Мылтық сатпай шалқайды.

Алауыз болып мұсылман  
Бір-біріне жәрдем етпеген.  
Бауырмал, жомарт ел едік,  
Ешкімді сырт теппеген.

Анқылдаған ак көніл, момын қазактың түбіне жеткен де осы  
алауыздық болды. Халкының басына күн туған кезде сырт  
айналған мұсылман халкына жыраудың көнілі калып, жүргегін  
сыздатады. Алайда, ешкімге зәбір көрсетіп, жапа шектірмеген  
қазакқа бір Алланың өзі пана болатындығына сенеді. Жығылғанға  
жұдырық демекші, осы кезеңде елді билеуші төрелердің  
әлсіздігіне, әркайсысы әр жакка тартып, елді бөліп билеуді  
көздеген тоғышарлықтарын жіпке тізгендей қылып жырлайды.

Тіл - мәдениетті танытушы құрал десек, казак халқының үлгілік-мәдени болмыс-бітімі осы тілінде сакталып, көрініс ғана. Алайда этномәдени атаулар тек тілде ғана емес, тілдің қолданысында сан түрлі мәтіндерде көрініс табады. Сол себепті жалқы есімдер жиыны-сол мәтіннің ономастикалық қеңістігін құрайды. Жалпы, жалқы есімдер мәтін құруда және оның сол мәтіннен тұтаса, бірлесе қызмет етуі шарт. Жалқы есімдерге ғайланысты онамаст - ғалымдар А.Әбдірахманова, Т.Жанұзаков шырау шығармаларының ішінде ең қолемділері «Елім-ай» мен «Шаба тіл» дастаны екенін ескеретін болсақ, тек «Елім-айында» таға 200-ден аса антропоним қолданған.

Кай тілдің болсын антропонимиялық қазына байлығын тек тол есімдер ғана емес, басқа тілден енген антропонимдер де құрайды және олардың жалпы антропонимиялық кордағы үлесі артүрлі болып келеді. Бұл құбылыс қазак тілінен де тыс қалмайды. Этностиң мәдени, рухани даму жолында тарихи-әлеуметтік, діни үрдістің белгілі қалып-күйі, ізі қалады. Кожаберген өз шығармаларында қазак есімдері мен катар, сол кездегі тарихи оқиғаға байланысты басқа монгол, қалмақ, татар, қыргыз есімдері де кездеседі. Мысалы, монгол, татар тілінен енген антропонимдер:

Сібірді кәпірлерден корғау үшін,  
Татар ханы *Көшімге* көмек берген.  
Сұмырай халдан *Боюх* дүниеден өтіп,  
Күшігі *Сыбан Рабтан* такқа отырды.

Қалмактың шықкан тегі – Манжор екен,  
*Xоролұқ* деген арғы хантайшысы  
Ордос, Шарак, Харачин – бәрі қалмак,  
Оларды Ресей, Қытай алған жаулап [6, 51 б].

Сонымен, жырау тіліндегі антропонимдердің барлығы –

казак тарихына, шежіресіне үлес қоскан қоғам кайраткерлері мен тарихи тұлғалар есімдері екені аныкталды. Бұл есімдер Кожаберген жырларына ерекше ықпал жасады.

Кез келген мемлекет тарихы белгілі бір территорияға катысты болса, сол территорияға катысты халықтың тарихи жады көбінесе топонимдерде сакталады. Оған белгілі тілшіғалым, профессор Ә. Қайдардың «Әрбір халықтың болмысы мен дүниетанымы, эпикалық мәдениеті мен рухани өмірі кай кезде, қандай жағдайда болсын, белгілі бір географиялық қеністікте көрініс табады, нактылы тарихи дәуірлердің жемісі болып саналады», - деген пікірі дәлел [31, 6 б.].

Кожаберген шығармаларында өзі ғұмыр кешкен Әз Тәуке заманы, сол заманнан аты анызға айналған Казан мен Кемер, Байкөл аймағындағы жер-су атаулары жиі кездеседі. Қазактың қамын ойлаған жыраудың жырларынан шырайы мен шұрайынан айырылмаған туган жердің әдемі келбеті жасалады. Оның өлеңдерінен тамаша казактың кен жайлауын, айдын шалқар көлін, тыныштық орнап тұрған дала бейнесін көреміз:

Есіл, Ертіс, Тобылдың тоғайларын,  
Ежелден елі-жүртүм қысталап келген.  
Ан аулап, кансонарда бүркіт салып,  
Жыл сайын кәсіп қылған нелер мерген.

Есілдің ну тоғайын мекен еткен,  
Жер жыртып, алабына егін еккен.  
*Түркістан, Сайрам, Тараз, Таїкент* манын,  
Мекендең орта жүздің халқы қалын [6,51 б].

Сонымен катар, бар сұлулықтан айрылып бара жаткан, кәпірлердің кесірінен қара дауылға кез болған казак тағдырын көз алдымызға елестетеді.

Қаратаудың басына көш келеді,  
Көш бас сайын бие, іңген бос келеді, - деген өлең

жолдарындағы «Қаратай» – жонғар шапқыншылығы кезінде 14ған «Елім-ай» өлеңінің бірінші жолы халық тарихында қалған кайғылы кезеңнен хабардар етеді. Қаратаудан сұлаған сүренсіз қоңтің елесі көрінетіндігі хак. «Елім-ай» деп аталатын бұл оңенде денотаттық қызмет аткарып, топоним төнірегінде айтылатын ой казак халқының шабындыға ұшырап, босқын болған кайғылы жағдайын барынша жеткізіп, тыңдаушының аркасын шымырлатады. Тау атауының сырына келсек, Қаратай – «қара сөзі түспен байланысты, өйткені Қаратауларда өзге ұлы таулардағыдай жаз бойы кар жатпайды» [29, 113 б].

Мәтінде колданылған атаулардың барлығы шығармада орбіген сюжеттермен бірге беріліп, оқиғаның мекендік межелерін, тұстарын, сонымен катар, ең бірінші қыры – такырыпқа сай тарихи-географиялық органды, көріністі сипаттайтын. Профессор Г.Жанұзаковта: «Географиялық атауларда халықтың тарихы, тіл тарихы және тарихи география жөніндегі қыруар бай материал, құнды деректер сакталған», - дегенді айтады [29, 12 б].

Мәдени-тарихи семантикаға ие топонимдер: Қаратай, Алатау, Түркістан, Сарыарқа, Сырдария, Қызылжар, Құлтөбе, Майтөбе т.б. Мысалы, Алатау картка тенеледі, ен биік тау ретінде бір тазалық символын береді. алайда «Елім-ай» дастанында колданылған «Алатау» топонимі заманына қарай, жаулаушылардың мақсат-мұдделеріне қатысты казак Алатауы «Жонғар Алатауына» айналады дегенді айтады.

Теріскей Алатауды қалмақ алды,  
Найман мен коныратты қуып салды.  
Қайран жер жау иелігіне көшкеннен соң,  
«Жонғардың Алатауы» деп аталды [6, 50 б].

Сырдария - сүзы молшылық, тазалық, балалық шак белгісі. Түркістан - казіргі тіл иелері үшін бүкіл түркі халықтарының Отаны саналатын киелі бесік, бұрын да солай саналған, әулие кісілердің молалары бар және кіші қажылық мекені саналатын, бірақ, Кожаберген тілінде Түркістан қаласының жағдайы басқа:

Түркістан - Оғыз түрік бас қаласы,  
Бұл күнде қазағымның астанасы.  
Канішер ойрат қолы жаулап алып,  
Оның да шығып жатыр маскарасы.

Сол кездегі хандар, патша-бiller тарихи маңызы бар шешімдер шығарғанда, жариялағанда Құлтөбеле жиналатын. «Патша, билер, хандар да, Құлтөбеле кайта жиналды» деген өлең жолдары дәлел. Ендеше, *Құлтөбеле* топонимінің мәдени-тарихи семантикасы аталған дәстүрмен байланыстырылады. «Құлтөбенің басында күнде жиын» деген сөздің шығу тарихы осыдан.

*Сарыарқа* топонимі жыраулар тілінде жиі тілге тиек етіледі. Мұны Доспамбет жырау, Шалқиіз, Жиембет, Базар, Дулат шығармаларынан кездестіруімізге болады.

*Сарыарқа* сөзіне «Қазак Совет энциклопедиясында» мынадай анықтама берілген: «Сарыарка, Арка, казактың ұсак шоқылығы – Қазак ССР-нің орталық және шығыс бөлігін камтитын физикалық географиялық өлке. Қыратты, ұсак шоқылы және аласа тәбешікті келген жазық. Батысы Торғай ойысынан басталып, шығысы Тарабатайдың батыс сілеміне дейін 1200 км-ге созылып жатыр. Солтүстігі Батыс Сібір жазығына, онтүстігі Балқаш көліне үласады» [29, 169 б].

Жыраулар тілінде *Сарыарқа* өте көлемді, шұрайлы, малға жайлыш жер ретінде суреттеледі.

*Бетегелі Сарыарқаның* бойында,  
Соғысып өлген өкінбес...[32, 35 б].  
*Арқага қарай көшермін,*  
*Алашымға ұран десермін...*[32, 55 б].

Кожаберген жырау тілінде *Сарыарқа* – «*Теріскей Сарыарқа*» топонимімен берілген:

...Казактың қатардағы шешені едім,  
*Теріскей Сарыарқаны* қытайтұғын

Егіз ел Керей-Уак көсемі едім...[6,28 б], - дейді. Жыраудын «*Terіскей Сарыарқа*» деген атауды колдану себебі: Сарыарқаға Қарағанды, Ақмола облыстарының жері толыктай, Қолтүстік Қазакстан, Шығыс Қазакстан, Павлодар облыстарының біраз жері кіргендіктен, өзінің қай Сарыарқадан шыққанын, билік еткен жер атауын көрсету мақсатында колданған.

Сондай-ак қазақ этносының көшпелі өмірін көрсететін: Гогайын *Оибы* өзені жұртым қыстап, Баптаған алғыр тазы, қыран ұстап; *Ertisке* екі беттеп халқым қонған, Төскейге қой мен жылқы, түйе толған; Астаскан *Арқа-Сібір* жерін жайлап, Жаз болса, бие менен інген байладап... топонимдері де бар.

Жыраудын «*Қызылжар*» өлеңі, «*Ата тек*», «*Баба тіл*», «*Елім-ай*» дастандарында кездесетін жер-су атауларының көвшілгі бүгінгі Қазакстан жеріндегі географиялық атаулармен сәйкес келеді. Ал «*Елім-ай*» дастанында кездесетін 4-5 топоним тана колданыстан шықкан. Ол шаһардың көнелігі мен апат кезінде жойылып кетуіне байланысты:

*Мейраиттәбе, Шаштәбе,  
Шаһарлар ұсак тым көне.  
Бершиін, Шаган, Қарашиқ,  
Қалпына қайта келер ме?*

*Ақкорған мен Косқорған,  
Иран менен Жақорған  
Қарнақтың бәрін жау алды...[6, 64 б].*

Шығармада берілген топонимдерді белгілеріне карай бірнеше топка бөліп қарастыруға болады: 1) **гидронимдер**: *Ertis, Есіл, Еділ, Нұра, Жайық, Әмудария, Жейхун, Атакөл, Сарысу, Қектәбе, Талас, Шу, Балқаш, Іле, Оибы, Қаратат* өзендері; *Сибан, Тарысы, Қарқабат, Тармақкөл, Ашамайты, Таннаш, Хобда, Тұрпан, Ақсу, Құлжаса, Аббас, Атакөл, Кердери* теңізі; 2) **оронимдер** (тау аттары): *Каратай, Алатай, Туркістан, Сайран, Тараз, Үшбұлақ, Аққас, Қарақас, Ораі,*

*Сібір, Аттай, Сауыр, Сайсан, Созақ, Аяз (Созақтың көнсатмағы), Жизақ, Тұрған, Аягөз, Шыңғыстау, Шымкент, Жайсаң, Тұрған, Аттасау, Самар, Ұзынағаш, Қаратал, Сұлтәне, Тарбагатай; 3) ойконимдер (мекенжай аттары): Қызылжар, Ташикент, Түркістан, Сарыарқа, Сыр өңірі, Бұхар, Сібір, Ресей, Қытай, Есілкөл, Аттай, Аягөз, Шыңғыс, Тарбагатай, Жайсаң, Жетісу, Маңғыстау, Құлжас, Корғалжын, Үржар, Баян, Қарқараты т.б. 4) ұлт атаулары: қазақ, қалмақ, жонғар, хатхи, қытай, орыс, ногай, татар, башқұрт, маңғұлт, түрік, қарақалпақ, араб, ойрат (бұйрат), түрікпен, өзбек, тәжік; ру атаулары: Аргын, Керей, Қоңырат, Найман, Дұлат, Жалайыр, Естек, Тобықты, Құрлеуіт, Қанжыгаты, Атшын, Үйсін, Айбан, Суан, Шапырашты, Ысты, Қаңты, Дүнген, Тере, Төлеңгіт, Қожа, Хангелді, Сіргелі, Шанышқы, Ошақты, Ордабек, Орманбек, Оңгарбек т.б.*

Окифандың неліктен туғаны, қандай әрекеттерге алып келгені накты баяндалған өлең тарихи шынайайлығымен бағалы. Жер-су, атамекен атауларына байланысты жыр толғаган кай ақын да болмасын, мейлі ол тарихи жырды жырласын, не тарихи өлеңді айтсын, олардың топонимдік атауларды колдану аясы бірдей болғанымен, шығармашылық жолда әртүрлі сипат алары анық.

### **2.1.2 Жырау шығармаларындағы қару-жарап атаулары**

Жырау сөзі – заман келбеті. Әскери лексика жыраулар тілінің негізгі көркемдік құралы болғандықтан, осы күні ұмыт болған қару-жарапқа катысты атауларды олардың туындыларынан көре аламыз. Кожаберген өмір сүрген XVII-XVIII ғасырдағы шығарма тілі – жауынгерлік рухы мықты қазақ халқының сөз корындағы құлдірмамай, қанжар, қамши, семсер, сойыл, қылыш, садақ, айбасата, наиза, сауыт, берен, кіреуке, адырна, кептепен, т.б қару-жарап атауларын колданылуын кажет еткен. Бұл атаулар көнерген элементтер болса да, өзі өмір сүрген

кезең үшін белсенді сөздер болып табылады. Қазақ кару-жарагының зерттелуі ХVIII-XIX ғасырларда Қазакстанда болып, қазактың тұрмыс салтын зерттеген орыс және еуропа жертеушілері П.И.Рычков, Дж.Кестль, Т.Аткинсон, П.С.Паллас, И.И.Фальк, В.В.Радлов, А.И.Левшин, С.Б.Броневский, Б.Залесскийдін т.б. еңбектерінен бастау алады. Ертедегі әскери кару-жарактар туралы құнды мәлімет берген әрі казақ каруын этнографиялық тұрғыдан алғаш зерттеушілердің бірі –казактың үңғыш ғалымы Ш.Уәлиханов болды. Қазақ халқының колөнерін зерттеген Ә.Марғұлан, Х.Арғынбаев, Т.Басенов, О.Тәжімұратов, Р.Шойбеков т.б. ғалымдардың еңбектерінде казактың кару-жарагының да жекелеген тұрларінің жасалу технологиясы, көркемдеу тәсілдері зерттеліп, оларға қатысты халықтық терминдер жайында айтылады [33, 5 б.]. Казақ батырларының кару-жарагын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеген академик Ә.Кайдар болса, Советова З.С. «Қобыланды батыр» жырының лексикасы» тақырыбында кандидаттық диссертация жазды.

Жалпы, казақ жауынгерлерінің соғыс құралдарын, негізінен атқаратын қызметіне қарай, екі категорияға бөледі. Біріншісі – шабуыл құралдары, олардың қазақ тіліндегі жалпы атауы – кару, екіншісі – корғаныс құралдары, олардың жалпы атауы – жарак. Бұл екі атау қосылып, «кару-жарак» кос сөзі жауынгердің соғыска киетін және бойына асынатын соғыс құралдарының бүкіл кешенін белгілейтін құрделі жалпы атау болады [34, 66 б.]. Кожаберген жырау «Баба тіл» дастанында кару тұрларін:

Алдаспан, қылыш, ақберен – шабатын кару аттары,  
Ататын құрал атпуы – мір мен садақ, жақ тағы, - деп  
жырау өзі бөліп көрсетеді. Сонымен қатар каруларды тұрмыстық, аңызытық, жауынгерлік деп бөлінеді. Қызметінің маңыздылығына қарай Кожаберген жырау тілінде жауынгерлік қару ерекше беделге ие және қоғамда маңызды рөл аткарады

десек қателеспейіз. Мысалы:

Көбейіп әр аймакта жойкын ұрыс,  
Жарқылдалап басты кесіп алмас қылыш...  
Біз дағы ата жаумен майдандастық,  
Халхидың жendetімен *наиза*астық.

Дүшпанға колдан намыс бермеу үшін,  
Таңдаулы тайшысымен қылыштастық.  
*Садақ пен мылтығыны* бар «*кулдірмамай*»,

Кезім жок атысканда тигізе алмай, - деген жолдар жауынгерлік карулардың не үшін және қандай максатта пайдаланғанын аныктайды.

Қазақ этносының дәстүрлі мәдениетінің бір бөлігі болатын жауынгерлік кару-жарактардың даму тарихы бірнеше мынжылдықты камтиды. Кару-жарактың пайда болуы мен колданылу тарихы өте ертеден басталғанымен, Қазакстан территориясын мекен еткен халықтардың кару-жарагында тек көшпелі халықтарға тән сипат б.з дейінгі I-ші мынжылдықта ғана калыптаса бастады. Қазакстанды мекендеген байырғы және ортағасырлық көшпелі халықтардың жасаған кару жарактарын сактардың (б.з.д YIII-III ғғ.), ғұнсармат (б.з.дІІғ.-б.з.Ұғ), түркілердің (YI-YIII ғғ.), кимак-қыпшактардың (IX-XIV ғғ.) карулары деп бөлетін болсақ, XY ғасырдан бастап казак хандығыны құрылғаннан кейін казактың төл туындылары жарық қөрген [34, 95 б.]. Солардың бірі – «*кулдірмамай*». Кожаберген жырау шығармасында жиі кездесетін, «бес карудың» катарына енген ерекше кару. Осы карудың шығу тарихына байланысты «*Кулдірмамай*» атты өлеңін арнап жазған. Қазақ халқының XYII-XVIII ғасырларда да «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген апатты бастан өткергенін ескерсек, казактар үшін калмакты жоюға соғыс құралдарының аса кажет болғанын білеміз. Ату каруы – *садақ*, түйреу каруы – *наиза*, кесу каруы –

*күншиш(семисер), соғу каруы – шоқпар(айбатта)* екенін ескерсек, шу каруының құрамына кіретін тағы бір қару «Күлдірмамай» – қазактың жасаған төл мылтығы. Кейде «қазак мылтығы» деп те шалады. Кожаберген жырау «Елім-ай» дастанында:

«Садақ пен мылтығым бар «Күлдірмамай»,

Кезім жок атысқанда тигізе алмай», - десе, қазак-қалмак соғысы туралы жазылған баска да тарихи жырларда казак жауынгерлерінің «кулдірмамай» мылтығын соғыста қару еткені жазылған.

Сексен жыл болды шамамен

«Күлдірмамай» енгелі.

Атауы болып мылтықтың

Қолданылып келеді, - деп көрсетеді.

Мылтықтың аты мен затынын арасында ұқсастық бар ма? Қай уақыттан бері пайдаланылды? Осы сұраптар қызықты. Екі сөздің бірігуінен жасалған мылтық атауының екінші сынары «Мамай» сөзі ұстаның есімі болса, «кулдір» сөзі грамматика тілімен айтсақ еліктеуіш сөзден алынған, яғни мылтықтың ұбысы атуынан алынған. Бұл қаруды Кожаберген жырау «Елім-ай» дастанында ең қолайлы қарулардың бірі ретінде көрсеткен және қару жайлы мәліметті де жырау шығармасынан ала аламыз. «Елім-ай» жырында бұл мылтықтың күлдір еткен даусынан жау шошынды дейтін өлең жолдары да сөзімізді аныктай түседі. «Күлдірмамай» қай жылдары соғылды? Бұл сұрапқа Кожаберген жырау шығармалары жауап береді. Жыраудың:

Пәниден ұста Мамай қыршын кеткен,

Біз тумай он жыл бұрын дүниеден өткен, - деуіне қарағанда Мамай ұста 1653 жылдары қайтыс болған шебер, ұста. Толыбай сыншы «Күлдірмамай» мылтығын қазак пен қалмак арасындағы «Орбұлақ» шайқасында бірінші пайдаланды деген дерек бар [6, 450 б.]

Жырау тілінде кездесетін барлық қару атаулары қазак

батырларының қаруларының катысты «бес каруын асынды», «бес каруы бойында», «бес каруы сайланған» деген тіркестер жырларда, дастандарда жиі ұшырасады. «Ер каруы – бес кару» деген макал да бар. «Осы күндері әдебиет, баспасөз беттеріндс әр түрлі авторлар «бес каруға» бірнеше құралдарды, садак, найза, мылтық, қанжар, шокпар, пышак, қамши т.б жаткызып жүр. Алайда, барық түркі халықтарының қаһармандық эпостарында соғыс кезінде батырлардың жекпе-жектері, айқастары 5 кару түрімен сайысу – *садақ ату, наизатасу, қылыштасу, баттағасу, шоқпарласу* түрінде өткен», - дейді ғылыми қауым арасында үлкен беделге ие болып жүрген, «Жараған темір кигендер» кітабының авторы [34, 85 б.]. Осы орайда Кожаберген жыраудың «Бес кару» атты өлеңіндегі өз заманында пайдаланған жауынгердің «бес каруын» жүйелеу сипатына назар аударатын болсак:

Ер каруы бес кару,  
Екі топқа бөлінген:  
*Қылыш, садақ, айбағта,*  
*Күрзі менен көк наиза,*  
Ел корғауда әркашан.  
Келтірген ерге көп пайда.

*Күлдірмамай, қанжар мен,*  
*Дырау қамшиы ушеуі.*  
Екінші топқа жатады,  
*Семсер, сойыл бесеуі.*  
Сапасына карай бес кару,  
«Екі жүйе» аталған.

Осылардың барлығы, - деп екі жүйеге бөліп көрсеткен.

Кожаберген жырау шығармаларында кездесетін жауынгерлік құралдың екінші түрі – қорғаныс жарагы. Бұл категорияға адамның денесін сактап қалатын, қорғаныш ретіндегі бірнеше заттар тобы жатады. 1) денеге киіп корғайтын

жарак түрі – сауыт, шарайна, жауынгерлік бірлік; 2) басқа киілетін қорғаныс жарагы – дұлыға, темір қалпак, телпек; 3) аякты, қолды коргайтын жарактар – женше, белдемше, тізелік, балтырлық деп бөлетін болсак, Кожаберген жырау тілінен сауыттың берен, аксауыт түрін және басқа киілетін дұлығаны көздестіреміз. «Елім-ай» дастанындағы:

Айырылды тұлпар атын тағасынан,  
Тозып тұр *ақ сауытым* жағасынан.  
Қайралған қайкы болат алдаспаным,  
Боялды қызыл қанға сағасынан [6, 119 б.].  
Мын рет орансан да беренменен,  
Кірерсін жер койнына дененменен.

немесе,

Солмаған жокшылықта біздің көрік,  
Дұлыға басымдағы темір берік.  
Найзаға ту байламай жүрген емен,

Жасыл ту он жетімнен болдын серік, - деген жолдар сөзімізге дәлел. Дәстүрлі кару-жарак – ұлттық мәдениеттің срекше феномені. Халықтың дәстүрлі түсінігінде кару-жарак тек соғыс құралы ғана емес, этникалық мәдениеттің құрамдас бөлігі. Кару-жарактың барлық түрі этностың өмірі динамикасының айырылmas элементі, олар өздерінің түрлі тұрмыстық және әлеуметтік функциялары арқылы этностың өмір сүру процесіне кірікken [34, 98 б.]. Сондыктан, жоғарыда аталған сөздер күр заттық атауда емес, Кожаберген жырау өлеңдерінің тілдік срекшелігін көрсетуде аса мәнді рөл атқарады.

### 2.1.3 Көнерген сөздер мен дисфемизмдердің колданысы

Кожаберген жырау шығармаларында ұшырасатын лексикалық қуралдардың бәрі – жырау өмір сүрген кезең мен уақытқа тиесілі. Осы күні тарихиық тұрғыдан ғана колданыс

табатын көнерген сөздер: *архаизмдер мен тарихизмдерді колдануы* әдебиет пен коғамның арасындағы тығыз карым-катаинаска қуәлік етеді. Мысалы, *хан, тархан, төре, би, гаскер, көбең, қаразы, ордабасы, жасақ* т.б. Сонымен бірге, *намаз, ораза, әүлие, иман, молда, алла, аруақ, тәңір, жаббар, шаригат*, т.б. діни атаулардың колданылуы, ұлттық таным негізінде қалыптасқан ой арналарымен қабысып жатыр. Дінмен байланыста туған ұғымдардың колданыс табуы казак халқында ислам дінінің, кен тарағандығын, ұлтымыздың дінге беріктігін айфактай түседі. Көнерген сөздердің көбі лексикамызға әбден кірігіп, сінісп, занылықтырамызға бағынып кеткен кірме араб-парсы: *сүннет, азан, пайғамбар, дария, намаз қаза, сәлде, Әзірет, бекзат, сәжде, зекет, талақ жар, харам, хат, шайырлы, асыл, фәни, дүние, бейнет, бақыт, ақыл, қаріп, газазіл, қайғы, наұыс, тағдыр* т.б. мысалдары арқылы беріледі. Казак тілінің басқа түсіс (қырғыз, өзбек), түстас (монгол, калмак) және өзге (араб, иран) тілдермен көрші ретінде де, тарихи-саяси, географиялық жағдайларға байланысты да ықпалы, лексикалық аудио-түйістері ерекше назар аудартады [31,55 б.]. Кожаберген жыраудың тілдік лексикасында араб, парсы тілінен енген діни сөздердің жиі ұшырасуы қалыпты жағдай. Бірак, бұл дағды барлық жыраулар лексикасына тән десек те, семантика, фонетикалық колданысқа түскенде әр килем сипатта көрінеді. Араб сөздерінің түркі сөздігінен мол көрініс табуы тарихи жағдайларға байланысты екенін жоғарыда атап кеттік, дегенмен сөздік корымызда көптігі сонша көп жағдайда кірме сөз екендігін ажырату кын. Себебі, араб сөздері ерте тілімізге енді және әр түрлі нұсқалары да көбейіп, дыбыстық өзгерістерге ұшырады. Мысалы:

Кожаберген жыраудың «Жаксылық пен жамандық жайындағы хикаят» атты шағын хиссасында қадыр сөзі жуан нұсқасында жұмсалады:

Даналар қадыр білген дегдар текті,  
Аузына алған емес жаман кепті...[6, 213 б.].

Қадыр – бедел, құрмет мағынасын білдіретін зат есім ретінде колданылған, араб тілінде кадр – өлшем, бірлік, дәреже деп беріледі. Затка не құбылысқа байланысты колданылғанда сапалық жағын, адамға қатысты колданылғанда дәрежесі мен оның қасиетін аныктайды. Яғни, араб сөздері мағыналарына қарай іркітелгенін көреміз. Қадыр сөзін қәдір нұскасымен Шортанбай жырау да өз поэзиясында колданған. Мысалы:

Жалға жүрген жалшыдай,  
Жан қәдірін білмедін...[32, 65 б.].

Қадыр-қәдір сөздеріндегі дауысты дыбыстардың жуан, жінішке дыбысталуын тіл мамандары жергілікті халық тілінен, не болмаса араб тілдерінің жи ұшырасуын Орта Азиядағы көршілердің ықпалы деп түсіндіреді. Ол онтүстік говорларда колданыс тапканын да естен шығармау керек. Тағы бір мысал *шайырлы-шайірлі* сөздері. Дауысты дыбыстардың жінішке түрін шығармаларында колдану онтүстік өнірде өте жиі, ал солтүстік өнірде көбіне жуан нұскасы колданыс табады. Кожаберген жыраудын «Баба тіл» дастанында:

Жирен манғұл көзі көк,  
Шығыс жакта тұрмайды,  
Шыңғыстың кезін сағынып,  
*Шайырлары* жырлайды [6, 179 б].

Шортанбай жыраудың жырларында:

Жыршылардың *шайірі*,  
Асыл сөзді езбекен...[32, 56 б].

Кожаберген жырау мен Шортанбай жырау өлеңдеріндегі араб тілінен енген *хат-хәт* нұскасында келетін сөздерді салыстыратын болсақ:

Кожаберген жырау:

Халкымның ауыр халін баян етіп,  
Жырладым апат күннің шежіресін...

Шортанбай:

Сәлем айттым бәріне:  
Қызмет етіп жүріндер,  
Басшы, біткен кәріне.  
Өлгеннен соң қоймайды,  
Тірідегі хәліне.

Бұл жерде, мағыналары бірдей, тек *a*, *ә* дыбыстары ғана ауыскан және Кожаберген жырау шығармаларында қадыр, *шайыр*, *хал* сөздерінің барлығы бірынғай жуан нұскада жасалғанын көреміз.

Араб тілінен енген *хараи* және *арали* сөздері бар. Харам – тыйым салынған, күнә амал жасалған, ал арам – сүм, кара ниетті мағыналарын білдіреді. Алайда, Кожаберген жырау:

Күн туып, ата жаудан кек алатын,  
Қалмақтың іске аспасын *хараи* ойы...[6, 66 б].

Харам сөзі – сүм, қара ниет деген мағынада қолданған. Мұрат ақын болса:

Мұсылманның баласы  
Қашуды қойды *аралынан* [32, 60 б], - дейді.

Демек, Кожаберген жырау «аралы» мағынасындағы сөзді «харам» нұскасында қолданған. Тура мағынасын Шортанбай жырау өлеңінен кездестіреміз:

Бұйрықсыздың бәрі *хараи*,  
Шарифатқа сыймаса [32, 55 б].

Енді, жырау шығармаларында *сұннет*, *азан*, *тайғамбар*, *дария*, *наиғаз қаза*, *сәжде*, *Әзірет*, *бекзат*, *сәжде*, *зекет*, *татақ*

т.б. жиі кездесетін араб, иран сөздерінің кей түріне семантикалық жағынан сипаттама жасалық: *Сұннет* – діни ұғым бойынша, пайғамбарымыз Мұхаммед пайғамбар жасаған амал-әрекеттерді бұлжытпай орындау [30, 6 б.]. Ш.Құдайбердіұлы да: «Сұннет пайғамбарымыздың әрдайым қылып жүрген ғұмырында бір, яки екі мәрте ғана калдырган нәрселері» [35, 65 б.]. Сұннеттің халқымыздың ұғымында және дәстүрімізде калыптасқан манызды түрі мұсылман болудың белгісі ретінде 5-9 жастағы ер баланы сұннетке отырғызу. Ислам дінінде сұннет амалдардың орындалуы міндettі емес. Сұннет – пайғамбарымыздың амал әрекеті, ал парыз Алладан. Парыз амалдар міндettі түрде орындалуы тиіс [36, 6 б.]. Кожаберген жырау шығармаларында *сұннет* сөзі өз мағынасында қолданыс тапқан:

Кожа келген, байқасан,  
Біздің елге әр жүрттан.  
Балаларды сұннеттеп,  
Билемекші кеп сырттан [6, 196 б.].

*Намаз қазасы*. Намаз – мұсылмандардың бес парызының бірі. Кожаберген жыраудың «Елім-ай» жырында намазын қаза болса да, көnlін дінге таза, жүрегін Аллаға сенсе, ел басына күн туған киын шақта мұның барлығы кешіріледі дегенді айтады:

Көnlін Алла мен дінге болса таза,  
Тартқызсан жау калмакка катан жаза.  
Ұжмактың төрінен орын аларсындар,  
Кешірер намазын болса қаза!

Ақын тілінде ерекше ренк беру максатында дисфемизмдер де қолданылады. Елімізде болып жаткан қанды окиға, заман дертін жырлаған жырау тілінің кей толғауларынан қулаққа өрескел естілетін, өз табиғатынан жағымсыз мағынаны білдіретін дисфемизмдер жырау шығармаларында жағымсыз

калмақ хандары бейнесі мен «қалмақ» деген тайпа образын суреттеуде пайдаланылады. Мысалы, *Сұмырай* халдан Бошох дүниеден өтіп, Үлдары орнын басар қалды жетіп, Туысы халдан Бошохтың малғұн Сенге, Санады көрші елдерді ылғи кемге, Мұсылман баласына катты өшігіп, Сыбан Рабтан *ит шықты* канды жолды. Жалпы жағымсыз кейіпкер бейнесін жасау туралы белгілі тілші М. Серғалиев былай дейді: «Көркем әдебиет стилінде тұйыктық жок. Сол себепті жазушылар кейіпкер аузына жалпыхалықтық тілдін әдеби тіл аймагынан ауылы алшақ жатқан диалектизм, бейәдеби қарапайым тіл, жаргон тәрізді формаларына тән элементтерді мұмкіндігінше сала отырып, көркем бейне жасайды және кейіпкердің өзіне сай көркем бейнесін беруге көмегін тигізеді» [37, 15 б.]. Жырау халқына қырғидай тиғен қалмақтарды *сұмырай қалмақ, қәпір қалмақ, сасық қалмақ, қанішер, жауыз* сиякты дисфемизмдер арқылы суреттейді. Мысалы: Шығыстан *қәпір* қалмак бас салғанда; Байыған тонауменен *қалмақ* *сұмырай*; *Жауыздар* дәүлеттенді, бакыт конып; Сұм қалмак әкелді ажал кәрі-жасқа; Жер құшты бірталайы *қанішердің*; Сұм қалмак Үш қанын судай шашты; Замана күннен күнге *қагынып тұр*; Дін ордасын былғады *сасық қалмақ; қәпір, ит, сұмырай, қанішер, жауыз, қагынып, сасық, қатын, кемпір-шат, бай* секілді сөздер пайдаланылады. Эмоциялық реңкі жағымсыз бұл сөздер қайнаған қанын, ашынған жанын, адамның қеудесін қыскан ашы өксіктің дәлелі. Бұл сөздер экспрессивтік мән тудыруға, оқырман қауымның сезімін, сенімін оятуға түрткі болып отыр.

Жырау тілінде ұшырасатын дисфемизмдердің ендігі катары, неке мен туыстық атауларға байланысты қалыптасқан дисфемизмдер. Солардың ішінде ең көбі әйел сөзіне байланысты пайда болған атаулар. Тіліміздегі бір ғана әйел сөзінің бірнеше дисфемизмдік тобын айтар болсак: қаншық – қыз, әйел; шүйкебас – келін, келіншек, жас әйел; салпыетек – әйел, үй қызметіндегі әйел т.б. Ә.Болғанбаевтың «Қазак тілінің синонимдер сөздігінде» осы сөзді төмендегідей синонимдерімен бірге

келтірген. Олар: әйел, катын, зайдіп, жамағат [38, 50 б.]. Қожаберген жырау өз шығармасында әйел – катын, кемпір дисфемизмдерімен берген. Қоғамдағы адамдардың өзара карым-катынасы кейбір келенсіз жағдайда әйелдерді кемсітіп қорлау, іске жаратпау ұғымын тудырған. Мұның негізі өте ерте кезде пайда болып, казіргі заманымызға дейін жетіп отыр. Бұған дәлел, Қожабергеннің «Жаксылық пен жамандық жайындағы хикаяты» шығармасындағы: *Қатынның ұрып-соғып басын жарды; Ол үйде отыр екен жалғыз қатын, шығарар тәуір әйел ердін атын; Еркек жоқ үйге ешкімді кондырман деп, Бастанда катал сөзben жағдаятын; Суыкта қатын-қаташ, кемпір мен шал, Үйсіз қап айдалада дірдектеді.* Сөздің әсерлігін күшайту максатында одан әрі: *Қатынга ашуланды катты кейіп, Қостағай алған байың ықтиярың, Күдая, бұл жауызға жаза бер т.б өлең жолдарындағы қатын-қаташ, кемпір-шал, байың, еркек дисфемизмдері дәлел.*

Неке мен отбасына байланысты қалыптасқан дисфемистік атаулардың бірі – еркек, бай, шал дисфемизмдері. Мысалы: *Шал* сөзі жасы келген карияларға байланысты айтылады. Бұл сөздің жағымсыз мағынада өзіндік эмоциялық мәні мен бояуы бар. Олар туған халқымыздың ұлттық дүниетанымын, психологиясын өз бойына жинаған сөздер деп айтуға болады.

#### **2.1.4 Тұракты тіркестердің ұлттық-мәдени көрінісі**

Жалпы, жыраулар поэзиясы көркемдік әсері жоғары, бейнелілік пен мәнерлілікке толы поэтикаға бай сөз кестесі болып табылады. Жырдың осындай табиғатын өруде сөз мәйегі – тұракты тіркестердің орны ерекше [39,5 б.]. Бұл ерекшелік тұракты тіркестерді такырыптық топтарға жіктеп көрсеткендे анық танылады. Фразеологизмдерді такырыптық топтарға жіктеу – тіл фактілерін халық тарихымен, оның әлеуметтік-коғамдық болмысымен, рухани мәдениетімен бірлікті карастыруға негіз болады. Осы ретпен тіл фактісі арқылы әр

кезеңнін белгісі саналатын көненін сырын ашуға мүмкіндік туады. Фразеологизмдердің жасалуына сан түрлі құбылыстар, ұғымдар түсініктер себеп болған. Солардың бастылары лингвистикада фразеологизмдердің тақырыптарға топтастыруды зерттеуші-ғалым Ә.Қайдар мен Р.Жайсақова мынадай жүйені ұсынады: «Фразеологиялық бірліктердің заттық-такырыптық жүйеленуін түрлі негізге сүйене отырып жүргізуге болады: 1) Ұйытқы, темірқазық қызметіндегі сөздердің лексикалық мағыналарын ескере отырып; 2) Фразеологиялық бірліктердің жалпы мағынасын ескере отырып жүйелеу кажет» [40, 30 б.]. Ғалымдар ұсынған бұл негіз бойынша Қожаберген жырау тіліндегі фразеологизмдердің жалпы мағынасына қарай: қоғамдық-әлеуметтік факторға байланысты; түр-түске; діни нағым-сенімге байланысты туған фразеологизмдер деп карастырамыз. Ең алдымен, қоғамдық факторға катысты фразеологизмдер жырау тілінің басты тақырыптық топтамасы. Себебі, жырау өмір сүрген кезен ел үшін, жер үшін калмактармен қырқысан, жаугершілік заман еді. Сондықтан тарихтан әрі асып кете алмаймыз. Белгілі зерттеуші-ғалым Р.Сыздық: «Белгілі бір суреткөр тілінде немесе жеке көркем шығармада қолданылған фразеологизмдердің мағыналық топтары сол ақын-жырау жырлаған тақырыптарға сай болуы керек», -дейді [41, 30б.]. Демек, жырау тіліндегі фразеологизмдерді де біріншіден, тарихи кезеңдерге катысты және әскери атак пен кару жаракқа катысты фразеологизмдер деп топтастырғанымыз жөн.

1) Тарихи кезенге катысты: *ақтабан шұбырынды, алға көл сұлама, Құлтөбенің басында күнде жиын, құба қалмақ заман, алты Алаш, артқы топтан адаспау, құт көгенен қөгендеу, қабыргасын күйрету, Асанқайғы, Жәнібек салып өткен сара жол, жау жағадан алғанда, бөрі етектен, ит қалмақтың ашиғысын құйру т.б*

2) Әскери атак пен кару-жаракқа катысты: *ата бағта, білтепі мылтық, түмен басы, дұлығаты бас, жағаулы наиза,*

*қара мылтық, жұз басы, орда басы, алдаспан ауыр қылыш, қара нопір қол, көбелі сауыт, көк наиза, қыннан қылыш сұыр т.б.*

Екіншіден, діни-наным сенімге катысты тұракты тіркестердің колданысы. Казак халқының ұлттық мәдени омірінде діннің рөлі ерекше екені белгілі. Діни наным-сенімге байланысты фразеолгизмдер халық өміріндегі нақты бір діннің әсерін, діннің рухани өмірінде, дуниетанымында алатын орнын анық көруге болады. Қожаберген жырау шығармаларындағы үшіншігеге катысты фразеолгизмдер бойынан бүкіл түркі халықтары мәдениетіне енген ислам діннін әсері күшті болғаны байқалады [40,46 б.]. Ислам діні – құдайға, Аллаға табынатын дін. Осыған орай жыраудың ойлау танымында «алла, құдай», «тәнірі» шексамалары жақсылық пен жамандықтың, өмір мен өлімінін, ак пен қараның карама-қайшылығының аралық шекарасы іспетті ғанағат түрлі тіркестерде колданылады.

Пешенеге құдайдың жазғаны – «жаратушы құдірет, ұлы мәртебелі»;

*Алладан бұйрықты ажат келіп жетті* – «актық демін ғаусылды»;

*Құдай салды* – «Алланың әмірінен аспау»;

*Бақытқа қадір Алла жолды аиып* (Алла бақытын ашу) – «құдай ісін онғару, колдау»;

*Құдайга шүкір*, жұрттымда, медресе мен мешіт бар – «канаттағат тұту»;

*Жаратқан ием жар болып*, тілекті әркез бере гөр – «Алладан колдау күту»;

*Құдая, бағымды аи* – «алладан жақсылық тілеу».

Халық танымындағы әүлие және пайғамбар сөздері де тиңи наным бойынша адам тағдырына ықпал жасайтын қасиеттіңнелі жандар. Ауыспалы мағынасы – «қадірлі, тандаулы, көремет», «алланың дінін, уағызын адамзатка таратушы елші» [40,46 б.]. Қазактардың әруакқа сиынуы, бұрын болған, тіпті әлі қүнгеге дейін де бар. Қожабергеннің «Ата тек» дастанындағы:

Сиынды ол Құдайға да, әруакка да,  
Сапарда көрсетпе деп зор капасты, - деген жолдардан  
әруақ киелі деп танылатын, «рух, күш, қуат» мағынасында  
колданылады. Жорыкка аттанарда әруактардан жолдарының ақ  
булуын тілеген. Оған жыраудың «Баба тіл» дастанында мынадай  
өлең жолдары күз:

Алаша ханға *табынып*,  
Аруағына бас иген.  
Қанішер Шыңғыс жұмсарып,  
Кесегін онын үш сүйген [6,174 б.].

Қазақ халкы әсіресе ата рухына тіршілікте үлкен атак,  
абыройға ие болғандардың әруағына ерекше табынған [42, 100  
б.]. Қазақ халқының шежіре тарихы бойынша арғы аталарының  
бірі – Алаша хан болған. Қасиет санап, сеніммен табынып, оған  
бас иген. «Елім-ай» жырында:

Бейітке дұға оқып шыктық түнеп,  
Әруакка көп сиынып тілек тілеп.  
Есіркеп қашан Алла жеткереді  
Женетін ата жауды құн туса екен, - деп бейіт басына  
түнеп, дұға оку да Жаратқанға иланып, одан жақсылық тілеген  
қазақ халқының дәстүрін көреміз.

Бұл наным-сенімнің бәрі халықтың Алланың бар  
екендігіне, оған табынып, киын күндерде демеу боларына  
сенгендігінің аркасында пайда болған.

Үшіншіден, түр-түстердің қоғамда, ондағы әдет-  
ғұрыптарда, дәстүрлерде, белгілі бір ұлтта, этноста кейде жеке  
тұлғалардың түсінігінде өзіндік орны болады. Тіл - тілдегі түр-  
түске байланысты символдық мағыналар белгілі бір ұлттың  
коғамдық саясатына, сана-сезімі мен түсінігіне, көзкарасына,  
мәдени мұраларына және тағы басқа атрибуттарына байланысты  
жалпылық қасиеттермен қатар жекелілігімен, «ұлттылығымен»  
ерекшеленеді. Қазақ тіліндегі түр мен түстін тілдегі көрінісін

зерттеген ғалымдар Ә.Қайдар, З.Ахтамбердиева: «Әркімнің өз талғамы, өзі ұнататын түрі мен түсі бар» дегенді айтады [42, 124 б.]. Кожаберген жыраудың талғамындағы ең жиі ұшырасатын түстердің бірі – «ак» түс. Ақ ұғымының семантикалық шенберін Кожаберген жырау шығармаларында «Актабан шұбырынды, Алқа көл сұлама» өзге жакқа боскан, жаугершіліке ұшырап, жұтандықтан шұбырган ел туралы», Ақ орда «ханның, бектің, патшаның мекені», Ақ сүйек «хан, бек, тере тұкымы», Ақ бата «жаксы ниет» т.б. мысалдарымен көрсетуге болады [42, 187 б.]. Казакта *ақ* түс – ен қасиетті, ардақты түс болып саналған. Жырау шығармаларында колданылған *ақ* ұғымының коннатациялық магыналары тәмендеңідей:

- адап, құнәсіз – *ақ көңіл, ақ жүрек, ақ пейіл;*
- ізгі тілек, жақсылық бақыт – *ақ тілек, ақ бата, ақ босага;*
- асыл, таза, коспасызы – *ақ алмас, ақ сеисер, ақ тұмтек, ақ сауыт, ақ берен;*
- тозу, жұтылу, күйзелу – *ақсүйек қылу, ақтабан шұбырынды;*
- хан, бек, тере, тұкымы – *ақ сүйек, ақ орда, ақ үй;*
- адамға байланысты – *ақ дидар, ақ тамақ, ақша бет, ақ сазандай;*
- адамның жеке басына тән қасиеттері, ішкі жан дүниесін айқындайтын тіркестер: *ақ жүрек* «таза, адап көңіл», *ақ көңіл* «арамдығы жоқ», *ақ ниет* «адап, пәк ізгі тілекті» т.б. Р.Сыздық фразеологизмдер жайында «Белгілі бір образ беруде фразеологизмдер – поэтикалық экспрессияның ең бір ұтымды құралы» десе [43, 19 б.], Е.Жұбанов: «Көркем тіл стилистикасының тұрғысынан келгенде әр алуан тұракты сөз тіркестерінің мейлінше орамды тілдік тәсілдер екендігі, оларды халықтың жоғары бағалайтыны мәлім. Оларды аузызекі сөйлегенде де, жазуда да үнемі қолданылады», -дейді [44, 151 б.].

Халық тілінің осы бір байлығын Кожаберген жыраудың өз кажетіне сай талғап колдануы - автордың өзіндік стиль калыптастыруы үшін маңызды.

Жыраудың ең күндың еңбегі саналатын «Елім-ай» дастаны мен «Женіс» толғауында колданыс тапқан тұракты тіркестер каламгердің айткысы келген ойна, яғни қоғамдағы болып жаткан жағдайды суреттеуіне мол септігін тигізеді. Екі ел арасындағы алауыздықты, халықтың шарасыз күйін әсерлі тіркестермен сипаттап, заман келбетін «дұшпандар зар жылатты», «құрды торды», «бұлік салды», «зәре ұшты», «тер төкті», «қызыл қанга боятды» деген тіркестер көмегімен көз алдымызға әкеледі. Оған, «Елім-ай» жырынан алынған төмендегі өлең шумактары дәлел бола алады:

Дұшпандар зар жылатты қанлыларды,  
Жағалай Үш жұз жерін басып алып.  
Халкыма аямастан құрды торды.  
Ертістін батысына өтіп алды,  
Оқ атып жиі-жій бұлік салды;  
Біздін сөз қас дұшпанды мензеу деп ұқ,  
Бір емес ата жауыл үшеу деп ұқ;  
Керейге панаалауға көшкен Ескер,  
Топ болып жау оғынан зәресі ұшты,  
Осы аталған жерлерді жаудан корғап,  
Тер төккен қазағымның батырлары  
Жазықсыз шапқан талай елімізді,  
Боятқан қызыл қанга жерімізді [6,45 б.] .

Ғалым С.Сәтенова «Шығарма идеясының айқындалуы, тілінің көркемдігі, үйлесімділігі мен әуезділігі, шеберлігі онда колданған фразеологиялық тіркестерге де байланысты. Олар әдеби туындыға образдылық, терен мән-мазмұн, тартымдылық, эмоционалды-экспрессивтік нәр береді», -дейді. Шынымен-ак, жырау тіліндегі тұракты тіркестерден оның тілге шеберлігін және шығарма желісін, идеясын тани аламыз десек кателеспейміз. Кожаберген жырау «Елім-ай» дастанында тұракты тіркестерді көбіне инверсия немесе плеонастикалық

тәсіл (әдісі) арқылы жұмсауды өнімді құбылыс деп тапкан. Тіркес орнын ауыстырып қолдану, немесе арасына сыналап сөз косу арқылы қолдану үйлесімді елең үйқасын бұзбау кажеттілегінен туындалған отыр. Мысалы:

Тарылып қағынды ғой заманымыз,  
Тозды ғой жаяу журіп табанымыз;  
Еш пенде шертпеп еді маңдайынан...

немесе,

Шыдаңдар киындықка жүнжімендер,  
Сынбасын тіршілікте ажарларың,  
Бұла боп басты ордада өскен едім,  
Жасымнан халық қамын жескен едім  
Қалған соң атамекен жау қолында,  
Өртенді соны ойлап жүрт өзегі.

Белгілі бір ұғымды бір сөзбен де, екі сөзбен де, екі немесе одан да көп сөздердің жымдастып келіп, жанама мағынада айтылуы арқылы да білдіруге болады. Тұракты тіркестерге тән ортақ қасиет бұлардың құрамындағы сөздер дараланбай, мағынаның тұтастығы мен бірлігіне бағынышты, әрі тәуелді болады да, бір сөздің орнына жүреді, бір сөйлем мүшесінің қызыметін атқарады. Сонымен катар, мұндай тіркестер құрамындағы компоненттердің белгілі бір сөз табына катыстырығы да ескеріледі. Казак тілінде фразеологизмдерді сөз табына катыстырығы жағынан: етістік мағыналы; сындық мағыналы; заттық мағыналы; үстен мағыналы деп бөлеміз [45, 19 б.]. Кожаберген жырау поэзиясындағы тұракты тіркестердің сөз табына катыстырығы жағынан, ен жиң ұшырасатыны – сындық пен етістік мағыналы фразеологизмдер. Мысалы:

*Бірінші топқа:* Бұл соғыс казагыма қатты батты, қара жер боздактарды жалмап жатты; Үйткысы еліміздің шайқалған соң, торына ата жаудың тұтылғанбыз; Ел тонағыш қалмактың,

*ниеті* әбден қарайды; Бейіттерге де соктыкты, өлі аруақтан шошынбай; ел шапқанға көңілі тоқ, қанға тоймас жалмауыз; Бәрі де бір Алладан тілек етті, қалса деп аман болып шыбындаі жсан; Ол ерде бір Атланың сүйген құлты; Жөнкілді ел бет-бетіне есі шығып, бәрі тиген қойларша кетті ығып; Халкымнан дәүлет құсы ұшып кетіп, жонғардың шаттарына қонған ба еді; Бытырап шіл bogындаі тарап кетті, болса да біздін казак берекелі; Мұздады жылы жүрек құн-тұн сайын, жау қалмак елге қарап беттегелі; Қазактың сөзі асыл сөз, ілтипатқа ілдірген; Қырды дүшпан қазакты, шынымен болып қас надан; Кір жуып, кіндік кескен жер, кетем бе, сені көре алмай; Қайғырып қан майданда жыр арнағам, керейде Кожаберген бабан болам; Адамзат, жануар, құс жадырады, қоңыр жеті жылдылықпен сүйіп түрмyn, әйтеуір тірі аруақ боп караңдаймын; Токсанның жетеуіне қарап; Шынында өткен дәурен тұс секілді, жастық шақ бір жарамды іс секілді т.б

*Екінші топқа:* Атысар күшті мылтық болмаған соң, Соққы жеп кетті олардың жаман сұркы; Кол астындағы татарға көмектеспей, Ресей қыр көрсетті тіпті жолсыз; Жүйрікпен жетедей жүйткіп ескен едім, Сынакқа камал бұзып түскен едім; Майданда мылтық аз боп атысарға, жігерін құм етті ғой талай ердің; Дәу мылтықтан беті қайтып, Женілер күнде жеткен-ді; Аймағын Жетісудың түгел жайлап, Кол бастаған ерлерім, Алды - артын шолып еді; Орнатып елге тозағын, жолға құрып тұзагын; Көз тікті көрші елдердін мекеніне, иесіз манғұл жері аз болғандай; Ауыр боп казак үшін қанды майдан, үш жүздін маңдайынан багы тайған; Әбілқайыр сұлтанға, алшынның көңілі толмады; Дедік біз қарғыс айтып, назаланып, келетін сүм қалмакқа кәрдің жоғы-ай; Жазықсыз қанын төгіп талай жанның, тұсында болған соғыс Шыңғыс ханның; Бармагын шайнап долданып, ер жігері құм болды; Көңілін бөлмей өзгеге; Ауып келген қазактар, көз атарты көрші елге; Құл көгенге көгендең, қабыргасын күйреткем; Жау қалмак сол кезде де көп соғысып, женіліп үш жүзімнен тізе бүккен; Дәулетті боп көп

адам, азamatка өң кірген; Ата аруағын шақырып, ұран салып, Шығай хан картайса да ел қорғаған; *Төбе шашы мік тұрды* - халқымды көріп кинаған [6, 65 б.]. Кезінде қыннан қылыш суарылған, *Апшысы ит қалмақтын құарылған*; *Дұшпанға қолдан нағыс бермеу үшін*, Тандаулы тайшысымен қылыштастық; Жайсан менен қасқанын, *тасқа тиді маңдайы* – деген мысалдарда тұракты тіркестердің құрамындағы сөздердің орын ауыстырып жұмсалғандығын байқаймыз.

Кожаберген жырау тұракты сез тіркестерді өз ойын, көзкарасы мен дүниетанымын, қоғамдағы жағдайды көркем түрде суреттеуде, шығармаға эмоционалды ренк беру мақсатында молынан пайдаланған.

### **2.1.5 Антоним және синоним қатарларының берілуі**

Дауылпаз баба Кожаберген жырау өз шығармаларында іс-әрекетті, қасиетті, оқиғаны қарама-қарсы қою арқылы антонимдік катынастардың әр түрлі жұптарын ұтымды колданған. Алайда, антонимдердің әр сез табына катысы да бірдей емес, әртүрлі. Ол зат есім, сын есім, үстен т.б. сез таптарынан болуы мүмкін. Жырау шығармаларында дербес, әрі жиі жұмсалатын сез таптары ретінде – зат есім мен сын есімнің орны ерекше.

Жыраудың өсиет-насихат мазмұнында жазылған жырларында зат есім сез табынан болған антонимдерді жиі кездестіреміз. Жырау сол антонимдерді қолдана отырып, оқырман қауымға өзінің сыршылдығын, ойшылдығын, нарасаттылығының биік денгейде екенін анғартады. Мәтінге жалқы-жалпы, деректі-дерексіз зат есімдері қарсы мән жасауға септігін тигізеді. Және каламгер белгілі бір антонимдер арқылы адамды ақылды болуға, сабырлыққа, сыйластыққа тәрбиелейді. Мысалы, *Аицуга мұрындық бол*, *ақылға орындық бол*; *Дұшпанға тастай* катты бол, *досыңа балдай* тәтті бол; Отбасынның

ұйыткысы – қайын атаң мен қайын енен; Шығарар тәуір әйел ердін атын, Ерек жоқ үйге ешкімді кондырман дер; Жағдайына карасаң, атаң менен анаңның, сүйген құлы боласын Жаратушы Алланың. Сонымен бірге, қазақ халқының басына түскен кайғыны, олардың хал-ахуалын, заман бейнесін сипаттауда антонимдердің үлесі зор. Жырау:

Алпыс бірге келгенде,  
Кездесті бізге бұл бейнет.  
Күдерімізді үзбейік,

Туар алда күн зейнет [6,98 б.], - деген жолдардан-ак бүгінгі күнде көрген киындықтын, өз басына туған ауырпашилық арқылы бүкіл қазақ халқына төнген қауіпті жеткізіп отыр. Дегенмен жырау күдерін үзбеді, сордан арылып, бағы жанар күн туарын сезді. Десе де, ойламаған жерден болған бұл апат қазағыма онай тимеді. Жырау болып жаткан жағдайды мынадай мысалдармен дәлелдейді: Бұл істер түгел шындық, емес жалған, індептен жұртын сактау ерге арман; Жұрттың қаны қызды, тастамай жетектеді ұз мен қызды; Бірі-кәрі, бірі-жас; Батыс, шығыс көршілер мұсылманға өшікті; Кездестік бізге бұл бейнет, туар алда күн зейнет; Сактап бізді саташат, денеме салма жарақат; Білерсіз обатын да, сағабын да, Жел есер жазғы күннің шуағында; Халқымның соры арылып, бағы жансын. Жау қалмак ок атса да он мен солдан, майданда айнығам жок ерлік жолдан [6, 56 б.]

Жырау шығармаларында зат есімнен жасалған антонимдік жұптардың бәрі бір ғана өлең жолынан табылады, жұптары шашыранкы емес. Осы бір қырынан қараған жыраудың антонимдерді аса шеберлікпен колданғанын көреміз. Бұл касиет қаламгердің ойын анық, көркем, бейнелі қылыш оқырманға жеткізуі үшін тиімді.

Антонимдік колданыстардың сын есім мағынасында жасалу сипатын Кожаберген шығармалары негізінде белайша көрсетуге болады:

- адам бойындағы қасиетті айқындайтын антоним сөздер: (жаксы-жаман, адап-харам, батыр-корқақ, кара ниет-ақпейіл, саналы-санасызы): *Жақсы* адамға мал бітсе *Ағайынға* қарасар, *Жаман* адамға мал бітсе *Көрінгенмен* жауласар; *Адап* адам би болса *Бұрылмас* сөзге арадан, *Харам* кісі би болса *Аузы* кетпес парадан *Бастады* катал сөзбен жағдаятын; *Саналы* ерде сауыт бар, *санасызыда* қауіп бар; *Қара* ниет жакынды *Залым* десе болады, *Ақ* пейілді үлкенді Ата десе болады; *Батыр* жаркырап жүреді, *Қорқақ* қалтырап жүреді;

- адамның әлеуметтік жағдайына қатысты айтылған антоним сөздер: (жарлы-жалкы, қарасүйек-ақсүйек, асыл-жасық, тірі-өлі). *Жарлы* мен *жасық* сөзін көрмес макұл; *Қара* сүйек, *ақ* сүйек деген сөзді койындар; Асыл менен жасықты бағаласаң білерсін, *Тірі* жүрген әлеумет, *Өтгеннің* кегін жактасын; Пенденін жастық шағы базар екен, *қартайып* күши-қайраты кеміген сон.

Сын есімнен жасалған антоним сөздер катары "Насихат елендерінде" жиі колданылған. Көбіне адам бойында кездесетін қасиеттерді жілке тізгендей етіп жеткізеді. Фалым Б.Шалабаев: «Антонимдер де көркем шығарма тілінде белгілі стильдік қызметте жұмысалады. Әдетте, тіл білімінде антонимдер деп мағынасы қарама-карсы ұғымды білдіретін сөздерді атайды. Оларды орынды пайдалана білу өмірдегі құбылыстарды суреттеп, әсерлі жеткізер шеберлік қырын танытады» деген [46, 279 б.] екен. Антонимдер құбылыстарды салыстыра отырып, бір-бірімен катар қойып шенdestіруде, айтылатын ойды анық түсінуге айрықша қызмет етіп тұр.

Қаламгер шығармаларында антонимдер ұтымды жұмысалып, еркін колданыс тапкан. Қарама-карсылық сипатындағы өз сүрлеулерінің күллісі ой терендігіне жетелейді. Антонимдік өрнектердің астарына үнілсеніз, кейіпкердің ішкі жан сезім толқыны дәуір тынысымен үндесіп жатқандығына күэ

боласыз. Ақын тіліне антонимдер мен катар синонимдердің де косатын үлесі мол. «Көнілдегі көркіті ойды» сол көркем калпында айтып берудін бірден – бір қажет шарты – сол ойды ықшам, дәл, көркем, қарапайым етіп жеткізе алар сөз табу. Бұл бір жағынан, суреткердің сөз колдана білу шеберлігіне байланысты. Ал суреткердің бұл қырынан танудын бір жолы – онын сөз корын анықтау. Ол үшін ақынның синонимдер өлкесін бір барлап алу қажет. Мұнын өзі ақынның тілді білу өресін де, суреткерлік кабілет өресін де танытар жәйт деп ұғамыз.

Суреткердің бір мағынаны немесе бір ұғымды айтылуы басқа - баска болып келетін бірнеше сөзben беруіне мүмкіндігі бар. Біздің ұлттық тілімізде, сөздік корымызда жаткан осындағы сөздер мол. Бұларды синоним сөздер немесе мәндес сөздер деп атайды. Мұның өзі байлық. Өйткені мейілінше таңда, мейілінше талға, сөйт те қалағанынды колдан. Біз тілге бірінші оралған сөзді пайдалана саламыз. Ал суреткердің мұндай салактыққа, жүрдім-бардымға қакы жок. Демек, ол сөз өнерінің адамы, көркем сөздің өкілі. Бұл халық алдында үлкен жауапкершілікті талап етеді, өйткені, халық сөз өнерін жоғары бағалаған [47,10 б.].

Кожаберген жырау да айтам дегенін ойын жеткізіп, өткір, терен және тұжырымды да шебер айта алған адам. Кай шығармасын алып қарамасаң да синоним сөздер жиі ұшырасады. Қазак тілінің калыптасу тарихына терен токталған «Баба тіл» дастанында қазак тілін түркі тілдерінің ішінде ең бай, дамыған тіл екендігіне көзімізді жеткізіп, өз тарапынан мәндес сөздер қатарының өте мол екендігін айтады. Сонымен қатар, мағынасына қарай жүйелеп, бір мәнде айтылатын сөздердің атын атап, колдану аясын көрсетеді. Демек, бірнеше мағына беретін сөздердің көптігі және көптеген сөздердің бір мәнде келетіні, яғни синонимдік катардың молдығы, жыраудың сөз саптауының ерекше қыры десек те болады. Ол сөздер қатары көбіне тарихи, әскери, тұрмыстық лексикаға қатысты колданыс тапқан:

*Ұлыс, өлкө, уатаят,  
Аймақ, өңір, атырап.  
Ел конысы үшін айтылып,  
Кезекпен тұrap орын ап, - дейді.  
Fаскер, жасақ, қол деген,  
Алмасып үш сөз тұrap-ак*

не болмаса,

*Ордабасы, тархан мен,  
Сардар сөзі біr мәндес,  
Ауыстырып айтуда  
Басқа сөзбен дәл келмес, - деген жолдардан синоним  
сөздердін тілімізде калыптасқан қалған орны бар және оның  
орнын мүлдем алмастыруға келмейді деген ойды байқаймыз.*

*Күйенті мен иінагаш -  
Екеуінің мәні біr,  
Теміr телтек, дұлыға  
Мәндес болып тағы тұr, - дейді.*

Әдетте, синонимдерді сөз қайталаудан қашқан уақытта қолданады. Соның өзінде синонимдер жеткізе алмай, біr өлеңде біr шумакта, кейбіреуі тіptі біr жолдың өзінде біr сөзді қайталап қолданып жататыны болады. Ал Қожаберген жеткізе алмай жатқан жок, қайта тасып-төгіліп, төпелеп қолданып жатыр. Мысалы:

*Тәнірім ашса бағымды,  
Көк сұнгіні жұмсармын.  
Баса асаяу бек, би, сұлтанды  
Оп-оңай-ак тұсармын.*

Мұндағы «бек», «би», «сұлтан» дегендер лауазымға катысты синонимдердін біr жол бойында катар келтіріп қолдануы жыраудың тіл шеберлігін көрсетеді. Жыраудың

«Едіге биге айтканы», «Жақсылық пен жамандық», «Білерсін», «Елім-ай» шығармаларында да мынадай синонимдер катарын аңғардық: *алдаспан*, *қылтыш*, *ақберен*; *ақсауым*, *кіреуке*; *әлеумет*, *хатық*, *отан*, *жұрт*, *ел*, *хатық*; *қарт*, *қария*, *шат*, *ақсақат*; *қыз*, *әйел*, *бойжеткен*, *бәйбіше*, *қатын*; *низам*, *зан*; *иежірекіш*, *жылнамашы*; *Құдай*, *Алла*, *Жаббар*, *Нак*, *Ақ*; *бақсы*, *балгер*, *емші*; *жараты*, *кемтар*, *науқас*; *қолы ашиқ*, *жомарт*; *қанын шашты*, *оқша ұшты*, *өлтіп қатды*; *бақ*, *береке*, *құт т.б.* «Елім-ай» жырында:

Зор апат Үш жұз ұлын тентіретті,  
Жұрттымның бақ, береке, құты кетті.  
Жат-жая, қазы-қарта жеген казак,  
Дариға-ай, шөп тамырын корек етті [6,25 б.].

Осындағы «бақ», «береке», «құт», дегендердің бәрі өленге катысты айтылған мағынасы бір, мәндес сөздер – синонимдер. Осылар секілді Қожаберген жырауда «Пәниден ұста Мамай қыршын кеткен, біз тумай он жыл бұрын дүниеден өткен», «Үй иесінен қария құрмет көрді, Шатдың өзіне сары нарын сойып беріп, шығарды көкірегінен қайғы-шерді», «Картайған мен байғұсты сөге көрме, лайықты көре алмасан құрмет пен сый», «Қазактың көрдім талай жараты, байын, көмейден ағылтуға жырым дайын», «Жандар, бақсы емен оған сенші, Мен шыққан Орта жүзден балгер-емші» тәрізді көптеген жеке жолдарда кездесетін синонимдер бір жағынан Қожаберген жыраудың сөздік корының молдығын, оның айтайын деген ойын кысылмай, қымтырылмай, сөз жұтандығына ұшырамай, молынан қолданатынын танытса, екіншіден Қожаберген көп біледі екенмін деп баска – көзге төпеп үйе бермейді, белгілі мақсатқа бағындырып қолданатынын танытады. Қожаберген жыраудың ол мақсаты, айтайын деген ойын біртіндеп биіктету, ол үшін сөзді қаланған кірпіштің қатарындағы етіп біртіндең көтеру, өрмелете, бірінен-бірі асыра жарыстыра, өршіте

жалғастыру. Сонда ой осылай өршіп, бірінен-бірі асып даму үстінде, кимыл үстінде көрінеді.

Сонымен, көркем шығармада синонимдерді, мәндес сөздерді қолдануда көп мән бар. Олар сөз төркінін, сөздін мән – мағынасын, күллі қырын танып, орнымен, қолданған жерде шығарманы ажарлап, әрлендіріп, көріктендіріп жібереді. Ал бір мағынаны білдіретін он сөз ойлап, онын өзіне ең қажеттісін, ең конымыды, үйлесімдісін танып, таңдап алып пайдалану – нағыз жырау шеберлігін танытады. Жырау тілінде көрініс тапкан антропонимдер, топонимдер, тұрмыстық лексика, кірме сөздер катары, дисфемизм, тұракты сөз тіркестері, антоним, синоним сөздердің барлығы казак лексика корының ең сәтті, ұтымды ғұстары десек кателеспейміз. Себебі, талданған тілдік бірліктер Кожаберген жырау шығармаларының көркін ашып, шырайын келтіріп, өзіндік қолтанба қалдыруда ерекше.

## 2.2 Жырау шығармаларының грамматикалық құрылымы

Кожаберген жырау лексика-семантикалық құралдар сиякты, грамматикалық құралдарды да шебер қолданған. Өсіреле, қаратпа, кос сөздер жиі кездеседі. Жалпы, қаратпа сөздерді құрылышына карай дара және күрделі деп бөліп карастыратын болсақ, Кожаберген жырау сонын ішінде дара ғүрін шығармаларына арқау еткен. Жырау тілінде қаратпа сөздер жасалу жолына карай әртүрлі болып келеді: туыстық атаулар, кәсіп дәрежесі: *патша, би, ағзам, жаббар, жаратқан, құдай* сөздері арқылы; жсан сөзі арқылы: *еркелету, мадақтау, сыйлау* мәнде т. б.

Ақын тілінде туыстық мәнде, жаратқан, құдай, би мен өсек сөздері арқылы жасалған қаратпалар:

Жаудан жұртын жүрме екен корғап аман,  
Куатым, куанышым, інім Асқан?

Ей, қызы, айтқаным құлағын сал,  
Жақсыдан шыккан лебіз шекер мен бал.

Діни, бағыныштық мәнде:

Еліме кайтар шакта жау коршады,  
Жаратқан, осыншама не қып едім?  
Көрсөттің көпке қысым катты, Құдай,  
Сусыз, шөпсіз ашыктырдың катты, Құдай!

Кешіргей қатем болса, Жаббар Құдай,  
Айтайын бұрынғыдан бір хикаят  
Би мен бек, жұртты ұйыстыр, қарап тұрма,  
Артына аландама, мойын бұрма [6,115 б.]

Жалқы есімдердің ішінде өзінің сүйген жары Айша мен інісі Дәстен есімдерін көрсетеді.

*Айша*, көп жылап тоздырма, жанарынды,  
Тауыспа бүйтіп менің амалымды.  
Арқаға ғаскер бастап барып еді,  
Жүр ме еken, аман-есен, *Дәстем жсаны*? [6, 129 б.]

Сонымен катар көптік жалғауынын -*лар*, -*дар*, -*тар* және тәуелдік жалғауының I жағында меншіктілік мәнінде қаратпаларды қолданған. Мысалы:

Есен бе, мырзатары, іші жалын,  
Жастардын басын косып, елді корға,  
Өзімде қалсын десен дуние малын  
Ассалаумагалейкүм, сарбаздары  
Тұрмыстың көрдің, міне, ауырларын,  
Сау болғай, кайда жүрсөн, бауырлары [6, 111 б.].

Болып тұр халқым үшін ауыр кезен ,  
Найзанды, боздақтары, жауға кезен

Асынған күтті болсын жарактарын,  
Сөзіме құлағын сал, каректарым  
*Балаларының*, жауды женіп күйретіп,  
Тұғырына қазақ кайта қона алар [6, 115 б.].

Даралау мәнінде тәуелдік жалғауының I жағының -ыны  
жуан түрін қолданы арқылы жасаған:

Уа, *халқының*, ойланардай іс қылайын,  
Үніліп өткен кезге көз салайын.  
Жорықта жолың болсын, *азаматтының*,  
Жоғалтпа жер бетінен қазақ атын.

*Қазағының*, ак ниетті қайран елім,  
Бекініп белді бекем байлап едін.  
Уа, *жұрттының*, сол бір жаксы күйін қайда,  
Жаз болды тіккен, кәне, үйін қайда.

Жалпылау мәнде халайық, әлеумет, жамиғат сөздерін  
колданған:

*Халайық*, уакытымен басын қосып,  
Той-думан болып тұрар жиын қайда?  
Көз жетпейді, *әлеумет*,  
Шынын айтсақ ескіге. [6, 176 б.].

Миды оят, *жамиғат*,  
Айырып алтын, жезінді.

Жоғарыдағы мысалдардан көріп отырғанымыздай, жырау  
тілінде қаратпалар белгілі бір максатта, ел қамын ойлаған, нағыз  
жанашыр азаматтың ниетінен шынайы, ықыласынан, туған  
жерге деген отансүйгіштік сезімінен туындаған тілек ретінде  
бейнеленген. Сарбаздарына, боздактарына, касиетті қазақ

халкына жанашырлықпен қарап, баска түскен киындыкты бірге женуге шакырады, ұран салғандай болады.

Жырау тілінде кос сөздердің колданылуы да көніл аудартады. Кос сөздердің қайталама түрлері де, косарлама түрлері де, косарламаның алуан түрлі мағыналарын білдіретін түрлері де, өте жиі кездесіп отырады. Қазак тілі - грамматикалық ережелері орнықкан, қалыптасқан тіл болғанымен жекелеген сөз өнерінің шеберлері оларға өз тараптарынан өзгерістер енгізіп отыратыны сөзсіз. Қожаберген жырау шығармаларында кездесетін қазіргі нормадан өзгеше колданылған кос сөздерге бірді-екілі мысал келтіре кетелік. *Хал-хадари*. Біз дағы хал-хадари мылтық соктық, Жонгарда кеткен көптің кегін жоктап. *Хал-хадари* сөзі тілімізде бар сөз. Сөздің сөздіктегі берілуі *хал-қадерінше* - шама - шарқы келгенінше, мүмкіндігі болғанынша [5, 885 б.]. *Қолма-қолды*. Ор қазып, Есіл көлде жолын бөгеп Соғысып колма-қолды калмақты ұттық. Сөздікте *қолма-қол* -бірден, дереу, іле-шала. *Бірме-бірде*. Біздін жак бірме-бірде басым түсті, Қылыш пен найза ұрыста асып түсті. Сөздің сөздікте берілуі *бірме-бір* - жекпе-жек, бетпе-бет. Ол сөздер автордың өзіндік ойын сипаттап, бейнелеуге, сөз колданудағы өзіндік шеберлігін танытуға зор септігін тигізеді. 150-ге жакын кос сөздің ішінде 100-ге жуығы тек «Елім-ай» дастанында, ал калған 50-і өзге өлең-жырларында кездеседі. Олардың жасалу жолдары түрліше болып келеді. Яғни, ішінара косымшасыз бір түбірдің қайталануынан және түбірдің бір сынары дыбыстық өзгеріске ұшырауынан жасалады. Туындыда ешбір мағыналық байланысы, бір-біріне катысы жоқ сөздер бір-бірімен косылып, қосарланбаған. Міне, бұл жырау шығармаларында кос сөздердің жасалуында катты сакталған занұндылық. Осыған байланысты кос сөздердің сынарлары көбінс мағыналас, синоним, антоним сөздерден болған. Жасалу тәсілі жағынан алғанда, кос сөздер жалан және күрделі түрлерге бөлінеді. Профессор А. Ылсқаков осы жалан кос сөздердің негізгі екі түріне: қайталама кос сөздер, қосарлама кос сөздер деген атау

береді [48, 107 б.]. Қожаберген жырау өзінің туындыларында қайталама кос сөздер мен қосарлама кос сөздердің барлық түрлерін өте шеберлікпен қолданған. Қайталама кос сөздер бір сөздің я қосымшасыз, я қосымшалы түрінің екі рет қайталануы арқылы, я сол сөздің не бір я бірнеше дыбысының немесе бір буынының өзгеріп қайталануы арқылы жасалады. Қайталама кос сөздер компоненттерінің ерекшеліктеріне сәйкес, қалыптаскан дыбыстық және морфологиялық формаларының өзгешеліктеріне қарай, бес түрлі болады.

1) Қосымшасыз түбірдің қайталауынан құралатын кос сөздер.

2) Қосымшалы түбірдің қайталауынан құралатын кос сөздер.

3) Түбірдің бір дыбысы өзгеріліп құралатын кос сөздер.

4) Түбірі ықшамдалып құралатын кос сөздер.

5) Қосымшалар жалғанбай-ак, бір түбірдің екі рет қайталануы арқылы жасалатын кос сөздер.

Ендеше осы мағыналарға сай акын тілінде кездесетін кос сөздерден мысал келтіретін болсақ: 1) Қайталама кос сөздер: *түрлі-түрлі, атуан-атуан, жұта-жұта, дүркін-дүркін, қадау-қадау т.б.*

Қосымшасыз бір түбірдің қайталануы ұшырасады: *жүі-жүі, басқа-басқа, қай-қай, қос-қос, күрп-күрп, бір-бір, топ-топ*.

Бір сынары ықшамдалып жасалған: *Тып-тыныш, жап-жасын, от-оңай*.

Қосымшалы бір түбірдің қайталануы кездеседі: *жекпе-жек, бетпе -бет, өзінен-өзі, үсті-үстіне, қолма-қол, бостан-босқа*.

Қосарлама кос сөздер: сынарлары синонимдес болып келген кос сөздер: *ел-жұрт, бақ-береке, бағер-емшиі, той-дүман, сауық-сайран, жынын-той, ою-өрнек, дос-жаран, қару-жарақ, сақал-мұрт, тіл-аузым, ұтан-байтақ, наңыс-арың, ата-әйба, жора-жолас, қазын-таямай, өсіп-өнсін, тату-тәтті, оілын-тойға, қайғы-дерт, қайғы-иер, есен-аман, асыл-дүр, ас-*

*тамақça, іши-бауырым, етек-жесі, болат-құрыш, гүл-бақша, құзғын-қарға, тайлақ-тайы, әдіс-айла, туып-өскен, күндіз-түні, айғай-шуга, аяқ-қол, ән-күй, қас-надан, күйіп-пісті, дүние-боқты, жасаі – жаса, қазы-қарта, тау-тас, қазақ -қалмақ, жылқы-түйе, үи-төрт, қын-қыстау, ақын-жыраулар, аш-жалаңаш, мәні-жай, жол-жөнекей, некен-саяқ.*

Сынары антонимдес болып келген қосарлама қос сөздер жіі җұмсалған: *ата-ана, қайырымды-қайырымысыз, ага-іні, алды-артымды, үлкен-кіши, қызы-бозбала, кәрі-жасас, шал-кемір, ұл-қызы, үлкен-кіши, күн-түн, қыстау-жайлатау, ақыл-айла, төре-төлеңгіт, оңды-солды, ерсілі-қарсылы.*

Жырау шығармаларында кездесетін тағы бір ерекшелік, қос сөздердің етістік қызметінде колданылуы болып табылады.

...Бағаласаң шынымен

Баба тілің - асыл-дүр.

Аттары сарбаздардың тұрды жарап,

Ұсталар соғып жатыр қару-жарақ...

Лактырып жауға кол ок ерлер жылдам,

Турадық дүшпанды ұстап сай-жылғадан.

Аяуды еш білмейді,

Сезімі жок қас-надан.

Елдердің Бұхар жакта болмай жайы,

Тышқактап көп кырылды құлтын-тайы.

Жырау тілінде қос сөздердің мөлшерінің көп болуы соншалық, бір ғана өлең шумағының бойында бірнеше жұптарды кездестіруге болады. Мысалы:

Әлеумет, бак орнатсын Наурыз айы

Оңды боп ет-жұртымының хал-жагдайы

Жиналған қызы-бозбала ойын-тойға [6, 227 б.].

Япырым-ау, қалай болды мына заман,  
Айырылды ел ұл-қызы мен дүниe-майдан...  
Олімін тәрт батырдың көргенімде,  
Өртеніп *iši-baуыры* мүйіт - пісті [6, 118 б.].

Әр жерде қалды көмілмей,  
*Бала-шага, кемтір-шал*  
Көзінен ел-жұртымының бал-бұл ұшты,  
Күндері той-думанды, мерекелі.

Кос сөздерді барынша мол, төгілтіп қолдану жырау шығармаларына ерекше стильдік ренк береді, айтпақ болған ойын жеткізуге септігін тигізеді.

Кожаберген жырау қолданған сөздердің бір ерекшелігі – сан түрлі мағыналық бояу граммасына ие болып тұратындығы. Біз жыраудың өлең тақырыптарының жартысынан көбі ерлік, батырлық жайында екенін білеміз. Ендеше елін, жерін құрметтеген, сүйген нағыз ер азаматтар алдында бас иген жырау Кожаберген. Сондыктан да болар ол ер азаматка үлкен үміт артып, елінің корғанышы боларына сенеді. Кожаберген жырау шығармаларында ер азаматтың бейнесін былай сипаттайды: *ер азаматты басы үшін сыйла, ер азаматтың жүрген жері мереке, ер азамат - елдің айнасы, ер айтса, елдің айтқаны, ер - елінде қадірлі жсан, ердің бұзылғаны, зор бәйтеректің құлаганы*. Мысалы:

Саналы ерде сауыт бар,  
Санасызда қауіп бар  
Батыр жарқырап жүреді...  
Жігітке жар кымбат,  
Намыс пен ар кымбат.

Ел басына күн туса,  
Ерлер атка ер салар.

Ер азamatтың елдін де, жердін де, жарының да аялаған арманы, пана болар корғанышы екеніндігіне көзімізді жеткізеді.

Философия ғылымында қарама-қайшылық болмай, даму болмайды деген қағида тұракты. Қарама-қайшылықтардың күресі салдарынан қоғамда, коршаған ортада мәнгілік даму үдерісі жүріп жатады. «Жақсы» мен «жаман» қарама - қайшылықтың белгісі, оны жыраулар өз мұраларында өзекті тақырыптардың біріне айналдырып қоғам, заман туралы ой толғайды. Жырау толғауларының өзегіне «жаманды» таңдауы елінің рухани жетілуіне бағытталған ізгі ойдан туындағандығы белгілі. Қобылан Бөрібайұлы өзінің «Не жаман?» атты өлеңінде:

Бәрінен де жоқ жаман,  
Қазулы жатқан көр жаман  
Сергелденге түссе мал жаман,  
Ығыр болса ел жаман,  
Төресі теріс би жаман,  
Алты канат, ак орда,  
Иесіз қалса сол жаман [6, 218 б.]- деп тоғайды.

Кожаберген шығармаларында «жаман» деген - нұры тайған көз, бірлігі кеткен ет, айдын шатқар көл, пайдасызы батыр болса, Қойлышбай жырауда жсоқтық, қазулы көр, сергелденге түскен мал, төресі теріс би, иесіз қатған ак орда. Алайда, екі жырау да еліне пайдасызы би, төрелерді даттайды, шалқыған көлі мен касиетті кара шанырағы шайкалмаса екен деп тілейді.

Кожаберген жырау тілінде оның өлеңдеріндегі әрбір жеке сөздің мағынасы келесі жеке сөзбен тіркескенде ғана ашыла түседі, жана тіркестер жасалады. Ақын өлеңдеріндегі негізгі ойды білдіретін сөздер өзара мағыналық байланыска түсे келе, тұтас өлең мәтінінің ішіндегі тұтас образдың Б.Г. Бобылевтің тілімен айтқанда «микрообраздарын» жасайды [49,11 б.].

Жырау «Насихат» өлеңінде:

«Аға» деген кісіні «жаным» десе болады  
Қатар өскен ұл қызды – «сәнім» десе болады  
Көктемдегі төл даусын – «әнім» десе болады  
Жаксы ұл тапқан аруды – «ханым» десе болады

Сусап ішкен сусынды – «балым» десе болады  
Ақылы дария ерлерді – «ғалым» десе болады  
Қара ниет жақынды – «залым» десе болады  
Акпейілді үлкенді – «ата» десе болады

Адал көніл әйелді – «ана» десе болады  
Әйелі жок үйлерді – «дала» десе болады.

Кожаберген жырау тілінде колданған лексикалық бірліктер өзара үйлесіп, үндесе келе, акыл-накыл сөздерін, насиҳат-есиеттерін ұтымды етіп жеткізуге үлес қосады. Кез келген көркем шығарманың стилі тек оның лексикалық, синтаксистік, морфологиялық құрылымдарынан ғана көрінбейді. Кожаберген жырау «Елім-ай» дастанында тек сырттан бақылаушы, не болған оқиғаны баяндаушы ғана емес, сол оқиғаға тікелей қатысып өзі отырады. Яғни,

Ассалаумағалейкүм, халқымызға,  
Кейістік көріп тұрған жалпынызға.  
Ассалаумағалейкүм, сардарларым,

Жұрт үшін ерлік еткен дегдарларым, - деген жолдардан-ак шығарманың баяндаушысы автордың өзі екендігін аңғарамыз. Автордың оқиғаға араласып, баға беріп отыруы лексикалық бірліктердің экспрессивтік-эмоционалдық колданыстарын арттыра түсері анық. Жырау ел басына түскен ауыр оқиғаны өз көзімен көріп, өзі бірге араласты. Ағасы Карабас ердін тәрбиесінде болып, түрлі өнерге үйренеді. Келер

ұрпак біліп жүрсін деген ниетпен дастанда өз өмірінен сыр шертеді:

Азырак бұрынғыны еске алып,  
Сөйлейін әр жылдарға назар салып.  
Мән-жайды өлеңімнен үғын жастар,  
Жүрмендер сезбедік деп қапы қалып.

Көрші елге батырлықпен данқым жеткен,  
Сібірдін батыс жағын мекен еткем.  
Керейде Толыбай сыншы кіші ұл едім,  
Жырларым казак жұртын елжіреткен.

Орта жұз Арғындағы асыл тектен,  
Анамның шықкан заты Сүйіндіктен.  
Жиырма ұлдын Кекжал туған ен кішісі ем,  
Тұнғыш қыз Айдаболдың Ақблектен.

Бұла бол басты ордада өскен едім,  
Жасымнан халық қамын жескен едім.  
Самарқанд медресесін тәмам еттім,  
Болар деп киын жағдай ескермедім.

Алдағы болар істі кім біледі,  
Бас құрау мәселесін шешкен едім.  
Сұлу ап Кіші жүзден Айша сынды,  
Тіршілік жағдайына көшкен едім.

Майданда алдаспанға ерік беріп,  
Дүшпанның көбін-азын тексермедім.  
Сауыт киіп, ту ұстап, тұлпар мініп,  
Жорыққа сан аттандым, сескенбедім.

Жүйрікпен желдей жүйткіп ескен едім,  
Сынакқа қамал бұзып түскен едім.

Көп шығып қан майданда жекпе-жекке,  
Найзалаң жау өкпесін тескен едім.

Жырау өлеңдерінде морфологиялық тұлғалану түрлі сипатта келеді. Ол өлең тармактарын есімшениң *-ар,-ер*, *-ған,-ғен,-қан,-кен* жүрнектары, көсемшениң *-ып,-іп,-п* жүрнектарымен және *еді* көмекші етістігімен аяқтап отырады. Жырау шығармаларында есімшениң *-ар* жүрнағы арқылы жасалған етістіктер жиі кездеседі. Соның ішінде, ерекше бір іуындысы – «Аксауыт» өлеңі. Жырау *бол + ар* тұлғасын «Аксауыт» өлеңінің басынан аяғына дейін қолданады. Айталақ, үнемі бір типті сейлем күру, олардың баяндауыш формаларының үнемі бір үлгіде болуы сөйлеу тіліне (тіпті прозалық әдеби тілге де) тән құбылыс емес, ал поэтикалық тіл үшін бұл қалыпты норма.

Аксауыт деген сол болар –

Атқанда оқ өтпесе.

Тұлпар деген сол болар –

Артыннан қуған жетпесе

Адал дос деген сол болар –

Білдірмей жокты ептесе,

Қайырымсыз жаман сол болар –

Ақыл ғып айтқан сөзінді

Ұғынбай боска кектесе... деп әрі кете береді [20,24 б.].

Морфологиялық тұлғалардың ішінде ерекше стильдік мән беретін етістіктің 3 түрін көрсетуге болады. Олар көсемшениң *-ып,-іп,-п*, есімшениң *-ған, -ғен, -кан, -кен* жүрнектары мен етістіктің өткен шак формасында жасалған сөздер. Тек заңдарында кездесетін 350 етістіктің 100-і көсемшениң *-ып, -іп, -п*, 100-і *-ған, -ғен, -кан, -кен*, 50-і өткен шак формасында қолданылған.

Женіліс тапқан қалмақтардың бейнесін сипаттауда көсемше жүрнағын шебер пайдаланған:

Жылаған орнынан бәрі тұрып,  
Өтінген батырлардан күлдыш ұрып.

Кейбірі көп тұруға жарай алмай,  
Жығылған сол арада әлі құрып.

Жөңкілді ел бет-бетіне есі шығып,  
Бәрі тиген койларша кетті ығып,  
Жұрт басын құрай алмай аксақалдар,  
Корқақ коян секілді қалды бұғып [6, 167 б.].

Жаугершілік заманға қатысты туындаған оқиғаны суреттеуде:

... Тамызда жау жасағы Сырға жетіп,  
Бостырды көп ауылды зар еніретіп.

Жан-жақтан дүшпан қолы қоршаган сон,  
Халайық катты састы дегбірі кетіп.

Шынғыс пен Аягөзді қалмак алып,  
Қазактар жерін тастапabdýrapтты  
Өкшелеп артымыздан бізді қуып,  
Жетуге қалмак қолы қалды жуық.

Жауға дәлдеп шірене садақ тарттық  
Қалдық деп бір күн өліп, бір күн туып.

Есімшенін - ған, - ген, - қан, - кен жұрнактары арқылы жасалған етістіктер шығарма тілінде кейіпкердің, баяндаушының ез бейнесін, жай-күйін, әрекетін, халықтың халахуалын танытуға себеп болады. Мысалы, кейіпкердің іс-әрекетін сипаттауда:

Шығай хан алдағы істі көре білген,  
Жармақтың зорлығына көніл бөлген.  
Сібірді кәпірлерден корғау үшін,  
Татар ханы Көшімге көмек берген [10,11 б.].  
Белгілі бір көріністі сипаттауда:

Жігіттері көнілденіп жалаң какқан,  
Құрады той-думанда алтыбақан.  
Тербеліп әткеншекте кыз-бозбала,  
Сырласып бір-біріне мұнын шакқан [10, 28 б.].

Бас қаһарманға қарама-карсы күштің кимылын, іс-әрекетін беріп суреттеуде:

Жонғарға кей төрелер елді саткан,  
Көсемі жок казактың басы қаткан.  
Жұртымды ойрандады тыныш жаткан,  
Жасанып жарактанған қанқұйлы жау, - деген бір шумак грамматикалық жағынан тиянақты құрылып, белгілі бір нақты ойдың әрі құбылыстың динамикасын білдіріп тұр.

Жырау көбіне жорыктар мен ұрыстарға өзі араласып отырғандықтан дастандары көбіне бірінші жақтан баяндалады. Мысалы:

Кек кайтар дұшпанынан, ұландарын,  
Аянбай соғысындар, сұнкарларын  
Бастасын тозған елді көсемдерін,  
Ақылшы болсын сөзге шешендерін.

Ел мұнын әнге костым, күйге костым,  
Алдына тарту етіп, жырды тостым.  
Насихат халайыкка тағы да айттым,  
Жігері артса екен деп көнілі бостиң [10,116 б.].

«Елім-ай» жырында *едім* етістігі қыскарған *ед*, *ен* күйінде, және

оны казак халкының азапты жылдарына дейінгі өмірін бейнелеуде, сондай-ақ, өз бейнесін оқырманадарына танытуда колданады.

Біздің казак жұрты да,  
Алты Алаштың біреуі *ед*.  
Ерте кезден жауынгер,  
Мұсылманның тіреуі *ед*,  
Толыбай сынышы баласы  
Қожаберген жырау *ем*,  
Сыйлаған елдің данасы  
Камалға шапқан шаһбаз *ем* [10,144 б.].

### 2.3 Қожаберген жырау шығармаларындағы құбылту түрлері

#### 2.3.1 Эпитет пен метафораның қолданылу ерекшелігі

Қожаберген поэтикасының мәнін терен түсіну үшін оның шығармаларындағы жанрлық-мазмұндық жүйесімен байланысты қаралатын тілдік-эстетикалық қырлары шешуші рөл атқарады. Өз ойын тындаушыға әсерлі етіп жеткізуідің сан түрлі әдістері мен тәсілдерін биік өлшеммен саралай білген. Сөздерді құбылтып пайдалануда тосын тенеулер, ерекше эпитеттер, келісімді кайталаулар, мінсіз метафоралар өзіндік өрнек жасауға кызмет етеді.

Қожаберген жырау шығармалары қанық та айқын бояуымен, сан құбылған сөз сикырымен ерекшеленіп тұрады. Жырау поэзиясын оқыған әр оқырман ондағы такырыптардың үндестігін, ой орамдарының ұксастығын ангарады. Ақ нөсердей төгілген жыр жолдарында өнерпаздың өзіндік жүріп өткен жолы, өмір сүрген жылдары, таным дүниесі нактыланып, даралық сипатқа ие болып тұрады.

Көркемдегіш құралдардың ішінде ең айшықтысы, ең ұтымды, өткір пайдалануға болатыны – эпитет. Эпитет арқылы

жырау заман келбетін таныткысы келді, сөздің әсерін арттырып, оқырмандарының жүргегіне жол салады. Шындықты бұрмаламай жеткізеді. Жан алар әзірейілдей бол келген қалмактардың қазақ тарихында адам айткысыз заман орнатып, бейбіт өмірдің қанға боялған кейіпін шебер суреттейді.

Боларын қыргын соғыс болжап кетті,  
Көбейіп әр аймакта жойқын ұрыс,  
Жарқылдан басты кесіп алмас қылыш,

Басталып қырғын соғыс киын болды, - деген өлең жолдарынан қалмақ пен казак арасындағы адудынды соғыстың басталып жатқанын қыргын соғыс, жойқын ұрыс, жарқылдан басты кесіп алардай болып көрінген алмас қылыш сиякты сөздермен өткір сипаттайты. Сонымен бірге: қанды ұрыс, дүшін заман, мыстап заман, қайғы заман, құйын заман, долы заман... секілді әпиттеттерді тізбектеп, бір өлең жолдарына сыйдыра төгілтті. Заманды мыстап, қайғы, құйын, долы секілді жағымсыз құбылтулармен көрсетті.

Шынымен, ақын өзінің асқақ арманын, сезімін әпиттетсіз жеткізе алмас еді. Сол өрнекпен казак жұрттының жай-күйін, болып жатқан окиғалар сипатын көз алдымызға елестетіп, сипаттау барысында шебер колданды.

Ит қалмак оқ боратып, салды ылан,  
Жасанып жарактанған қанқұйлы жау.

Дін ордасын былғады сасық қалмақ,  
Қазактан сасық жонғар озған заман, - деп қастарына деген ашу, кегін қанқұйлы, ит, сасық деген сөздер арқылы жеткізеді. Қалмакқа деген жеккөрінішін ит, сұм, кәпір, затын, озбыр деген әпиттеттермен беріп сипаттайты. Соғыс, заман сөздерінің әпиттеттері жыраудың ерекше бір қүйінішін, ішкі сезімін көрсетуде орасан зор көмегін тигізеді.

Өмір бар жерде өлім бар дегендей, сөзі бал, тілі тәтті жырау жастықты көрген түстей өте шыккан алдамшы екеніне

көзі жетіп, қартайған шағында жастықты *есіл*, өзін *кәрі тарлан*, ақ бас бура, ажалы жеткен күні қара жердің койнына кіретінім анық деп толғайды.

Жыл салып әрқайсының арасына,  
Қара жер құшағына алып кетті.  
Оттің бе *есіл* жастық көрген түстей,  
Төрінде *кәрі тарлан* жатты дерсін.  
Өткенді ертегі-жыр, казына ғып,  
Кәрілік аяқ-кол мен көзден алды.  
Мен болдым зорға жүрер *ақбас бура* [6, 222 б.].

Жоғарыдағы әр мысал заманына қарай өзгерген адамның болмысын танытып тұрғанын байқау киын емес. Эрине, бүгінгі күн көзімен қарағанда сан кайталанып, үйреншікті тіркес түрінде кабылданатын бұл сөздер Кожаберген дәуірі биғінен көз салсақ, әдейі іздел табылған жана сурет, жана бейне екені бірден көзге шалынады. Әр эпитет өзі тұрған жерге не ерекше тұр, не өзгеше сыр үстейтіндей. З.Қабдолов: «Эпитет заттың, құбылыстың айрықша сипаттың, сапасын анықтайтын суретті сөз» [50, 378 б], З.Ахметов оны сипаттау сөз деген [51, 45 б.]. Қалай аталса да эпитеттің сөз айшығы екендігі, адамның сан алуан өмір құбылыстарының ерекше белгі, сипаттың, сапасын айқындау, олардың накты да затты оқырманның көз алдына көркем елестету максатында колданылатын көріктеу құралы екендігі даусыз.

Эпитет жалпы көркем туындыларда сөздің мағыналылығын, әсерлілігін, суреттілігін күшетуге қызмет етеді. Сондықтан да әрбір суреткер эпитетті шығарманың көркемдік шырайын арттырудын тиімді құрал-тәсілінің бірі деп есептейді

Ғалым К. Жұмалиев «Қазак әдебиеті мен тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» атты енбегінде эпитеттің бірнеше түрін көрсетеді:

- 1) Сын есім арқылы жасалған эпитет;

2) Көсемше және өткен шактың есімше арқылы жасалған эпитет;

3) Тұракты эпитет.

Кожаберген жырау шығармаларында аталған түрлердің алғашкысы мен соңғысы жиң кездеседі [52, 45 б.]. Мысалы жыраудың «Едіге биге айтқаны» өлеңінде сын есім арқылы жасалған «асыл сез», «ак ниет», «сүм ажал», әсіресе ерлік пен батырлықты танытатын «желекті найза», «жебелі садак» тіркестері ерекше мәнгө ие:

Адам атадан бері қарай өлі мирас,  
Сүм ажайл тегіс жетер кәрі - жасқа.  
Өзің айтсан, аз сөйле, көп ұғып ал,  
Желекті найза колға алған,  
Жебелі садақ колға алған...  
Асыл сез қасиетінді кеппес ұрлап.  
Қазағым, ак ниеттің кайран елім...

Тұракты эпитет:

Көнілім жер аралап болмады ток,  
Бұрынғы ак үйлі ауыл орнында жок,  
Даланың ерке ұланы,  
Бабамыз қазак атанған.  
Ақ патша дәуірінде сардар болып,  
Ту ұстап, тұлпар мініп, кол баскарғам.

Жырау жырлаған дастан-өлеңдер жауынгерлік сипатта, ерлікті, батырлықты насихаттау бағытында болғандықтан, батырдың ерлігін, кару-жарактың батыр үшін маңызын, кадір-қасиетін айқын етіп көрсетуде эпитеттердің рөлі ерекше. Осы орайда «Елім-ай» жырынан сұрыпталған мысалдар бойынша әмбеттерді төмендегіше топтастырылды:

1) Киім атауларына байланысты эпитеттер. Жырда кездесетін, айыр қаттақ, атын қаттақ дұлыға, ак сауыт, ак берен т.б. киім атауларына байланысты эпитеттер әр түрлі сипатта

көрініс тапқан. Мысалы, *Aқ сауыт* – көз-көз етіп темір сымнан тоқылатын батырлар киетін киім. Ақ сауыт – асыл, таза, коспасызыз (болат, күрыш, алмас т.б. металл жайында).

Мың рет орансан да *ақ беренмен*,  
Кірерсін жер қойнына дененмен.  
Айрылды тұлпар атым тағасынан,  
Тозып *ақ сауытыни* жағасынан.

Жырда *ақ сауыттың* түсін емес, оның *тазалығы мен асылдығын* ангартады.

2) Қару-жараққа байланысты эпитеттер – *көк наиза, көк семсер, болат атаспан, толғамалы ақ сұңғі, жалалуы наиза, ата ту, болат наиза, алтын құлаш, ақ семсер* т.б. Мысалы:

Қайралған кайқы *болат атаспаным*,  
Боялды қызыл қанға сағасынан.  
Коршау бұзып шығарда *көк семсермен*,  
Арпалыскан жаулардың басын шаптық.

Жырда *Толғамалы ақ сұңғі* эпитетіндегі толғамалы сөзі «орау» мағынасында колданылған. *Наиза, атаспан, айбатта* тәрізді соғыс қаруларын пайдаланған кезде, олардың сабы сусып, жылжып кетпес үшін *былғары, қайыс, жіст* т.б. сияқтылармен орап тастайтын болған немесе олардың ағаш саптарын орама түрінде көртіп қоятын болған. Осыдан келіп, *толғамалы* (сабы оралған) эпитеті пайда болған деген корытынды жасаймыз.

Кожаберген ақынның тілдік бейнелеу құралдарының ішінде көзімізге түсетіні – метафора. Қазақ тіл білімі ғылымында да көркем әдебиеттің тілі мен стилін, сөз зергерлерінің шеберлігі сөз болғанда метафораға сокпай кетпейді, көптеген ақын-жазушының шығармашылық мәнерін сөз еткенде, метафораның түрлі тілдік қызметіндегі қасиеті мен

ерекшеліктерін талдайды. «Метафора – дүниені, болмысты танудың көзі». Кез келген метафора танымдық қызмет аткарады деуге болады. Оның бейнелілік, көркемдік сиякты қасиеттері мен қызметтерінен гөрі адам ойлауы мен тілінде танымдық қызметінің үлес салмағы басым» [53, 54 б.].

Ақындық киялдың ұшқырлығын таныттын тілдік амалдың бірі - метафора. Бір заттың, я құбылыстың ерекшелігін асқан дәлдікпен көрсету максатында соған ұқсас екінші бір нәрсенің табиғатын накты тану ғана шынайы сөз үлгісінің тууына жол ашады. Қазак әдеби тіліндегі метафораларды құрылышына карай К. Жұмалиев бес түрге бөледі: 1) метафораның жай түрі; 2) жалғаулар арқылы жасалатын метафора; 3) көмекші етістік арқылы жасалған метафора; 4) курделі метафора немесе метафораның ұлғайған түрі; 5) метафораның «бейне бір», «тен» деген сөздердің көмегімен жасалған түрі [52, 364 б.]. Осы топтама негізінде Кожаберген жырау жырында кездесетін метафоралардың жалғаулар арқылы, көмекші етістік арқылы жасалған түрлері мейлінше мол.

Адамдар бұл дүниеде күдайдың барына сеніп, иланып, тәнірден тек жаксы тілек тілеп, барға қанағат тұтып, тәубесіне келіп отырған. Қазак халқының бар өмірі өткен Сарыарқа жерінің тыныштығын ойлады. Себебі, кіндік каны тамып, өскен ел, өскен жер кімге де болса қымбат! Сондыктан елім, жерім деп тер төккен ақынның ғажап үні:

«Адамның басы – алтаның добы» деген,  
Тәнірден тілек тілеп, шүкірлік қыл!  
...Сарыарқа – қазақ жері кіндігі деп,

Атаның мұлқі болсын жигандарын,-деген жолдардан сезіледі. Не болмаса:

Кұс төресі – акку құс секілденген,  
Жұртымның қыз-келіні алтын еді  
Насихат айтып халқыма,

*Шығып жарқын ұндерім  
Бұл кезде жасым жетіп,  
Тәнім тозды, - дейді [4, 52 б.].*

«Метафораның ең басты стильтік ерекшелігі - бейнелілігі, ойды бейнелі түрде жеткізетіндігі. Ол сондыктан да көркем әдебиет стилінде жиі колданылады. Ал, ғылыми, кенсе, ресми іс қағаздары стильтерінде метафора дәл мұндай дәрежеде кездеспейді» [54, 63 б.]. Бұл, әрине, көркем әдебиеттің тілдік табиғатымен тікелей байланысты. Метафоралану (метафоризация) көркем шығармашылыққа шексіз мүмкіндік береді, бір сөзбен айтканда, метафора-көркем шығарманың негізгі азығы. Е көмекші етістігінен тараған «еді», «едіи», «едің», «еи», «ең » вариантының барлығы да метафоралы тіркестерде кездеседі. Яғни метафора толық лексикалық мағынасы жоқ, тек грамматикалық мағынаға ғана ие сөздердің өзіне белгілі бір образдылық жүктеп, эмоционалды-экспрессивті сөздердің катарына шығарады. Көмекші етістіктер арқылы жасалған метафораларды Қожаберген жырау өз өлөндерінде ерекше стилистикалық құрал ретінде пайдаланады.

Көмекші етістіктердің саны аз болғанымен, тілімізде орасан зор қызмет аткарады. Олардың көмегі арқылы мағыналары олқы, сөздерді үстіне нәзік семантикалық ренктер жамалады, үстемеленеді. Сондай-ак метафоралы тіркес жасауда да айрықша рөл анық байқалады.

Көмекші етістіктер баланып тұрған екі сөзге, сөйлемге түр беріп, олардың метафоралық мәнін толықтыруда ерекше орын алады. Ауыз әдебиетінде болсын, жазба әдебиетінде болсын бұл метафораның көп кездесетін түрі.

*Бұла боп басты ордада өскен едім,  
Жасымнан халық қамын жескен едім.  
Жиырма ұлдың көкжап тұган кенжесі едім,  
Басқурау мәселесін шешкен едім.*

Жүйрікпен желдей жүйткіп есken едім,  
Сынакқа камал бұзып түскен едім.  
Көп шығып қан майданда жекпе-жекке,  
Найзалаp жау өкпесін тескен едім.

Ақын тілінен келтірілген метафораның көмекші етістік көмегімен жасалған бұл түрі бірінші жақтан айтылып, ақындық менді көрсетеді. Өлең жолдарынан ақынның үйіндегі кішісі екенін, жас бола тұра, үлкен іске бас бола біletін, жастайынан ел қамын жеген нағыз ер азамат екенін көреміз. Кожаберген жырау метафоралы түзіліс жасай отырып, бірінші жақтан өзінің айналага, өмірге деген талпынысын, образды ойын билдіріп отырады. Ақын кай такырыпты жырламасын, метафораларды қиоyn тауып күйістыра алған. Кожаберген жырау поэзиясын жандандыра түсуге көмектескен деп толық айтуға болады. Оның накты контекске қосқан семантикалық үлесі де, түрлену жүйесі мен сипаттары да әр алуан екендігі ақын өлеңдерінен анық көрінеді. Метафораға негіз болған бұл сөздер көмекшілік қызметімен-ақ айрықша стилистикалық сипатта ие болып тұр.

### 2.3.2 Тенеудің сипаты

Көркем шығарма мазмұны мен пішінін ажарлап, оның эстетикалық әсерін қүшетуге қызмет ететін суретті сөздер үлгісіне тенеу жатады. «Қазақ тенеулері» атты енбек жазып, тенеулерді арнайы зерттеген ғалым Т.Қоңыров: «Тенеу категориясы бүкіл бейнелеу, көркемдеу тәсілдерінің ішіндегі ең бастысы, ең пәрмендісі. Бейнелеу тәсілдерінің барлығы да өз бастауын осы тенеуден алды. Сондыктan болса керек белгілі бір ұлттық әдебиеттің бейнелеу, көркемдеу жүйесі, оның көркемдік ойлауының ұлттық ерекшелігі бүкіл бедерімен, куллі бояуымен тенеу категориясынан айқын көрініп тұрады» [55, 36 б.], - дейді. Ал З.Қабдоловтың «Сөз өнерінде»: «Мұнда суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді», - дейді [50, 224 б.].

Әрбір тенеу мейлінше айқын, суретті және орнымен колданылғанда ғана құнды, көркем болмак. Тенеу мағынасы жағынан да, ой-сезімге әсері жағынан да суреттеліп отырған құбылысқа, жағдайға жанасымды болуға тиіс. Тенеу сөздерді де суреткер өзінің танымына, эстетикалық талғамына, авторлық идеясына сәйкес тандап колданады.

Жауынгер жырау жаудың сұсты, сүм келбетін көрсету үшін тенеуді орынды пайдалана білді. Қожаберген жырларының жаһұты саналатын «Елім-ай» жыры. Мұнда дауға түскен ата коңыс, туған жер үшін дал болған адад перзенттің жан айқайы ерекше тенеулермен беріледі. Сонын барлығын шымыр шумактар арқылы өзгеше, бөлек, үлгі жасап шеберлікпен ширықтыра бейнелейді.

Мылтықтың аузы жаман қара үңгірдей,  
Шегінді ел еріксіз шама келмей.  
Батыс, шығыс көршіден кару алып,  
Қалмақ сүм болды өзінше әүтиедей.

Жырау қазактардың бір сәтке артқа шегініс жасағанын, жаудың да қалыспастай мықты екенін анғартады.

Тасаттық беруге де мұршасы болмай,  
Шұбырды ел бет-бетіне үріккен қойдай.  
Қолданар жауға құрал аз бол,

Есіл жұрт ығып кетті-аяу, тозып бордай [3,8 б.],-дей келе тыныш жатқан елді бүйректен алған жауға төтеп бере алмай, үріккен койдай шошынып, жұрттың есі кетіп, тозып бара жатканын айтады. Шұбырып, сан-саққа шашылған қазак жұрттың үріккен койға тенейді. Қазак халкының сол сәттегі арман, тілегі суреттеледі:

Басында Сұлу тәбе мәжіліс құрған  
Таба алмай ақыл-айла көп киналған,

Бәрі де бір Алладан тілек етті,  
Қалса деп аман болып шыбындаі жсан [3, 71 б.].

Жырау халқының көз алдында құлдырап, шарасызданған күйін шебер көрсетеді. Өзі туып өскен жер жәннатының жыл өткен сайын көз алдында талан-таражға түсіп, басқаның билігіне көшкелі, одан кала берді, келімсектердің табанында тапталуы жыраудың жанына жай таптырмайды. Актабан шұбырынды оқиғасы тұсындағы қазак халқының нендей тірлікте күй кешкенін Кожабергеннен артық ешкім бізге жеткізе алған жок десек қате айтқандық емес. Себебі, жырдың өн бойында оның себептерін әрі карай терендетіп ашқан сайын ақын образы да құрделене, толыға түседі.

Жалпы, Кожаберген шығармаларында тенеулік сипатта колданылып тұрған сөздерді шартты тұрде бірнеше топқа бөліп карастыруға болады. Ойды дәл, накты, әсерлі жеткізу мақсатында алуан түрлі затка тән касиеттерді дәп басып, образды бейнеге айналдырады. Оның өзі оралымы орынды тіркес құрап тұрады [28, 89 б.]. Мәселен, адам харakterін дәл сомдау үшін билік еткен хандардың бірі Әбілмәмбет сұлтанды:

Әбілмәмбет *со.тқы.лдақ,*  
Ақ балықша борпылдак.  
Келіспейді ерлермен,

*Қабандарша* корсылдап, - деп сұлтанның ұнамсыз бейнесін жасауда *борпылдақ балыққа, қорсылдақ қабандарға* тенейді.

Келімсектердің табанында тапталуы жыраудың жанына жай таптырмайды. Заманына карап:

Байқап тұрсам заманға -  
Көрші елдер ұқсайды қабанға,  
Татулық жок, мейірім жок,  
Жау болды адам адамға.

Мінетін тым болмаса өгіз болмай,  
Азамат жаяу калды *ортан қолдай*.  
Шабуылдады сұм калмак,  
*Қасқыраша* шапшып құтырған.

Негізінен, жырау тілінде аң-кұска тенеу жиі кездесіп жатады. Оның да себебі анық секілді, себебі сол замандағы жағдай даланың тағыларындей жүйткіген, асау, құрау салдырмластай еді. Аң патшасы – арыстаннан бастап, корқак коянға дейін, оның арасында касқыр, қабан да жырау шығармаларында жарасымды ой желісін құрайды. *Қасқыр, қабан* бейнесі арқылы заман келбетін танытса, канша дегенмен *нар түйе мен арыстан* тегеурінді, алып, кайратты жануар болса да, кей сәтте дәрменсіз дейді.

Майданда *нар түйедей* бакырғанмен,  
Айбарлы арыстандай акырғанмен.  
Корғасын окты мылтықсыз күнін қаран,  
Ұрандал жұртты ұрыска шакырғанмен [3, 161 б.].

Тенеу сипатындағы енді бірқатар сөздер төрт түліктің мінез-қылышымен жымдастып беріледі. Мейлінше таныс, мейлінше жакын ұғымдар Кожабергеннің танғажайып зергерлігін жаңа бір қырынан камтиды. Төрт түлікке тән белгілерге қарай өлең өру бұрынғы да, кейінгі де сөз сүлейлерінде мол. Онда нар түйе де, ойнақшыған бота да, үріккен кой да бар. Оның әрқайсысы талауға түскен жерден опа таба алмай сенделген калың тобырдың алуан түрлі жай-күйін бедерлі тілмен жеткізуде маңызды рөл аткарады. Тарихпен байланыстырған да дұрыс. Яғни колында кару-жарағы жоқ казактың дәрменсіздігін көрсеткен. Казактын жаумен соғысадығы әлсіздігін жырлаған.

Жырау жау бойындағы ерекше серпілісті, соғыстың каншалықты ауыр түрде өтіп жатқанын, халыққа каншалықты ауыр тиіп жатқанын су, жанбыр, бұршак, боран т.б. секілді

аяусыз жауып, күннің ашық-жабығына қарамай тосыннан құяр жаңбырға, соғар бүршакка тенеп, табиғат құбылыстарына катысты тенеу сөздерді іріктең, талғампаздықпен пайдаланған.

Айналды зор шайқасқа ұрыс соны,  
Жаңбыриша жауып кетті қалмақ оғы...  
Бүршиақша корғасын оқ жаудырды олар,  
Қоярай қалған елді бірден жалмап.

Сүм қалмақ Үш жүз қанын *сұдаіш шашты*,  
Мылтығы көп болған сон күші асты [3, 54 б.].

Енді бірде, қамықкан көнілге медет табу үшін өткен жақсы да жайсан, бейбіт күнді еске алады, еш уақытта үміттің үзілмеуін тілейді. Қайранда өткен кездерді: жайнаған гулге, бәйшешекке, балғын сазанға, жарқылдаған алмасқа, жана өскен жас шөпке тенеиді. Мұнын астарында жап-жасыл болып жаңа бүршік жарып, жайқалып, өсіп-өніп келе жатқан елін корғар нағыз ер азamatқа артылған сенім жатыр.

Тенеулердің кен турде қолданылуы да заңды. Себебі тенеулер – халық шығармаларында ең көп жұмысалатын көріктеу құралдарының бірі. Жырдағы тенеулердің дені грамматикалық құрылымы жағынан караганда, *-дай*, *-тай*, *- тей*, *- дей*, *- дайын*, *- дейін* журнектары арқылы жасалған.

Жайнаған гүлдей тұрмыс ғайып болып,  
Дариға-ай, ойда жоқта болдық пакыр  
Сазандай балғын өскен балалары,  
Дүниe-жиһаз толы коралары.

Қолды боп жиған мұлкі ата жауға,  
Үш жүздің көп камыкты шоралары.  
Желкілдеп бәйшешектей катар өскен,  
Майданда кайрат қылышп көзге түскен.

Асынған кару-жағар көген көздер,  
Коршауды бұзып шыққай ерен күшпен.

Аман бол, ел камкоры жакындарым,  
*Атмастай* қан майданда жаркылдағын.

Жұрт камын естеріне ап, ескере жүр,  
Бақ конып, басылмасын каркындарын!  
Өртенге шықкан жаса шөптей,  
Еркелеп өскен ұлдарым,  
Дұшпандарға бас име,  
Құламасын тіккен туларын [3, 116 б.].

Ел камкоры болар жакындарын жаркылдаған алмасқа  
тенеп, азаттық жолында тер төгуге шақырады.

Кожаберген өлеңдеріндегі сындарлы ойға сымбаттылық  
дарытатын тенеу сөздер тобы табиғилығымен,  
тартымдылығымен ғана емес, тосындылығымен де өзгеше.

Адамның жас кезеңдері жөнінде толғаған философиялық  
мағынасы терен сап толғауында тенеу сөздер әрі үйқасым  
жағынан, әрі мәнді мазмұн тұрғысынан түйдектеле әсерлі  
колданысқа енген. Көkte қыран құстай самғаған, суға айдаған  
тозандай, от басардай болып ботадай ойнактаған жырау ғұмыры,  
енди бұлдыраған сағымға, көрген түске тенеледі. Мысалы:

Сыпырған томағасын қыран құстай,  
Самғауышы ем әр кияға кешкі тұрым  
Жасымда жігіт болдым бойдаксыған,  
Ботадай от басатын ойнакшыған  
Жылқының суға айдаған тозаңындаі,  
Ол дәурен табылмай тұр біздін маннан [10, 219 б.].

*Сағымдаі* кездейсокта бұлдыр қағып,  
Дариға-ай, кете бардың бізден жеріп

*Секілді қолаңтадай быксып жанбай,  
Жастық шақ қызығына қалдық қанбай...  
Оттің бе, есіл жастық көрген түстей,  
Әркімнің шабытында бір тоят бар,  
Жігіттік алғыр қыран құс секілді [3, 228 б.].*

Жастықтың кадірін картан тартканда сезініп, жігіттік шак жүйрік те болса тұлқі аларға жайы, қайраты болған алғыр қыран құс секілді дегенді айтады.

Әр халықтың өзін-өзі тануының бірден-бір құралы – тіл десек, ол халық тарихындағы дарынды тұлғалардың, әсіресе, өмірін сөзбен егіз деп қараған біртуар өнер иелерінің тапқыр да тағылымды, өрнекті орамдары арқылы байып, толығып, жетіліп отыратыны белгілі. Міне, осындай ойы терең қазына, ақылы дария сөз көсемі – Қожаберген жырау шығармашылығын зерделегендеге, бұл түйіннің растығына тағы да бір көз жеткізуге болады.

### 2.3.3. Қайталаудың берілуі

Лексикалық анафора мен эпифора – қайталама түрлерінің ішіндегі ең толымдысы, қызмет ауқымы орасан кен болып келетіні және әдеби тілдің стиль түрлерінің барлығына дерлік колданылатыны.

Ғылым Қ.Жұмалиев лексикалық анафора мен эпифора жайында: «Анафора – сөйлем басында бір сөздің немесе сөз тіркесінің қайталанып келуі. Өлең шығармаларда сөйлемнің әсерлілігін күшешту үшін белгілі бір сөз, сөз тіркесі, жол, тармак аяғында қайталанады да, эпифора деген атау алады», - деп жазған [52,135б.].

Анафоралық және эпифоралық қайталамаларды сөз колданудың онтайлы тәсілі ретінде қарастырған академик М. Серғалиев болды. “Сөйлем басында бір сөздің немесе сөз тіркесінің қайталанып келуі кездейсок құбылыс емес. Олар неше

рет кайталанып келсе де, тиісті стилистикалық қызмет атқарады. Осындағы анафоралық қайталамадағы сөздердің әркайсысының стилистикалық «жүгінің» салмағы біркелкі болып келе бермейді; әркайсысының өзіндік колданылу ерекшеліктері танылып отырады» [56,138 б.].

Жырау колданысындағы қайталамалар жырдың мазмұны мен мәнін ашып, айтпак болған ойын сан жакқа жікте, сонымен катар композициялық құрылымын айқындауда да ерекше орын алады. Өзі өмір сүріп жатқан кезеңнің өзгергендігін, бұзылғандығын көрсете барысында эпифора тәсілін жиі колданып отырған. Мысалы,

Бұл заман, кай-қай заман, бағзы заман,  
Болар ма баяғыдай тағы заман.

Немесе:

Бұл заман кай-қай заман - қасқыр заман,  
Көрші ел жок казактарға қас қылмаған.

Қайталуа аскак арман, бірде жауға жапкан қасқырдай, дала тағысындағы болып өрістейді. Жырау қайталамаларды колданғанда тыңдаушы назарын ерекше өзіне аударып алады да, кейін барып бірден заманын жырлай бастайды. Ол бүріннан аты анызға айналған Асан Қайғы, Бұқар жырау, Актамберді жырау секілді от ауызды, орақ тілді бабаларымыздын өлең өрнегімен ұксас болып келеді. Мысалы: Бұқар жыраудың «Ей-заман-ай, заман-ай», Асан Қайғының «Ұсар ма билер, ұсар ма?», Актамберді жыраудың «Бұлан да бұлан, бұлан сан» т.б. өлеңдері өзара мағыналас, көтерген такырыптары да бір.

Жалпы, кара өлең фольклорда ерекше өнер түрі ретінде танылған. Қазактың халық өлеңдерін белгілі бір ғылыми жүйеге түсіріп, оның функционалдық, такырыптық ерекшеліктерін сарапап, басқа елдердің өлең үлгілерімен салыстыра зерттеген ғалым Б.Уахатов кара өлеңнің сегіз түрлі ерекшеліктерін атайды. Оның ішінде: «... алтыншы – кара өлең ойын-сауық

ұстінде айтылатын болғандықтан, мұнда үлкен, күрделі мәселелер козғалмайды; жетінші - қара өлеңнің косалкы жолдары негізінен халықтың тұрмыс-тіршілігінен, әдет-ғұрып, жора-жосығынан туған түсініктерді арқау етіп, табиғат дүниесін суреттейді; сегізінші – қара өлең көпке мәлім ән әуенімен орындалады», - дейді [ 57,108 б].

Талап жесе әлсізді  
«Жауыз» демей не дейміз?  
Аулак жүрсе жұртынан  
«Бөлек» демей не дейміз

Езілгенді жусандай,  
«Былжыр» демей не дейміз?!  
Өзі ұкпаса кемдігін

«Нашар» демей не дейміз? дегенде, «не дейміз» деген сұрау мәнде кайталанып келген көмекші етістік ұйқастың үйлесімді болуына, тыңдаушының назарын аударуына, әрі өлеңнің терен мағына жасауына да қызмет етіп тұр. Яғни, сөз соңындағы кайталаулар ақын айтатын ойдың салмағын, сазын үстеп тұр.

Ән демекші, Қожабергеннің «Елім-ай» дастаны әнмен орындалатын жыр. Сондықтан да:

Каратаяудың басынан көш келеді,  
Жорғалар әр көш сайын бос келеді  
Атсызды аты барлар іlestірсе,

Құдайым ондай істі хош көреді,- деп жырлауының өзі белгілі бір ыргакка, ұйқасқа құрылып, жырау айтпақ болған ойды дәл, анық жеткізуге көмектеседі.

Академик Зәки Ахметов: «...өлеңде сөздін, дыбыстың кайталануы туралы айта келе, «олар сонымен бірге жазба поэзияда да кездеседі. Бірак ондай поэтикалық бейнелерде жасалатын өлең-өлшемдері одан әрі дыбыстық айшықтау немесе

ырғактық күрал ретінде кызмет етеді» [ 53. 138 6], - дейді.

Ақын өлөндөріндегі анафоралық, эпифоралық қайталаулар өз кезегінде шығарманың идеялық мазмұнына, интонациясына әсер етеді. Мәселен, еліне қорған болған батырларын, сарбаздарын елін, жерін аянбай қорғауға шакырыған жырау «Елім-айдын» бастауынан-ақ эпифораны қолданған.

Ассалаумағалейкүм, сардарларым,  
Жұрт үшін ерлік еткен дегдарларым.  
Кенесіп дүшпандардан ел корғандар,  
Кетпесін жау колында мал-жандарын.

Немесе:

Ассалаумағалейкүм, сардарларым,  
Болашақ көпке тұтқан манғаздарым.  
Бабаннан Қожаберген уағыз тыңдал,  
Жырымнан жағдайды ұқ, сарбаздарым,

- деп, сарбаздарға күш-куат беріп, рухтандырады. Халқын бірлікке, ізгілікке, қазак деген халықты құрметтеуге үндейді. Осы шумақта ақын айтатын ойын бекітіп, тұрактандыра түседі. Өлеңнің соңғы тармактарындағы «сардарларым», «манғаздарым» ақынның ойына ырғак үстеп тұр. Жыраудың «Білерсін» атты өлеңінде:

Көсемдердің қадірін,  
Ел тозғанда білерсің.  
Шешендердің қадірін,  
Дау алғанда білерсің.

Сардарлықтың қадірін,  
Қол баскарсан білерсің.  
Тұлпардың қадірін,  
Қамалға шапсан білерсің... [2, 236 б.]

«Кадірін, білерсін» сезін эпифора түрінде алған автор барлық түйінді себепті осы сөздерге «байлап» койған, әрі жырау

өз әсерін қүшейту мақсатында негізгі ойын тыңдаушы назарына салу үшін колданған.

Негізінде, жырау дастандарында анафора ретінде жеке әріпті (дыбыс) да еркін пайдаланған. «Елім-ай» жырында қ әріпі ерекше колданыска ие болса, «Үш би» атты еленде ж әріпі ерекше сипатқа ие. Бұл аллитерацияның да мысалы болатынын білсек те, кайталаудың да бір ұтымды түрі екендігі даусыз. Мысалы:

Женіс жок соғыстарда шабандарға,  
Жағдай жок тағат қылып амалдарға,  
Женіске жету үшін қайрат қылып, - деген өлең  
жолдарындағы ж әріптерінде үйлесімділікпен  
пайдаланған.

Қара жер боздактарды жұтып жатты,  
Қызы алып, қызы берісіп, құда болып,  
Қалмакка төре, кожа жүртты сатты [3, 66 б.], - дей  
отыра сүм соғыстың казакқа жаман батқандығын, қалмак пен  
казак арасындағы алауыздықты көрсетеді.  
Немесе:

Құдаға Қазақ, Ноғай жарамай ма,  
Қыздары төреге жар бола алмай ма?  
Қыздарын Кожа, Төре ала алмай ма? - деген өлең  
жолдары арқылы кайталау жасаса, келесі бір жағынан жарамай  
ма? алмай ма? сұрап мәнде риторикалық сұрауды шебер  
пайдаланған. Қазақ елінің сол бір киын-қыстау сэтте ішерге асы  
болмай, азапты өткен күндерін төмендегідей өлең жолдары  
арқылы суреттейді:

Заманды құлдырар деп ойда бар ма?  
Семірткен серке менен қой да бар ма?  
Аштыққа ұрынбауға сактық қылып,  
Жасырған азық-тұлік, қойма бар ма?

Жасалған лайыкты кора да бар ма?  
Қыс-кәже, жазда-қымыз,  
Байғұстар күн көрерлік орда бар ма?

Сонымен катар, «қайда?» сұрау есімдігін жиі пайдалана отырып, автор халқының көніл-күйін, хал-ахуалын көрсетеді:

Уа, жұртым, сол бір жаксы күйін қайда?  
Жаз болды тіккен, кане, үйін қайда?  
Ақ үйлі ауылдардың көркі қайда?  
Жинаған асыл жиһаз, мұлкі қайда? [4, 43 б.] - дейді.

Кожаберген жырау поэзиясының көркемдік ерекшелігін талдай келе, ақынның тілдегі көркемдегіш құралдарды шебер пайдалана білуі, метафора, тенеу, эпитет, анафора, эпифора секілді образдық-бейнелі сөздердің өзара үндесіп, дүниетанымдық негіздерге орайласа келуінін нәтижесінде ақын өлеңдерінің көркемдік сипатының арта түсестіндігі түжырымдалды. Осынау образдылық, бейнелілік жүйесінде сөз құбылту, қайталу, сөз мағынасын ашу секілді амал-тәсілдердің сөздердің сымбат-көркін ашудағы алатын орны белгіленген.

Екінші бөлімді көртіндылайтын болсақ, жыраудың тілдік тұлғасы, көркемдігі жағынан болсын, әрқайсысы өзінше өрнекті, өзінше дара. Тіл білімі деңгендегі ойға оралатын лексика, грамматика, әдебиет салаларына да жемісті енбек еткен. Етістік болсын, зат есім болсын, кос сөздерді, тұракты тіркестер, дисфемизм, кару-жарап атаулары, антоним, синоним сөздерді молынан колданған. Олардың өзін орайластырып, киюластырып, өзінің нақты ойын дәл, анық, айқын жеткізу үшін тамаша колданған. Елді-мекенді, не адамдарды, олардың іс-әрекет, кимылға қатысты сыр-сипатын, халқының куанышы мен мұнын, барлық «қасиетін» етістіктің түрлі формалары арқылы берді. Айттар болсақ *едім*, *дел*, есімшешін *-ар*, ер жұрнағы зат есімнің I жакта тәуелденіп барып жалғанатын *-ым*, *-ім*

жалғаулары, көсемшениң -ып,-іп,-п түрінде келуі. Көнерген сөздер, ономастикалық атаула, араб-прасы тілдерінен енген сөздер, топонимикалық атаулар өз алдына. Ерекше лексикамен жасалған өлең ұлгілері де талданды. Түрлі салыстырулар, эпитет, метафора, кайталау түрлері, арнау сиякты тілдік-көркемдік құралдар шеберлікпен киуласып жатыр. Қожаберген – қазак әдебиетінде өзіне дейінгі жыраулық дәстүрді ақындық өнермен ұштастырыған, көркем сөздегі жалпылыкты нактылыкка бейімдеген, жана жол тапқан суреткер. Ол – әмір шындығын көркем шындыққа айналдыруда жана жол тапқан казак сезінің құдіретін кисынды орамдармен байыткан туындыгер. Халқының касиеті мен құдіретін, мереі мен мұнын, асылы мен жасығын жарыстыра, жалғастыра, салғастыра, салғастыра отырып өткеннің өнегесін өлшем етіп ұстанған, өз бүгінінің баянсыз бейнесінен ой түйіп, келешегінің көмескі боларын алыстан андаған ақын сезімінің ақиқатка айналуы - кеменгер көрегенділігінің куәсі.

## Қорытынды

Кожаберген жырау бүкіл ғұмырын, өмір сүрген ортасын өлеңмен өрнектей білген жан. Өмірден өрбіген шындықтарды көніл көрінісінде корытып, жүректен қозғап, шынайы жеткізеді. Ен алдымен, жыраулығы өмірімен өзектесіп жатыр. Жырлары арқылы қалың жұрттың жүргегіне жол тауып, халқымен бірге отқа да қүйіп, суға түскен жырау. Сол өлеңдерінің арқасында оны манызды құралға айналдырып, елдін санасын оятып, халқина демеу, жігер беріп, қайраттандырып, намыстарын жасытпай, өзінің де, өзгениң де жоғын жоктап, мерейін асырған. Осындай ак ниет, таза сезім Кожаберген өлеңдерінің өміршендігіне тірек болған.

Жырларымен өз заманының шежіресіне айналып, киын-кыстау кезенде қайғылы халқын уатып, рухани дем берген Кожаберген Толыбайсыншыұлы мұрасының өлмесі анық. Кожаберген жырларының құдіреті, көркемдік қуаты, тілінің өзінше ерекше, бай болуымен бірге, сол кездегі, яғни өзі ғұмыр кешкен бір ғасырға жуық аралығында болған заман бейнесін бар болмысымен ұрпағына жеткізіп, тарихты ұмыттыруға жол бермеген шыншылдығында деп ойлаймын. Сондыктан XYII ғасырдағы зобалаң тарихты бір ғана «Елім-ай» дастанына сыйдырып, ұлттың әнұранына айналдыра білген өнер құдіретін мойындармадаған қазак жок. Тіл, тарих жайлы жазылған «Баба тіл» дастанының өзі бір тәбе. Жырау шығармаларында адамзаттық мәселелерді, адами-имандық жайттарды, жастық пен достық сырларын, игілік пен ізгілік мұраттарын жырлайды.

Асылы, Кожаберген жырау мұрасы, онда көрініс табатын түрлі тілдік қолданыстар «өлім мен өмір», «атамекен», «ерлік, батырлық», «Алла» секілді концептілік сипат алады. Ұлттың тағдыры, тілдің тағдыры, жастық, кәрілік сипаттар, уағызға, насиҳатқа толы өлең үлгілері нағыз шеберлік пен шешендіктің көрінісі. Өмір өнегесін, заман келбетін, уақыт бедерін шынайы шабытпен жырлауы, тіл шеберлігін жарқырата көрсетуі, ен негізгісі, қазак өлеңін өзіндік өзгешеліктеріне сай сыр-сипаттарымен жеткізуі – ақындық мұраттақа адалдық, талант

табиғатына тән күбылыштардың бірі. Ақын қолтаңбасынан қоғам, кезең көріністері, өмір-уақыттынысы айқын анғарылады. Көркемдік тәсілдерді орайын тауып қолданады.

Кожаберген шығармаларының сипаты оның өзіне тән өлең өрнегін, мазмұн терендігін, тіл құнарын еркін танытатын сөз әлемінен құралады. Ақын шығармалары – бір ғана кезеңнің, өзі өмір сүрген ортаның, айнасы емес, олар заманалық мәселелерді жалпыадамзаттық құндылықтар биігінен қозғаған қазыналы ойдың көркем өнерденгейіне көтерілген сөз үлгілері. Философиялық байлам-түйіндерін жеткізуде Кожабергенді өзіне дейінгі әдебиет өкілдерінен бөлекtekеп тұратын бір қыры – «өмір мен өлім», «атамекен», «ерлік, батырлық», «Аллаға» катысты салмакты, өзгеше бөлек модельдермен беруі.

Кожаберген ақынның тіл казынасындағы карапайым сөздердің өзінен жаңа дүниені туғыза алған суреткерлік талғампаздығын айту қажет. Жырау өлеңдерінің тілінде казактың сөз байлығының мейлінше ойдың дәлдігін, терендігін танытуда сараланып қолданылғаны аян. Ойды әсемдең, өрнектеп жеткізудің көркемдік құралдарын – күбылту тәсілін қолдануда Кожабергеннің ақындық шеберлігі одан сайын ашыла түседі. Оның жырларында сөз сұлулықтың символынан гөрі шындықтың шынайы бейнесіне қызмет етуге бейім. Бұл – ақынның өнерді өмірге жақындана түскендейгінің көрінісі.

Ақынның өлең өрнектерінен – өткен тарихымыздың бел-белестері, батыр бабаларымыздың, елбасылар мен қолбасылардың өмірі мен өнегесі, кеңінен көрініс береді. Сол арқылы үлт мұратына адалдық, өмірге құштарлық, өнерге сүйіспеншілік сезімі терең танылады. Кез келген суреткер шығармашылық иесі ретінде өзінің көркемдік танымы мен шеберлігін, дарын қуатын жұмсау арқылы бейнелі, тын дүниелер жасауға ұмтылады. Ондай туындылардың, ендеше, халық жадында қалатыны ақиқат.

Бұқар, Ақтамберді, Доспамбет секілді өз заманының күрдастары болғанда Кожабергеннің де есімі катар айтылуы тиіс. Кожаберген жыраудың әлі де болса жарыққа шықпай, мұрағатта шан басып жатқан өлең-толғауларын зерттеп, зерделесек нұр үстіне нұр болар еді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 384 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Жоғары оку орындарының студенттеріне арналған. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
3. Күмісбаев Ә. Терен тармырлар. – Алматы: Ғылым, 1994. – 320 б.
4. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті.– Астана: Ана тілі, 1991. – 264 б.
5. Жанұзаков Т. Қазак тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
6. Дауылпаз баба – Қожаберген жырау (шығармалар жинағы мен зерттеулер). – Алматы: Мектеп, 2011. – 464 б.
7. Әбуталиев Н. Елім-ай – елдің зары // Шалқар. – 1990. №32. 10 – б.
8. Сулейменов Ж. М. Қозыбаев зерттеуіндегі Қожаберген жырау / Мәдени мұра. –2013. №5. 38–б.
9. Жақсыбай С., Ескали Ә. «Елім-ай!» деп өткен есіл ер / Егемен Қазакстан. – 2013. №155. 12 – б.
10. Қожаберген жырау. Елім-ай. – Петропавл: Полиграфия, 2000. – 140 б.
11. Қазак ССР қысқаша энциклопедиясы 4 т. – Алматы, 1989. –360 б.
12. Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Толағай групп, 2010. – 496 б.
13. Қожаберген жырау: өлеңдер, толғаулар, дастандар. (Құраст. С. Жұмабаев, Қ. Биғожин). – Алматы: Жас Улан и К, 2007. – 272 б.
14. Тұрғараев Б. Қаһарлы жылдардағы Қожаберген жырау / Туркістан. – 2013. №7. 12 – б.
15. Нұрдәuletова Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі Ф.ғ. докторы ғылыми

- дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2008  
320 б.
16. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка /  
Известия РАН серия литературы и языка. –1993. №1, 9 – с.
  17. Маслова В.А. Лингвокультурология. – Москва:  
Академия, 2001. –203 с.
  18. Жиренов С. XV-XIX ғғ. жыраулар поэзиясындағы  
«өмір-өлім» концептісін танымдық табиғаты. Кандид. диссерт.  
авторефераты. – Алматы, 2007. – 26 б.
  19. Шал ақын. Өлеңдер. Зерттеу деректер. – Алматы:  
Арыс, 2003. – 200 б.
  20. Қожаберген жырау. Таңдамалы шығармалары.–  
Петропавл: Облыстық баспахана, 2003. –288 б.
  21. В.Н.Топоров. Судьба и случаи. /Понятие судьбы в  
контексте разных культур. – Москва: Наука, 2010. – 320 с.
  22. Арутюнова Н.Д. Истина и судьба. –Москва: Наука,  
2009. – 320 с.
  23. Стрелков В.И. Смерть и судьба. –Москва: Наука,  
2002. – 320 с.
  24. Шәріпов А. Казак поэзиясындағы ұлттық идеяның  
көркем бейнеленуі. Ф.ғ.д. авторефераты. – Алматы, 2001. – 24  
бет.
  25. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. –  
Алматы: Ғылым, 2007. – 272 б.
  26. Қарабиық О. Ислам діні. – Алматы: Euro Print,2009. –  
320 б.
  27. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш:Зерттеу мен  
өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
  28. Раев Қ.М. Дулат Бабатайұлы шығармаларының  
поэтикасы. Ф.ғ.к. дәрежесін алу үшін. – Алматы, 2002. – 131 б.
  29. Жанұзаков Т. Қазак ономастикасы. Атаулар сыры. –  
Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.
  30. Арабша-казакша түсіндірме сөздік (Құрастырған  
Ондасынов Н). –Алматы: Қазақстан, 2010. – 130 б.

31. Ә.Қайдар Қазак тілінің өзекті мәселелері:Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі,1998. – 304 б.
32. Бес ғасыр жырлайды XY ғ. XX ғ. бас кезіне дейінгі казак ақын-жырауларының шығармалары 2 т. – Алматы: Жазушы,1989. – 496 б.
33. Советова З. «Қобыланды батыр» жырының лексикасы Фил.ғыл.канд.авторефераты. Алматы, 2006. –24 б.
34. Қазақтың дәстүрлі кару-жарагының этнографиясы. – Алматы: Алматықітап,2006. – 216 б.
35. Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты. – Алматы: Казакстан,1998. – 80 б.
36. Араб-парсы сөздігі. – Алматы: Қазақстан, 2011. – 350 б.
37. Серғалиев М. Қөркем әдебиет тілі: Монографиялар. Макалалар.Баяндамалар.–Астана:Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 369 б.
38. Болғанбаев Ә. Қазак тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс,2005. – 720 б.
39. Нұрдәuletова Б. XY-XVIII ғ. Маңғыстау ақын-жырау шығармаларының тілдік ерекшеліктері. Фил. ғыл. канд. дисс.Алматы,2000. – 24 б.
40. Коныратбаева Ж. XX ғасыр басындағы казак прозасы тіліндегі фразеологизмдер.Оку құралы. – Алматы: Арыс,2005. – 166 б.
41. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы:Санат,1994. – 190 б.
42. Авакова Р. Фразеология теориясы.–Алматы:Қазак университеті,2009. – 292 б.
43. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы:Арыс,2004. – 208 б.
44. Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. – Алматы: Ғылым,1998. –183 б.
45. Болғанбайұлы Ә, Калиұлы Ғ. Қазіргі казак тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, Санат,1997. – 256 б.

46. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. – Алматы, Арыс, 2008. – 200 б.
47. Әбдірахманова Т. Қасым Аманжолов поэзиясының поэтикасы. Фил.ғыл.канд.дисс.Алматы, 2009.– 24 б.
48. Ыскаков А. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы: Ана тілі,1991. –350 б.
49. Құндакбаева Л. Т.Ізділеуұлы шығармаларының тілі Фил.ғыл.канд.дисс.авторефераты. – Алматы,2007. – 24 б.
50. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат,2007. – 360 б.
51. Ахметов З. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы, 1996. – 240 б.
52. Жұмалиев К. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері жөне Абай поэзиясының тілі. –Алматы:1960. – 250 б.
53. Ахметов З. Поэзия шыны–даналық. – Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.
54. Боранбаева Г.С. XY-XYШ ғ. қазақ поэзиясы тіліндегі фразеологизмдер. Алматы: Мектеп, 1997. –103 б.
55. Коныров Т. Қазақ тенеулері. – Алматы: Жазушы, 1975. – 330 б.
56. Серғалиев М. Стилистика негіздері: Окулық. Астана:Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ, 2006. – 273 б.
57. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік күршіліктері. – Алматы: Ғылым, 1970. – 320 б.
58. Байжанов И. Абыз, батыр Қожаберген жырау / Әділет. – 2013. №24. - 10 б.
59. Жартыбаев А. Орталық Казакстан топонимиясының өзекті мәселелері. – Алматы: КИЕ, 2009. – 288 б.
60. Кәкішев Т. Қожаберген жырау //Ана тілі. – 2013. №7. – 12 б.
61. Қозыбаев М. Тарих зердесі. 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 344 б.
62. Қозыбаев М. Тарих зердесі. 2-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 280 б.
63. Мажитаева Ш. Конгитивтік лингвистика: Оку-

әдістемелік күрал.– Қарағанды: ҚарМУ, 2008. –110 б.

64. Момынова Б. Қазак тіліндегі коғамдық-саяси лексика:әлеуметтік-бағалауыштық, сөзжасам. – Алматы: Қазак университеті, 2005. – 140 б.

65. Нұрдәuletова Б. Когнитивтік лингвистика. Окулық. Алматы: – Қазақстан Республикасы Жоғары оку орындарының кауымдастыры, 2011. – 312 б.

66. Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: калыптасты мен дамуы. Ғылыми монография. – Алматы: Аң Арыс, 2007. – 312 б.

67. Тұрғараев Б. Қаһарлы жылдардағы Қожаберген жырау //Әділет. – 2013. №25. – 10 б.

68. Тұрғараев Б. Жаздым «Жеті жарғыны» /Ана тілі. – 2013. №9. – 12 б.

69. Тасболатов А. Дауылпаз баба – Қожаберген //Егемен Қазакстан. –2013. №9. 10 – б.

70. Шәріп Н. Атакты жырау тарихтан өз орнын алуы тиіс // Қазақстан-Заман. – 2013.№10. – 8 б.

## **Мазмұны**

Кіріспе.....	3
1 Кожаберген жырау шығармаларының зерттелуі және концептуалдық сипаты.....	4
1.1 Кожаберген жырау дастандарының зерттелу тарихы.....	4
1.2 Кожаберген жырау шығармаларының ұлттық-тәнімдік ерекшелігін аныктайтын концептілер.....	32
1.2.1 «Өмір-өлім» макроконцептісі.....	32
1.2.2 «Дәурен» концептісі.....	40
1.2.3 «Заман» концептісі.....	44
1.2.4 «Атамекен» концептісі.....	54
1.2.5 «Ерлік, батырлық» концептісі.....	62
1.2.6 «Алла» концептісі.....	69
2 Жырау шығармаларының лексика-стильдік ерекшелігі.....	78
2.1 Кожаберген жырау шығармаларының лексика-семантикалық жүйесі.....	78
2.1.1 Жырау тіліндегі ономастикалық атаулар.....	78
2.1.2 Жырау шығармаларындағы қару-жарап атаулары.....	94
2.1.3 Қөнерген сөздер мен дисфемизмдердің колданысы. ....	99
2.1.4 Тұракты тіркестердің ұлттық-мәдени көрінісі.....	105
2.1.5 Антоним және синоним катарларының берілуі.....	113
2.2 Жырау шығармаларының грамматикалық құрылымы.....	119
2.3 Кожаберген жырау шығармаларындағы құбылту түрлері.....	132
2.3.1 Эпитет пен метафораның колданылу ерекшелігі .....	132
2.3.2 Тенеудін сипаты .....	139
2.3.3. Қайталаудың берілуі.....	145
Корытынды.....	152
Пайдаланылған әдебиет.....	154

Подписано в печать 2018 г.  
Формат 60×90 1/16. Гарнитура Times.  
Тираж 500 экз. Заказ № 197.  
Отпечатано в ТОО «Полиграфия СК»,  
ул. Конституции Казахстана, 11.

*заря  
когда* 1200р

ОУНБ Петропавловск



0050 2603